

ӘТЕМОВА Қ.Т., СӘРСЕНОВА Ж.Ұ.

**ОТБАСЫ
САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІНІҢ
ҚЫЗ ТӘРБИЕСІНДЕГІ РӨЛІ**

Оқу құралы

Шымкент, 2018

ӘОЖ 37.018.1

КБЖ 74.90

Ә 78

Оқу құралы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Сенатында қаралып, мақұлданған. (Хаттама №6, «22» 06. 2018 ж.)

Пікір білдіргендер:

Алметов Н.Ш.

– педагогика ғылымдарының докторы, профессор

Рысбекова А.Қ.

– педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Әтемова Қ.Т., Сәрсенова Ж.Ұ.

Ә 78 Отбасы салт-дәстүрлерінің қыз тәрбиесіндегі рөлі. Оқу құралы.

– Шымкент: «Әлем» баспаханасы, 2018. - 96 бет.

ISBN 978-9965-677-31-1

Оқу құралында қазақ халқының отбасылық салт-дәстүрлері мен оның қыз тәрбиесімен байланысы баяндалады. Сонымен қатар, қыз балаларды болашақ отбасылық өмірге даярлауда отбасылық дәстүрлердің рөлі мен оның тәрбиелік мәні ашып түсіндіріледі. Отбасы дәстүрлерін сақтаудың қыз тәрбиесіндегі маңыздылығы этнопедагогикалық материалдар негізінде баяндалып, ұлттық құндылықтарымыздың бүгінгі күні де қыздар тәрбиесінде пайдалану мүмкіндігі мен қажеттілігі сипатталады.

Ұсынылып отырған оқу құралы «Түркі халықтарының қыз балаларды ұлттық құндылықтар негізінде болашақ отбасылық өмірге даярлау дәстүрлері» атты ғылыми жоба аясында орындалды.

Оқу құралы педагогикалық бағыттағы жоғары оқу орындарының студенттері мен магистранттарына, мектеп мұғалімдері мен ата-аналарға және көпшілік оқырман қауымға арналады

ӘОЖ 37.018.1

КБЖ 74.90

ISBN 978-9965-677-31-1

© Әтемова Қ.Т., Сәрсенова Ж.Ұ., 2018

© «Әлем» баспаханасы, 2018

КІРІСПЕ

Отбасы - тәрбие бастауы, ұрпақ тәрбиесінің негізгі мектебі. Ал қыз тәрбиесі сол отбасының, ұлттың болашағы, абыройы. Сондықтан, қыз тәрбиесіне қазақ халқы үлкен мән беріп, ауыл, ел, ру болып кіріскен. Қыз тәрбиесі үлкен жауапкершілікті қажет еткен.

Қазақта отбасының беріктігі мен тәрбиесі ең алдымен әйел баласының болмысымен тікелей байланысты түсіндіріледі. Сондықтан, қазақ халқында қыз балаларды тәрбиелеудің өзіндік ерекшелігі бар. Бұл дәстүрлерді білу мен тәрбиеде ескеру әсіресе бүгінгі қоғамдық жағдайда ерекше қажеттілік туғызып отыр. Осы тұста Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстан-2050» стратегиялық бағдарламасында отбасының тірегі болған әйел балалары, соның ішінде қыз баласының тәрбиесіне ерекше көңіл бөлу қажет екендігін ерекше атап көрсете отырып: «Біз қыздарымызға ертеңгі жар, ана деп қарап, тәрбиелеуіміз керек», - деп айтқан болатын. Осылай атап өтуі арқылы бүгінгі қоғамдағы қыз балалардың тәрбиесін ұлттық дәстүрлерімізбен байланыстыра отырып, заман талабымен сабақтастырып қалыптыруды ата-аналар мен тәлімгерлерге міндеттейді.

Бүгінгі қоғамның дамуы қазақ отбасы тәрбиесінің өзгеріне түрткі болды. Қыз балаларымыздың болмысы мен психологиялық ойлау өрісі де ұлттық бағыттан алшақтап, еуропалық дәстүрді қабылдауға икемді болуда. Әйтсе де, бүгінгі күні ұлттық құндылықтарымыз бен дәстүрлеріміз заманауи тұрғыда қолданысқа түсіп, көпшілік сұранысына ие болып келеді. Ұлттығымызды жаңғырту мен дамытуымыз үшін отбасылық салт-дәстүрімізді қыздарымызға үйрету мен олар тәрбиесінде қолдану қажет.

Халқымыз: «Әйел күннің шуағынан жаралған» деп дәріптеген. Өйткені, әйел баласына тән қасиеттер нәзіктік пен мейірімділік, қамқорлық пен жылылық секілді сезімдерді қыздарымыздың бойына отбасынан сіңіруді керек етеді. Ата-ананың орнын өте жоғары бағалайтын асыл дінімізде: «Ата-ананың балаға бере алатын ең жақсы мұрасы – жақсы өнегелі тәрбиесі» делінген. Олай болса, бүгінгі күні біз отбасылық салт-дәстүрлерімізді қаншалықты білеміз және қыз тәрбиесінде қолданып жүрміз бе деген сұрақ төңірегінде ойланар болсақ, олқылықтардың өзімізден екенін түсінеміз.

Бүгінгі ата-аналар жұмысбастылықпен күні бойы күнкөріс қамымен жүріп балалар тәрбиесін назардан тыс қалдырады. «Қызым

үйде, қылығы түзде», - деп халқымызда айтылғандай қыз балаларының жүріс-тұрысы мен мінез-құлқының сырт көз бақылауы бойынша қалыптасқан болмысына бір мезгіл назар аударып, тәрбиесімен айналысуына көңіл бөле бермейді. Нәтижеде бүгінгі қоғамда орын алып отырған келеңсіз оқиғалар отбасы тәрбиесіндегі тәрбиенің олқылықтарының салдары. Сондықтан, әрбір отбасында ата-ана қыз балаларының үйдегі және түздегі әрекеті мен жүріс-тұрысынан хабардар болып, дұрыс тәрбие алуына мән беруі тиіс.

Сондықтан, ұсынылып отырған бұл оқу құралы отбасында өсіп келе жатқан қыз балаларын ұлттық дәстүр негізінде тәрбиелеуде әрбір ата-ана үшін пайдалы еңбек болады деп үміттенеміз.

1. ДӘСТҮРІМІЗДЕГІ ОТБАСЫН ҚҰРУҒА ДАЙЫНДЫҚ

Отбасы – мемлекеттің негізін құрайтын кіші бөлшегі. Мемлекеттің мықты болмағы отбасының саяси-әлеуметтік тұрғыдан мықтылығына тікелей байланысты. Сондықтан, әрбір отбасындағы тәрбие дәстүрлері онда тәрбиеленіп жатқан өскелең ұрпақтың ертеңгі мемлекет болашағына ықпал ететін азаматтарын қалыптастыру құралы болатынын ескергеніміз маңызды болмақ. Отбасы тәрбиесі жар таңдаудан басталмақ. Ал, ол үйленуге дайындықты керек етеді. Әйтсе де, бүгінгі жастардың үйленуінде тарихи дамуымыздан сақталып келе жатқан отбасын құру дәстүрлерінің салттары заман талабына сай өзгеріске ұшырап жаңарып, өзгеріп отырғандығы да бар. Соған қарамастан, қазақ халқында еш өзгертуге болмайтын үйлену талаптары бүгінге дейін сақталып келеді.

Қазақ халқында отбасын құрудағы іс-әрекеттер мен дайындық жұмыстары жалпылық, халықтық сипат алған. Олай дейтін себебіміз, ата - ана өз ұлының болашақ қалыңдығын ерте ойластырып, ұлының теңін іздеген. «Анасын көріп қызын ал» деген қағиданы қатаң ұстап, болашақ құдасын орынды жерден, жақсы кісілерден, аталы, іргелі ауылдан қарастырған. Тұқымында, тегінде ауруы бар отбасының қыздарына сөз салмаған. Өздеріне лайықты, құда болуға тұрарлық деп тапқан отбасыларының балаларына олардың бесікте жатқан кезінен-ақ, атастырған. Балалары тарапынан да қарсылық болмаған. Олар қашан да көпшілік шешімін дұрыс қабыл алған.

Қазақ халқындағы «Құдалық» деген сөздің өзі некелесудің бұл түрін тек ата, әке, аға не басқа туыстар еркіне байланысты, тіпті күйеу өз тізгінін өзі алған адам болған күннің өзінде, оның атынан сөйлейтін кісі тарапынан жүргізілетіндігін көрсетеді. Әр әке өзінің шама-шарқына, мүмкіндігінше өзіне теңдес адамды тандайтын. Алайда, құда болудың бірнеше жолы, тәртібі бар.

Қазақ қыздың түріне, сұлулығына емес, алдымен ақылына, тәлім- тәрбиесіне қараған. "Шешесін көріп қызын ал", "Қатын алма, қайын жұрт ал" деп көргенді жердің қызын алуға тырысқан. Сондықтан, қазақтар өздері араласып жүрген жерге құда түсіп, ұлдарын үйлендірген. Оған ұлдары тарапынан да қарсылық болмаған. Содан да болар қазақтарда "үйленіпті" дегенге қарағанда "пәленше баласын үйлендіріпті, қызын тұрмысқа беріпті" деген сөз тіркестері жиі қолданылады.

Әдетте, қызды бесіктегі кезінде немесе ол бойжете бастаған

кезде атастырған. Егер екі жақ балаларын бесікте жатқан кезінде атастырса, ұлдың ата-анасы қыздың бесігін кертiп белгi салған. Бұл ғұрып «бесiк кертпе» деп аталған. Өсе келе ол қыз «бесiк кертпе қыз» деп аталған. Егер қыз бой жете бастаған кезде атастырылса, оның құлағына жiгiт жағы сырға таққан. Бұл рәсiм «сырға салу», «сырға тағу» деп аталған.

Түркі халықтарының iшiнде, қазақ халқының да отбасылық дәстүрлерiнiң бастаулары отбасын құруға дайындықтан басталады. Себебi, отбасы тәрбиесi қалыңдықты таңдаудан бастау алатынын бiлген халқымыз оның шыққан тегiне аса мән берген.

Барлық түркі халықтарына тән дәстүрлердегi ортақ ұқсастықтарға қарамастан қазақ халқының өзiндiк ұлттық коды мен құндылықтары бар. Бүгiнгi жахандану жағдайында жастардың әлемдiк мәдениеттi меңгеруiмен қатар ұлттық дәстүрлердi қатаң сақтауында маңызды мән жатыр.

Түркі халықтарының iшiнде қазақ халқының үйлену дәстүрлерi едәуiр айырмашылық бередi. Оның басты ерекшелiгi жетi атаға дейiн үйленуге тыйым салынуында. Оның себебiн Әдiл Бек Қаба өзiнiң «Қаның таза ма, бауырым» деген мақаласында қазақтың әлемдегi ең қаны таза халық екендiгiн айта отырып, әрбiр рудың 500 жылдан кейiн ғана үйленуге рұқсат етiлетiндiгiне алып келетiнiн дәлелдейдi. Осы 500 жылдың iшiнде қанның тазаланатыны соншалық, оның құрамында о бастағы генетикалық-туыстық белгiлерден ештеме қалмайтынын айтады. Осылайша, қалыңдықтың денсаулығы мен туған туыстарында тұқым қуалайтын аурулардың болмауына көңiл бөлу нәтижесiнде қан тазалығын сақтау, ұрпақ салауаттылығын қамтамасыз етудi көздеген. Бұл ұрық тазалығын сақтаудан бөлек оның өзге де тиiмдi тұстары бар. Ол туралы ғалым Әдiл Бек Қаба қандас туыстық байланыстан қашудың үш негiзгi қажеттiлiгiн атап көрсетедi.

Оның бiрiншiсi, *генетикалық жағы*. Қазiргi ғалымдардың айтуынша, көптеген аурулар (су қараңғы, ақыл - есi кемiстiгi, жүрек, бүйрек, сүйек, қан тамыры т.б.) генетикалық жолмен тұқымнан тұқымға берiлiп отырады. Егер әлдебiр аталас, рулас өз iшiнен емес, сырттан қаны бөлекке үйленбесе, әлгi ру тұқым, қан арқылы берiлетiн ауру мен кемiстiктерден азып, жойылып, азғындап кетуi мүмкiн. Ал тұқымға келген жаңа “донор” яғни бөтен елден алған келiн қанды жақсы жағына өзгертiп, жаңартып отырады. Мұны қазақ ежелден бiлген. Сөйтiп, бөтен елден қыз алған.

Екіншісі, *медициналық жағғы* деп көрсетеді. Бұл бір кіндіктен туылған адамдар немесе аталас ағайындар қыз алысқанда олардан туған балалар ақыл - есі кем, сал болып туылуы мүмкін. Бұдан қашудың немесе алдын алудың бірден - бір жолы бөтен елден қыз алу. Кейбір халықтарда туысқан әпкелі сіңлілердің балалары бір біріне үйлене береді. Себебі, олардың жұбайлары бөтен болғандықтан, олардан туылған балалар да бір-біріне жат деп санайды. Әйтсе де, аналары жағынан олардың қаны жақын екендіктерін ескере бермейді. Медициналық тұрғыдан алғанда мұның дұрыс еместігін ата-бабаларымыз жақсы ескерген.

Үшіншісі, *ұлттың тұтастығы*, өзіндік ерекшелік белгісі, тұтастық жағы дейді. Оны дәлелдейтін мысал әлемде өзінің қаны бір бауыр екенін 500 жылға дейін жақсы білетін қазақтан басқа ешқандай ел жоқ дегенді айтады. Тіпті, жеті атаға дейін қан тазалығын сақтау түркі тектес халықтардың бәріне де тән емес. Сондықтан, қазақ халқы бөтен елден келген баланың руын сұрастыра келіп рулас болып келсе, қыздарына «сенің ағаң болады», «Сенің қарындасың болады» деп таныстырған. Мұндағысы, жастарға оларға үйленуге болмайтынын ескерткені, екінші жағынан бір-біріне ағалы қарындастай қамқорлық қарым-қатынасты орнатқаны.

Сондықтан да бүкіл бір ұлтты бір – біріне бауыр, ағайын етіп отырған да осы қазақтың керемет дәстүрі. Осы тұста жеті атаға толғаннан кейін руластардың үйленуіне бола ма деген сұрақтың туындауы орынды. Мұндай жағдайда, сол рулар жеті атаға толып кеткендігін есептеп, ара жігін ажыратып дәлелдеп беретін ауыл ақсақалдары болған. Олар Алланың алдындағы ақиқатын нақтылап есептеп, бүкіл рудың басын қосып қандай рулардың қыз алысуына болатынын дәлелдеп, ақ боз бие сойып, ресми түрде рұқсат еткен екен. Осылайша, жастарды болашақ отбасын құруға дайындағанда оның шыққан тегі мен руына мән беруді жастарға ескертіп, үйретіп отырған.

Сонымен қатар, қазақ халқында өз ауылдастары мен таныстарының қыздары онсыз да қарындастары секілді жақын тартып кететіндіктен, қалыңдықты өзге шалғай ауылдардан қарастырған. Бұл екінші жағынан ел мен елді, танымайтын алыс пен жақынды байланыстырып, таныстырып отырған.

2. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ДӘСТҮРІНДЕГІ ҚҰРСАҚ ТӘРБИЕСІ

Отбасы бақытының кілті ондағы балалардың болуы мен оларға жақсы тәлім-тәрбиенің берілуінде. Қазақ ғалымдарының этнопедагогикалық зерттеулері бойынша отбасы тәрбиесінің бастауын құрсақ тәрбиесінен бастағанмыз жөн болар. Қазіргі кезде алыс-жақын шетел ғалымдары баланы ананың құрсағында жатқанда тәрбиелеуге болады деген мәмілеге келіп отыр. Біздің ата-бабаларымыз бұл жаңалыққа ерте кезден ден қойып, отбасында ескеріп келген. Қазақ отбасындағы бала тәрбиесі ана құрсағынан басталып, адамды өмір бойы және оны о дүниеге шығарып салумен аяқталатын әдет-ғұрыптар мен салт - дәстүрлер негізінде үздіксіз жүргізіліп, іс-әрекеттер мен қарым-қатынастар арқылы жүзеге асырылады. Осылайша отбасында ұлттық тәрбие халқымыздың ғасырлар бойы жинақталған халықтық тәрбие дәстүрлері негізінде қалыптасып іске асқан.

Отандық ғалым С.Ғаббасов өзінің «Халық педагогикасының негіздері» деген тақырыптағы докторлық диссертациясында бала тәрбиесін ана құрсағынан бастау идеясын көтеріп, оны халқымыздың этнопедагогикалық дүниетанымына сай жүйелеген болатын. Ата - бабалар дәстүрін бүгінгі күні отбасы тәрбиесі жағдайында ескере отырып ұйымдастыру мәселесін педагог, әрі дәрігер - ғалым С.Ғаббасов құрсақ тәрбиесінің барысын баланың психологиялық-физиологиялық дамуы тұрғысында қарастырып, оның тәрбиелік мүмкіндіктерін ашып көрсетті. Ол баланың құрсақтағы тоғыз айы мен қырқынан шыққанша және үш айға дейінгі тәрбиесінде, бағып - қағудың анаға тиісті сыбағасының ерекше екендігін айта келіп, нәрестенің құрсақтағы тәрбиесін негізінен түйсіктік әсерді және кеңіл - күй сезімдерін пайдалану арқылы дүниеге келген алғашқы сәтінен бастап...аялы алақан, жағымды әуен, еміренген дыбыс, еркелеткен сөз, аналық мейірімнің алуан түрлі қозғалыстары, іс-қимылдарының бәрін де ананың өзінің тәрбие әдістеріне айналдыра алатынын айтады.

Сондай-ақ, ғалым ана нәрестемен тілдесу мүмкіндігіне де ие екендігін, анасының нәрестесімен тілдесуі құрсақтағы төрт айлық мерзімінен басталатынын мәлімдейді.

Ғалымның айтуы бойынша нәрестемен сырласуға да болады. Нәресте қырқынан шығып қарақұлақ тани бастаған кездерде, оған

арнайы ырғақ тауып өзінің ата-бабасы жайындағы ерекше аңыз сөздерді қысқаша айтуға болады. Бұл арқылы баланың зейініндегі ата - баба зердесін оятуға әсер етеміз, - дейді. Сәби қырқынан шыққан мезгілінде өзінің көңіл - күйін анық білдіре алады екен. Сондықтан, ол сырласуға бейім күйде тұрса ғана әңгімелескен жөн деп ой түйеді. Сондай-ақ, *ақыл тәрбиесі* ана құрсағындағы тәрбиенің нәтижесінде қалыптасатындығын айта отырып, бесік тәрбиесінің бала дамуындағы маңыздылығын, оған деген басқа да ғалымдардың теріс көзқарастарына өзінің физиологиялық, медициналық және педагогикалық тұжырымдарын айтады.

Ғалым С.Ғаббасов өзінің зерттеуінде ана құрсағындағы сәбидің сезу, есту, сыртқы әлемді қабылдауы мен оған өз реакциясын білдіруі және т.б. белгілерін орыс тілінен аудармай сол қалпында беру арқылы тіршіліктің деңгейін сипаттауға тырысқан. Онда ана құрсағындағы сәби төртінші айда –ақ, сезгіштік қабілетке ие болады деп тұжырымдалады. Ол ана құрсағында мағынасыз жүзіп жүрмейді, сыртқы әлеммен байланыста бола алады, бір нәрсе ұнамаса теріс айналып жатады, тіпті аяғымен тебеді деп түсіндіреді. Американдық мамандар өздерінің көпжылдық зерттеулеріне сүйене отырып, 4 айлық жүктіліктің нәтижесі бойынша мынадай тұжырым жасаған. Біз де сол тұжырымды қазақ тілінде беруді жөн көрдік:

1. Ана құрсағындағы сәби барлық балалар секілді ол да тәттіні ұнатады және дәм сезу қабілетіне ие болады. Мысалы, ана организміне глюкозаны егу балада сору қабілетін тездетеді, ал иодты шашу керісінше баяулатады және балада унатпау сезімін тудырады.

2. Құрсақтағы сәби сыртқы құбылыстарды сезеді. Ана ерніне тиген зат сәбиде сору әрекетін шақырады, ал, бес айлық сәби сырттан сипағанды сезіп басымен қозғалады. Егер ана қарнына суық су шашса сәби ашуланады немесе аяғымен тебеді.

3. Құрсақтағы сәби анасының сөзі мен көңіл-күйін қайталайды. Сонымен қатар, анасы ұйқтағанда ол да ұйқтайды, анасымен бірге оянады. Анасы жақсы көңіл күйде болып, шаршамаған болса, құрсақтағы сәби де өзін тың әрі жақсы сезінеді.

4. Құрсақтағы сәби үшін темекі тартудың қаншалықты зиянды екенін бәріміз жақсы білеміз. Егер анасы бұрын темекі тарқан болып, құмары тұтып сол туралы ойласа, құрсақтағы сәбидің жүрек қағысы жиілеп, сәбиге оттегі жетіспей қысыла бастайды.

5. Туылмаған сәби ана құрсағында жатып сөздерді, тіпті толық сөйлемдерді де есте сақтауы мүмкін. Мысалы, екі жасар қыздың

анасы оның «Дем жұтамыз, дем шығарамыз» деген сөздерді айтқанда таң қалады. Ол жүктілік кезінде «болашақ аналар» курсына барып жүргенде жиі еститін команда болатын. Немесе мынадай жағдай: Жүктілік кезінде Париж қаласындағы Американдық фирмада жұмыс істеп жүрген француз әйелінің екі жастағы қызы туылғаннан кейін ағылшын тілін жақсы түсінетін болған.

6. Құрсақтағы сәби әуенді жақсы естиді. Ол рок әуендерді ұнатпайды, классикалық әуендерді ұнатып қабылдайды. Ырғақты әуендерден ұйықтап қалады екен.

7. Ата-ананың ұрыс-жанжалы құрсақтағы сәбиге өте қауіпті. Отбасындағы айқай шу, ұрыс-керіс салдарынан құрсақтағы сәби өліп кетуі мүмкін.

8. Әлі туылмаған сәби ана құрсағында жатып ата-анасының дауысын естиді, олардың дауыс интонацияларына қарай ажыратады, көңіл күйін сезеді. Ата-анасының көңіл күйі жақсы болса, сәбидің жүрек қағысы қалыпты болады. Дәрігерлер болашақ аналарға құрсақтағы сәбилерімен жиі әңгімелесіп, көтеріңкі көңіл күй сыйлауын кеңес береді. Ондай сәбилер туылғаннан кейін байсалды әрі көп жыламайтын болады дейді.

9. Құрсақтағы сәби жарықты жақсы сезеді. Ана қарнына бағытталып түсірілген қатты жарықтан құрсақтағы сәби қашады және теріс бұрылып жатады екен.

10. Ана құрсағындағы сәби өзінің екі айлық кезеңінен бастап физикалық күш көрсету мен ауыр жарақаттарды жақсы сезінетін болады. Егер ана қарнына ауыр соққы тигенде құрсақтағы сәби тығылып, жан сақтауға кіріседі екен.

Міне, осылайша халқымыз жас келіндердің көңіл күйіне олардың жүктілік кезеңінде аса мән беріп, қаралы хабарларды естіртпей құрсақтағы сәбидің өміріне алаңдаушылық танытқан. Ауыр зат көтергізбей, қараңғылықта жалғыз далаға шығармай немесе жалғыз өзін қалдырмай сақтықпен күтім жасауы құрсақтағы сәбидің аман-есен жарық дүние есігін ашуға жағдай жасағандығы.

Құрсақ тәрбиесі қазақ халқында әйелдің жүкті кезінде басталып, оған ерекше қамқорлық жасалған. Оның сүйген «жерік асын» тауып беріп, жүкті әйелге ауыр жүк көтертпей, оның көңіл - күйін жоғары ұстап, түрлі тұрмыстық әдет - ғұрыптарды жасаумен байланыстырылады. Осылайша қамқорлық жасаудың арқасында бала құрсақта өте жақсы әрі қалыпты өсетінін, айы - күні жетіп уақытысымен дүниеге келетінін халықтық медицинамыз жақсы

білген. Халқымыз құрсақта жақсы тәрбие алған бала кейін ақылды, сұлу, сымбатты, жақсы азамат болып өседі деп ой түйген. Сондықтан, қыздар мен келешек аналар құрсақ тәрбиесіне де көңіл бөлулері керек. Көптеген зерттеулер көрсетіп отырғандай, қазақ халқында баланы тәрбиелеуде отбасы басты рөлді атқарғандықтан, оның негізі болып табылатын ұлттық салт – дәстүрлерімізді білгеніміз және тәрбиеде пайдаланғанымыз жөн.

Шындығына келгенде тұңғышына аяғы ауырлаған жас келіншек ана болатынын білгенімен, шынайы мәніндегі жүрек елжіретер аналық сезімді әлі түсінбейді. Бірақ оның бүкіл болмысында өзгерістер жүріп жатады. Жас болашақ ананың бойына бала бітпей тұрғандағы қалпы, айналаны қабылдауы енді басқаша ағысқа түсе бастайды. Өзінен-өзі мазасызданып, болмашы нәрсеге ренжіп, болар-болмасқа тарылып, әр нәрседен секемденіп, бұрын өзіне тән емес күй кешу пайда болады. Неге десеңіз, алдында не күтіп тұрғанын шамалап болжаса да, болмай қоймайтынын шындықпен бетпе-бет келгенде қал-жағдайының қандай күй кешерін білмейді. Белгісіз бір бұлыңғыр дүние. Ал белгісіздік қашанда құпиялы, тіпті қорқынышты. Өйткені өмірге адам әкелу – әлемдегі ең ауыр, ең қасиетті құбылыс. Сол үшін әжелеріміз: «Екі қабат әйелдің бір аяғы жерде, бір аяғы көрде», - деп, ана болу бақытының қасында толып жатқан қауіп-қатердің бар екенін айтады. Ұғымды ежелер өтпелі кезеңді жақсы түсінеді, түсінгендіктен келін мінезіндегі құбылып тұрған көрініске, аумалы-төкпелі жай-күйіне кешіріммен, жанашырлықпен қарап, бауырына тарта мейірім көрсетеді, мезгілімен тынығуға жағдай жасайды. Оның көңіл күйін түсірмейге тырысады.

Аяғы ауыр әйел ашық-жарқын жайдары болса, көңіл күйі көтеріңкі жүрсе, толғағы жеңіл, аман-сау босанады, бала ерте күліп, жақсы ширайды дейді. Ұрпағының қамын өмірге келмей жатып ойлаған ақылды ене ауыл жастарын шақырып, «келін көңілі» деп аталатын әдемі бас қосуды жасап береді. Жастар жүрген жер көңілсіз болушы ма еді, күмбірлетіп күй шертіп, ән шырқап, қызық ойындар ойнап, жарасымды әзіл-қалжыңмен болашақ ананың көңілін көтереді, жан дүниесін сергітеді. Жанашар жақындар, құрбы-құрдас теңтұстар арақидік өздері де «келін көңілін» жалғастырып, сауық құрады. Қазіргі ғылыми-зерттеу тәжірибелері жағымды сезімде жүретін ананың баласы мейірімді, сезімтал, кісіге жақын үйірсек болатынын дәлелдеп отыр. Ал әжелеріміз мұның бәрін оқымай-ақ, табиғи тектілігі арқылы баяғыда-ақ білген.

Ененің баса назар аударып қадағалайтын бір қамқор ісі – келіннің уақытымен дұрыс тамақтануы. Асты аз ішсе, баланың өсуі тежеледі, көп қабылдаса, бала тым толып, кейін босанарда қиындық туындайды, бұл ана мен баланың өміріне қауіпті. Сондықтан сиырдың, қойдың майлы еттерін шектеп, есесіне, нәрлі, дәмді тағамдарды, әсіресе сүт қосылған астарды, сүт өнімдерін молынан ішкізген. Баланың сүйегі шымыр, мықты болсын деп қызыл ірімшік жегізіп, аракідік сағыз шайнатады екен. Ертедегі сағыздардың ешқандай химиялық қоспасы жоқ, таза өсімдіктерден алынатын қарағайсағыз, құмсағыз, жерсағыз секілді табиғи түрлері болған. Сонымен бірге сәбидің көру, есту қабілеті жақсы жетілсін деп әрі келіннің тамағы бойына сіңсін деп рауғаш, жуа, қымыздық, саумалдық, түйетабан сияқты өсімдіктерді, қарақат, бүлдірген, мойыл, таңқурай, жидек секілді жемістерді мүмкіндігінше жегізуге тырысқан. Келіннің өзін күтіп таза жүруіне үлкен көңіл бөлінген. Киікоты, көкмарал, жалбыз, шайшөп, жұпар сияқты хош иісті шөптерді пайдаланып жуынуға үйреткен. Ұқыпты ене, егер келіні қысқа қарай босанатын болса, жоғарыдағы шөптерді жазда көлеңкеде құрғатып кептіріп, дайындап алып қоятын болған. Сол секілді емдік қасиеті бар арша, адыраспан сияқты өсімдіктерді үйге түтіндетіп, іштегі баланың тыныс мүшелерінің сезімтал болуына әсер еткен. «Балаға жағымсыз кесірі тиеді», - деп келіншектің тіс тазалығына да көңіл бөлген. Таңертеңгілік және жатарда тұзды сумен немесе жоғарыда аталған хош иісті шөптердің қайнатпа тұнбасымен аузын шайқатқан.

Үлкен кісілер немере көруді аңсап күтумен бірге нәрестенің аман-есен өмірге келуіне өздерін де міндетті санаған. Қамқор ене келінге ауыр зат көтертпей, шаң-тозаңы, күл-қоқысы бар жұмысқа жолатпаған. Әлденеден шошып, түсік тастау қауіпі болмасын деп түнде далаға жалғыз шығармаған. Ұрыс-керіс, у-шу болып жатқан бейәдеп көріністерден аулақ ұстаған. Аяғы ауыр әйел көзінше кім-кімге де өрескел сөйлеуге, айғайлап арындауға тыйым салған әрі келіншектің өзіне «Шырағым, даурығып дауысыңды көтермей, биязы, сыпайы сөйле, айтпесе, бөпенің мінезі шәлкем-шалыс, салдыр-күлдір содыр болып қалады», - деп жағымсыз әдеттерден сақтандырған. Сол секілді: «Үйге келген кісіні есіктен қайтарма, «қырықтың бірі – Қыдыр» деген, қолыңнан дәм татқызып, ықыласын ал, шарапаты тиеді. Жас балаға зекіме, олар періштедей пәк, күнәсіз, баланың мейірімі түссе, бойың жеңілдейді. Итке «кет» деме, тамақ

бер. Ит – жеті қазынананың бірі, иесіне жақсылық әкелер берекенің күзетшісі. Малды ұрма, олардың әрқайсысының киесі, қасиеті бар», - деген секілді қарапайым да астарлы ұлағатты тәлімін беріп, келінді келеңсіз әрекеттерден тежеп, әдептілікке, ізгілікке жетелепті. Сол арқылы іштегі балаға тәрбие ұрығын сепкен.

«Келін жыласа, бала жасық болады» деп келінді жылауға жеткізбей, қас-қабағына қарап, әлдебір суық хабарды, тосын жаманатты естіртпей, кездейсоқ зардаптардан қорғаған. Келіншектің күйеуіне: «Қосағыңның аяғы ауырлады, салмағын өзің көтеріс», - дей отырып, оның азаматтығына сенім артып, міндет жүктеген. Өйткені көңілі күпті әйел, ең алдымен, жұбайына арқа сүйеп, оның сүйіспеншілігіне зәру боп тұрады. Ер-азамат жарын ыстық ықыласына бөлеп, жанға жағымды әрекеттермен аялап, отырса, іштегі балаға әке мейірімі, әкенің рухани күш-қуаты анасы арқылы беріледі деп ұққан. Ал болашақ анаға ауыр сөз айтып балағаттау немесе қол жұмсау қазақта үлкен күнә саналған. Ондай анайы мінезді парықсыздарды бүкіл ауыл болып айыптаған, қатты сынға алып жазалаған.

Адам қуатты табиғаттан алады. Бұл біздің қазақ үшін жаңалық емес. Аналарымыз құрсақтағы сәбидің болашағына қамқор болу үшін келін күтіміне мән беріп, оны табиғат кереметтерімен тәрбиелеп, сол арқылы болашақ ұрпағына қамқорлық жасаған. «Қарағым, заңғар тауға қара, немерімнің өресі биік болсын. Жазық далаға, көкжиекке көз жібер, немерем кең пейілді, дарқан болсын. Жайнаған гүлге, жайқалған көкорайға назар аудар, сәбиің шырайлы болады. Бұлақтың көзін аш, бала қайырымды, мейірімді болады» деген секілді ақыл-кеңестерін айтып, жас келіннің табиғатты қастерлеп түсінуге, жақсы қасиеттерді жаратылыстың өзінен үйренуге баулыған. Сол сияқты кең далаға, сағымданған көкжиекке қарасаң жансарайың кеңігендей әсер аласың, әрі адамның көру қабілеті артып, жанары өткірленеді.

Көңіліне түйгені мол, көрегенді келіндер келіннің айы-күні жақындап келе жатқанда далаға алып шығып, жалаңаяқ таза аяқпен жүргізген. «О, кеудесі түкті қасиетті Жер-ана, өзің медет бере көр! Перзентіңді пәле-кесірден сақтап, бойын жеңілдете көр!» - деп тілек тілеген. Мұны негізсіз деп айта алмаймыз. Жердің адам денесіндегі артық энергияны, бойға сіңген бөтен, былғаныш күштерді өзіне тартып алатыны ғылымда да дәлелденген. Найзағай түскен, тоқ соққан адамды жерге көміп емдейтіні сондықтан. Оның үстіне жалаңаяқ жер басып жүргенде табандағы шоғырланған нерв

жүйелерінің қызметі артып, адамның денсаулығы жағымды әсер беретіні тағы да даусыз. Қазір емшілердің емдеу тәсілінде табиғаттың өзінен – күн нұрынан, ай сәулесінен, оттан, судан, жерден қуат алып, науқасты сауықтыратыны жайлы жазып, жаңалық ашқандай жар салып жатады. Осылар қазаққа таңсық емес, қарапайым табиғи әдіс-тәсіл болған.

Қолында екіқабат келіні бар саналы ене Ай сүттей жарық түнде келінді ай сәулесі астында жүргізіп, серуендетіп, ғарыш қуатының әсерін дарытқан. «Бала айдай сәулелі, айдай көпке ортақ білікті болсын!» - деп тілепті. Келінді ай жарығында бұлақ суына, көлге шомылдырып: «Бала судай таза, судай тұнық, судай қасиетті болсын!» - деп ниет еткен. Іле-шала маздап жатқан отқа қыздырып: «Бала айналасына оттай опалы, оттай мейірімді, оттай жарық, оттай күшті болсын!» - деп жас келіннің көңілін жақсылыққа иландырып жігерлендіріпті. Суық пен ыстықты кезек алмастыру арқылы бойға күш-қуат сіңіруді ата-бабаларымыз бағзы заманда-ақ білген.

Келін күтімінде оның киім-кешегіне де зор мән берген. Бой тазалығымен қоса, киім-кешектің кірсіз әрі денеге ыңғайлы болуын қадағалаған. Келінге қара, қоңыр, сұр түсті киім кигізбеген. Керісінше ашық түсті кең-мол тігілген киім тандалған.

Өкінішке орай қазіргі кезде жас қыздарымыз екіқабат болғанына қарамастан тар шалбар, немесе жабысып тұратын көйлектер мен жейделер киіп жүреді. Көптің көзі түсіп, қарны айдан анық жалаңаштанып тұрғандай ерсі көрінеді. Сондай жас келіндердің аналары, енелері немесе жұбайы осыны көрмей ме дерсің. Соған қарамастан, емін еркін жүрген жас келіндер ұлттық әдептіліктен алыстап, мені көрдің бе деген кейіп танытқандай.

Кең көйлек көлденең көздердің еріксіз қадалар сұғынан сақтайды. Содан кейін онсыз да тар құрсақта жатқан балаға сырттан қосымша қысым түспейді. Баланың дене мүшелерінің емін-еркін өсуіне кең киім айтарлықтай септігін тигізеді. Жаман айтпай, жақсы жоқ, нәресте іштен кем-кетікті тумауы үшін бұл да бір сақтық шарасы. Әсіресе мықынды қысатын киімдер аяғы ауыр әйелге қауіпті. Босанар кезде қиындық туындауы ғажап емес. Жаратқан ием сақтанғанды сақтайды.

Қазіргі уақытта дайын киімнің де, матаның да аулан түрін кездестіруге болады. Сондықтан, қыздарымыз бен жас келіндерімізге құрсақ тәрбиесін үйрете отырып, олар бойында әйелдік әдептілікті қалыптастыру маңызды.

3. ОТБАСЫНДА БАЛАҒА АТ ҚОЮ ДӘСТҮРЛЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Қазақ отбасындағы тамаша дәстүрдің бірі - нәрестеге ат қою дәстүрі. Қазақ халқы нәрестеге ат қоярда ойланып, өзіндік себептеріне сай есім қоятын болған. Адам есімі онымен бірге жолдас болып, оның өмірлік баспалдақтарда қатар жүретін және оған қызмет ететін серігі іспетті. Сондықтан, қазақ халқы бала есімін таңдауға аса бір мұқияттылықпен мән бере қараған. Өйткені, халқымыз тәрбиеде қашанда шарифат шеңберінен аспай, дініміз талап еткен жолмен ұрпағын тәрбиелеп келген. Соның ішінде нәрестеге ат қоюда да талаптар ескеріліп отырған.

Ата-ананың перзенттері алдындағы міндеттерінің ең алғашқыларының бірі, өмір есігін жаңа ашқан *нәрестеге жақсы ат қою* міндеті деп көрсетіледі хадистерімізде. Балаларға ат қою Пайғамбарымыздың сүннеті. Бала дүниеге келгесін бір аптадан кешіктірмей оған ат қою қажет.

Мұсылмандықтың шарты бойынша балаға ат қою тәртібі азан шақырумен басталады. Баланың аяғын Құбылаға қаратып жатқызып, оң жағында тұрып азан, сол жағында қамат айтады. Соңынан: «Сенің атың пәлен болсын», - деп құлағына қойылған есімді үш рет естіртеді. Ата-анасының перзенті алдындағы борышы осымен басталады. Бұл жөніндегі парыз хадисте: «Әкенің бала алдындағы міндеті – жақсы ат қою және жақсы тәрбие беру», - делінген. Отансыз адам болмайды. Ал Отаны болған адамның бойында ата құлқы, ана сүтімен бойына сіңген Отанына деген сүйіспеншілік болуға тиіс. Басқаны былай қойғанда, ата салтымызды ардақтап, ұл - қызымызға ежелден қалыптасқан нағыз қазақ есімдерін қою – отаншылдық рухта тәрбиелеуде маңызы зор екендігінде сөз жоқ.

Қазақ халқы қашанда бала есім берерде кітап аштырып, көбінде діни есімдерді қоюды мақұл көрген. Мұсылманда балаға әдемі ат қою, мұбарақ есім беру басты шара деп түсіндіріледі. Пайғамбарымыз Мұхаммед: *«Қиямет күні өз аттарыңыз және әкелеріңіздің аттарымен шақырыласыздар. Сондықтан балаларыңызға жақсы ат қойыңыздар»*, - деген екен. Әйтсе де, кейде өмірде жағымсыз, мағынасы ауыр аттарды қойған жағдайлар да кездесіп жатады. Ондай жағдайда ес кіріп, ойланып, көзқарасы өзгеріп жатса, атын өзгертіп жататындар да кездеседі. Мұндай жағдай туралы хадисте мынадай мысал келтіріледі: Расуллулаһ (с.ғ.с.)

мағынасыз және жағымсыз аттарды жақтырмайтын еді. Бірде Мұхаммед пайғамбар бір сахабасымен кездесіп, одан: «*Атың кім?*» - деп сұраған. Ол: «*Хузн (яғни қайғы)*», - дегенде Мұхаммед пайғамбар: «*Сенің атың – Сахл (мағынасы «жеңілдік») болсын*», - депті. Сонда сахаба: «*Жоқ. Әкем қойған атты өзгертпеймін*», - деп өлгенше сол атпен жүріпті. Кейіннен Хузнның баласы: «*Әкем қойған атын өзгертпеді. Біз ешқашан қайғыдан құтылмадық*», - деген екен.

Бұдан шығатын тұжырым, халқымызда бала атына тартады яғни балаға берілген ат оның тағдыры мен болашағына әсер етеді деген түсініктің қалыптасқандығын дәлелдейді. Сондықтан, нәресте дүниеге келгенде әрқашан оған мағыналы да көркем ат қою ата - ананың ең алғашқы парыздарының бірі.

Қазақ халқының отбасылық тіршілік әрекеттері мен болмысына сай балаға ат қою дәстүрлері де өзіндік ерекшелікке ие. Кейде баланың есімі оның өмірге келу жағдайымен де байланысты аталады. Мысалы, нәрестенің өмірге келуі баршамызға қуаныш сыйлайды, алдағы уақытта да өміріміз қуанышты сәттерге толы болсын деген ниетпен «Қуаныш» деп ат қояды. Отбасы өмірінің жағдайларына байланысты көңіліміз жадырасын деген ниетпен «Жадыра» деп атайды. Міне, осылайша өмірге келген нәрестемен бірге әрбір жаңа есімнің пайда болуы отбасы өміріне тілейтін ниетпен, арман-тілекпен байланысты туындап жатады. Сонымен қатар, ер балаларға артылған сенім мен үміт те олардың есімдері арқылы көрініс табады. Сондықтан олардың есімін «Асқар», «Қайрат», «Болат», «Алмас», «Мейір», «Абзал» секілді есімдермен атайды.

Қазақ халқында қыз балаларына деген құрмет қашанда жоғары болғандығын жақсы білеміз. Қыз үйдің сәні мен қызығы деп ұққан халқымыз қыз балаларына да олардың табиғатына сай есімдер беруге тырысқан. Мысалы, ақылды да данагөй болсын деп «Дана», осы әулеттің ең сұлу бойжеткені болсын деген ниетпен «Бике», сондай-ақ, осы үйдің иесі, ырысының берекесі болсын деген ниетпен «Бибі» деген аттарды қояды. Әйтсе де, қазақ халқы ұл балаларының орнын ерекше бағалаған. Қыз қаншалықты сыйлы болса да, шаңыраққа ие болып қалатын ұл баланың орны одан да ерекше. Сондықтан да халқымыз «Ұл туғанда, күн туған» деп ерекше қуанған. Отбасында ұл балаларының өмірге келуі кешеуілдеп, қатарынан қыз балалар дүниеге келсе, қыздарының арты ұл балалармен жалғассын деген ырыммен «Ұлдана», «Ұлбике», «Ұлбибі» деген есімдер қойған. Кейде тіпті, ашық, тікелей «Қыздығой», «Ұлтуар», қыздан жаңылысып ұл

болып келсін деген ниетпен «Жаңылыс» деп те атаған. Ал, кейде перзенттерінің бәрі ұл бала болып, қызды аңсап жүрген аналар Тоқтар, Тоқтасын деген сынды аттар қойып қыз бала күткен.

Халқымыз адам атының денсаулық пен адам өмірі үшін де маңызды рөлі бар деп ұққан. Олай деуімізге бала есімін ырымдап қоюдың оң нәтиже беріп жататындығы дәлел болады. Кейде аналар бір қиыншылықтарға тап болып, бала өмірі қыл үстінде болғанда, немесе туылған балалары шетінеп кете беретін жайттар қайталана бергенде ырымдап «Тұрар», «Тұрсын», «Жүрсін», «Есен», «Аман» секілді есімдер қойған. Сонымен қатар, мұндай жағдайда бала есімі көптің назарын қызықтырмайтын болсын, көз тимесін деген ниетпен өрескел естілетін аттарды да қойып жатады. Ол да халықтың наным-сенімінен туған ырымдау тәсілі болып табылады. Мысалы, «Саммитбек», «Азиада», «Олимпиада» және т.б. осындай ниетпен қойылған есімдер де кездесіп жатады.

Әдетте, қазақ халқының дәстүрі бойынша балаға есімді сол әулеттің үлкендері қояды. Аталары, нағашы жағының үлкендері, әйтсе де, кейде үлкендер қарсы болмаса жастар өз балаларына қалаған есімдерін қойып жатады. Үлкен кісілерге ат қойдырудың өзіндік артықшылығы бар. Олар нәрестеге есім берумен қатар, өз баталарын да береді. Сырттай тілеулес болып, олардың өніп-өсуіне үнемі дұға жасап, қамқор боп жүреді. Халқымыздың сенім-нанымдары бойынша «Батаменен ел көгерер» демекші үлкеннің ризашылығына бөлену қашанда жастар үшін сәттіліктің бағдары іспетті болған. Олар шын ниетпен ат қойғандықтан, бала атына сай, іс әрекеті затына сай болып жататын тұстары көп кездеседі.

Сәбиге көз тимесін, өмірі ұзақ болсын деген мақсатпен мағынасы ерсі немесе сиқысыз есімдерді қойған. Мысалы, Сасық, Қисық, Шоқпыт және т.б. Бірақ қазірде бұл ескірген ырымдар қатарында. Бұрынырақта балаға қолбасшы, пайғамбар, батырлардың есімін берсе көтере алмай, ауырып қалады деп сенген. Сондықтан ондай есім бергеннің өзінде есейгенше еркелетіп, басқа атпен атаған. Адам есімі тағдырына байланысты дегенді ескерсек, ежелде бала аурушаң, не үлкен қасіреттен аман қалса, тағдырын өзгерту мақсатында атын да өзгерткен. Қазіргі уақытта өзге елдерден есімдері теледидардан немесе өмірден көріп түйгені бойынша қойылып, қазақ қыздарының төл есімдеріне айналған есімдер де жетерлік. Солардың қатарында иран есімдері: Айдана («ақылды, дана»), Айнагүл («таза, мөлдір»), Ахан («темір»), Бибігүл («Гүл шашқан ханым»), Дана

(«данышпан, ақылды»), Жәния («нәзік жанды»), Раушан («көрнекті, ашық-жарқын»), Рүстем («батыр, ержүрек»). Қазірде түрік (Айлин, Әмина, Айша), ұйғыр (Ділназ, Гүзел, Адель, Гүлзар, Арслан), татар (Замира, Зухра, Мунира, Насима) аттары қазақтар арасында кең таралған.

Қазақ халқында құрметті де абыройлы кісілердің жолын жалғастырсын деген ниеттен туған да есімдер отбасында ырымдалып қойылып жатады. «Әулетімізде абыройы асқақтаған апамыз бар еді, сондай болсын», - деп сол кісінің атын немерелеріне немесе перзенттеріне қойып жатады.

Әйтсе де, бүгінгі күні тұрмыста әртүрлі есімдер кездесіп жатады. Бала өскенде өз есімінен өзі ұялып, құрбы құрдастары арасында жасқанып, танысуға, есімін айтуға ұялып жүрмеуі үшін ата-аналары балаларына ең таңдаулы есімдерді қойғаны абзал.

Тіпті, қоғамның бүгінгі жаһандану үрдісі барысында тілдеріміз бен ұлттар қарым-қатынасының араласып, кіріктіріліп жатқан заманында адам есімдері де ұлттық сипаттап шығып жаһандық деңгейде қойылып жатқан жағдайы да бар. Оның дәлелі ретінде қазіргі кезде қазақ есімдері мен өзге елдер есімдерін ажыратып болмайтын үйреншікті аттар пайда бола бастады. Көрген фильмдері мен ондағы кейіпкерлерінің аттарын да қойып жатады.

Ең дұрысы өз ұлтымыз бен табиғатымызға сай қазақша аттарды қоюға назар аударғанымыз жөн. Түріміз бір бөлек, есіміміз екінші бөлек, ал тіліміз үшінші бөлек болып тұрмауы үшін ұлттық тәрбие мен ұлттық болмысымызды қалыптастыруды осы есім қоядан бастау керек секілді. Сонымен қатар, бала есімін оның тәрбиесінде пайдаланудың бірден бір жолы - атына заты сай азаматты қалыптастыру мақсатында көтермелеу, ынталандыру, сенім білдіріп отыру маңызды деп білеміз. Үнемі ата-анасы тарапынан бала есімінің мағынасы мен мәнін еске салып, оның қандай азамат болып өсуін бағдарлау бүгінгі қоғамдық қажеттіліктің бір сипаты деуге болады. Сондықтан, әрбіріміз нәрестеге ат қоярда мың ойланып барып, бір шешімге келгеніміз жөн болмақ.

4. ҚАЗАҚ ОТБАСЫНДАҒЫ ҚЫЗ БАЛАЛАРҒА СЫРҒА ТАҒУ ДӘСТҮРІ

Қазақ халқында ер балаларды ес біліп, ер бала екенін таныған шағында «Сүндетке отырғызу» дәстүрі жасалатыны секілді, қыз балаларына да ес біліп, өзін қыз сезіне бастағанда құлағына сырға салу арқылы оған өз ерекшелігін сақтауға ықпал ету дәстүрін жасаған. Қыздың қылығы оның сымбатымен бірге қалыптасатындықтан, хылқымызда былай деген:

Қыз емес, қыздың аты - қызыл алтын,
Жақсы қыз ел-жұртының сақтар салтын.

Күлсең де, сөйлесе де көпке ұнап,
Көрікті күте білер сыр-сымбатын,

- деп қызыдың атын асылға балап, алтынға теңеп, ұлттың қадір-қасиет болмысын сақтайтын тұлға деп көрген халқымыз. Сол қыздың ақылды да сымбатты болып өсуі үшін талай өнегелі салт-дәстүр мен ғұрыптарды арнаған. Солардың бірі әрі мағыналы дәстүрі – қыздың құлағын тесіп, сырға салу. Қазақ халқы тоғыз жасты қыз балалары үшін балиғатқа толған кез деп санаса да, қыз баласының құлағын жеті жасында тескен. Жеті - әлем жаратылысының саны болғандықтан қасиеттейтін болу керек. «Жетіге келгенше жерден таяқ жейді», - деп бұл жасқа дейін жығылып, қайта тұрып, айналасын танып, бүлдіршіндік дәуірді бастан өткізеді. Бұл табиғат заңы. Тұлымшағы желбіреп қуыршақ ойнап жүрген қыздың құлағы тесілген соң мінез-құлқы, әдеттері, жүріс-тұрысы өзгеріп сала береді. Мұны қыз баланы ертеңгі күні келін болуға дайындаудың алғашқы баспалдағы деп айтуға болады.

Осы кезде өзінің қыз екенін анық сезінеді. Ұл баланы сүндетке отырғызумен бірдей қыз да есеюдің алғашқы сатысынан осылайша өтеді. Қыздарды да алдын ала дайындайды, аналары қыздарына «қыз санатына қосыласың», «нағыз сырғалы қыз боласың» деген секілді сөздерді айтып, зердесіне сіңіре береді. Жаратылыстың өзі қыз баланы ұлға қарағанда ерте есейтеді. Ол қуыршақ ойнап жүріп, өзі де аңғармай болашақ өміріне дайындық жасайды. Мысалы, қуыршағына киім-кешек, төсек-орын әзірлейді, үйшік жасайды, қуыршағын ұзатады, беташар арнайды, «бөпелі болады», оған бесік жырын айтады... дегендей табиғатына сай ойынды ойнауға жаны құмар болады. Мұның бәрін ойын деп санап, қызық көргенімен, өз табиғатына еріксіз тартады.

Кез келген қыз өзінің сырға тағар күнін асыға күтеді. Жан дүниесінде қандай өзгерістердің болатынын білмесе де, бала санасында соған дайындық жүріп жатады. Кішкентай жүрегі лүпілдеп, сол арманды күнге жеткенде оған қос етек көйлек, камзол, үкілі тақия кигізеді, мойнына моншақ салады. Әжесі, анасы, әпке-жеңгелері ауылдағы әйелдерді арнайы жайылған дастарқанға шақырады. Шашуы мен көрімдігін алып апалары, қыз-келіншектер жиналады. Бұл бас қосуға ерлер қатыспайды. Қыздың құлағын кез келген адам теспейді, оған қолы жеңіл саналатын ісмерлер, инені көп ұстаған шеберлер таңдалады. Алдымен құлақтың сырғалығының екі жағынан екі тал тарыны бір-бірімен сәйкестендіре қойып, сонымен уқалап әбден жанын кетіреді. Одан кейін отқа ұсталып тазартылған инемен тескенде қыз бала ауырғанын сезбей қалады.

Халық түсінігінде сырға құлақты жағымсыз энергия, жаман сөздерден, өсек-аяннан қорғайды. Кейде әйелдердің өзара әңгімелесуі кезінде жас балаларға «құлағына алтын сырға» дейтіні де сондай ғұрыптың жұрнағы болса керек. Қазіргі заманның өзінде кейбір елдерде діни-мәдени дәстүрлерге сәйкес ата-ана қыз баласының құлағын бір айлық кезінде тесіп, сырға тағады.

Қазақ халқы табиғатында асыл затты пайдаланған. Күмістің емдік қасиеті бар таза зат болғандықтан бірден күміс сырға салған, күміске үйренген құлақ алтынға да оңай бейімделеді деп білген. Жай сырға салып үйретсе, құлақ жазылмай жара болып кетуі мүмкін. Сондықтан, құлақтың тесілген жері әбден жазылып кеткенше де күтім жасаған.

Қазір дәрігерлер арнайы болаттан жасалған кішкентай ілмектерді құлақ жазылғанша салуға кеңес беріп жүр. Бұрын ел ішінде иттің жүнінен есілген жіп өткізетін де әдет болған. Итті жеті қазынананың бірі деп әрі ит жүнінің құлақты қызартып іріңдетпей тез сауықтыратын қасиетін білгендіктен осылай істеген. Бұл күнде, мына біздің заманымызда ит жүнінен жасалған белдемше, кеудеше, байпақтардың пайдасын айтып, айтып қана қоймай кеңінен қолданып жатыр. Ата-бабаларымыз ешқандай зертханасы жоқ кезде-ақ ит жүнінің емдік қасиетінің болатынын білгеніне қайран қаласың. Сонымен бірге құлақ тескенде шайдың қатты самасын өткізетін де тәсіл болған. Бұл да жай емес, шай шипалы болмаса бүкіл әлем халқы пайдаланбас еді. Саманың да құлақты ісірмейтін, қызартпайтын қасиеті бар. Мұның бәрі ертедегі әдістер.

Халқымыз қыз баланың құлағын сәндік үшін, тек әдемілікке

бола теспеген. Бұл қыз тәрбиесінің маңызды бір бөлігі болған. Мұны қыз баласының ертеңгі күні бойжетіп, өзге босағаны аттайтын келіндік жолға дайындықтың алғашқы қадамы деуге болады. Қызды ісмерлікке, шеберлікке, ұқыптылыққа баулудың басы. Құлағы тесілген қыз енді қуыршақ көтеріп, «үйшік-үйшік», жасырынбақ ойнап селтеңдеуді ерсі көреді. Ол кесте тігіп, шілтер тоқып, шашақ түюді үйренеді. Үй ішінің тірліктеріне араласып, анасына қолқанат болуға тырысады. «Сырғалы қыз сыланар» демекші, шашын күтіп, киімін ұқыпты киіп, отырыс-тұрысы биязыланады, қадам басуы мәнерленеді. Өйткені, өзін «бойжеткен қыз» қатарына қосып, соған саналы түрде бейімделеді, қызға тән әр нәрсенің жолын білмекке ұмытылады. «Олақтан салақ жаман» деп, қыздың салақ болуы, олақ қалыптасуы өзіне ғана емес, ата-анасына, қала берді ауыл-аймағына сын екендігін айтқан. Ондайды халқымыз «өнеге көрмеген» деп, ең алдымен отбасын кінәлайды. Міне, сондықтан «қызға қырық үйден тыйым» қыз сырғалы болған күннен басталады. Себебі, осы кезге дейін ұшып-қонып жүрген ойын баласы болып жүрген қызды айналасы онша елемейді, «бала ғой», «кішкентай ғой» деп қарайды. Ал, шашын өріп, камзол-көйлек киіп, сырға таққан соң бірден көзге түсе бастайды. «Ой, кәдімгідей бойжетіп қыз болып қалыпты ғой» деп үлкендер назар аудара бастайтын болады. Әрбір саналы адам үлгі-өнеге, жақсы нұсқа көрсетіп, білмегенін ұқтырып, қатесін түзеуді өздеріне міндет санап, жас қыздың қыз қылығына ақыл қосады. Сырғаның өзін тәрбие тетігіне айналдыра білген біздің ата-бабаларымыздың даналығын осыдан-ақ байқауға болады.

Дәстүріміз бойынша сырға салудың да өзіндік жөн-жобасы мен жоралғылары болған. Жасы кіші қыздарға сырғаның жеңілдеу шағын түрлерін тақса, бойжеткендерге қоңыраулы, әшекейлі салмақтыларын салған. Соның өзінде дөңгелек жүзді қыздарға ұзыншақтау салпыншақты үлгіде жасалғанын, ал атжақты сопақша пішінділерге домалақтау түрлерін таққан. Қандай болса да таққан сырғасы әуезді үнді болған. Қыздар салмақты да байыпты, кербез де көркем жүрісті болса, оның қозғалысына сай сырғаның сыңғыры да ырғақты, сазды естілген. Жеңгелері «сырғалым» деп атын тергесе, жігіттер сол сырғаның сыңғырын өлеңге қосып, сырға арқылы өзінің жүрек сезімін білдірген.

Кейбір әулеттерде әйел адамдардың отбасылық қымбат әшекей бұйымдарын ұрпақтан ұрпаққа беріп, аманат ретінде көзінің қарашығындай сақтап, тағып жүретін дәстүрлері қалыптасқан.

Әжелері мен апаларының, олардың аналары таққан қымбат бұйымдарды олардың ұрпақтарына аманат етіп қалдырып отырады. Укйде жасы келген әжелер немерелеріне немесе шөберелеріне өзінің алтын, күміс бұйымдарын қалдырып, уақыты келгенде менің көзімдей көріп тағып жүрсін деп қалдырады. Ондай жағдайда уақыты келіп қыздың құлағына сырға тағарда тарихын түсіндіре отырып қызына әжелерінің аманатын табыс етеді. Ондай сырғаларды сатып жіберуге немесе біреуге тарту етуге болмайды.

Қазақта балаға сырға салудың тағы бір себебі болған. Ер баласы тұрмай, туғаны шетінен шетіней берген ата-ана әрең деп ұл перзент көргенде «тіл тимесін», «сұқ өтпесін» деп ырымдап баланың оң құлағына сырға салған. Бұл жалпы жұртқа ерсі не ерекше көрінбеген, өйткені үлкен болсын, кіші болсын кез-келген қазақ ұлға сырға салудың мән-мағынасын жақсы білген. Біліп қана қоймай соған тілеулес болған. Сырғалы ұлды көргенде: «Біреудің құдайдан тілеп алған жалғызы екен ғой», - деп танымайтын адамның өзі оған жақсы сөз арнап, қариялар бата берген, әже-апалар қолынан сүйіп, маңдайынан сипаған. Осылайша, жалғыздар ел-жұрттың ықылас-пейілі мен мейірімін көріп өседі. Кейіннен ол бала ер жеткенде ата-анасы баласының аман-сау қатарға қосылғанына шүкіршілік етіп той жасайды. Оны атап тұрып «сырға той» дейді. Тойда жасы үлкен, көпке қадірлі, елге сыйлы қариялардың бірі бата беріп, көпшілік алдында ұлдың сырғасын шешіп, әжелер шашу шашады. Ал қазіргі қос құлағына бірдей сырға тағып жүрген жігіттер еуропалық үлгідегі сән деп әуестікке тағып жүр. Әйтсе де, бұл ерсі көрінері анық. Немесе, қыз балалардың бір құлағына бірнеше сырға тағу сәні де бар.

Кейіннен кеңес одағының саясатына сай қыз балалардың мектепке сырға тағып келуіне тыйым салынуы, әйел адамдардың, мұғалімдердің сырғамен жұмысқа келуіне тыйым салынуы секілді көзқарастар болды. Қоғамның бүгінгі дамуы тәуелсіздігіміздің арқасында салт-дәстүрлерімізді заманауи тұрғыда қолдану мүмкіндігіне жеткізді. Бүгінде әрбір отбасындағы салт-дәстүрлерді қолдануда оның ұлттық құндылығы мен мәнін білу, мағынасын түсіну баршаны қызықтырады. Қыз тәрбиесінде сырға салу дәстүрінің әйелдік нәзіктік пен әдепті қалыптастырудың алғашқы әліпшесі іспетті қадамы екенін ескерсек, бүгінгі қазақ қыздарына сырғаны таға білу мәдениетімен таныстыру қажет-ақ.

5. ОТБАСЫНДА ҚЫЗДЫ ОҢ БОСАҒАҒА ШЫҒАРУ ДӘСТҮРІ

Қазақ отбасылық салт-дәстүрлері мен мерекелерін этнографиялық тұрғыдан жан-жақты зерттеген ғалым Х.Арғынбаев пен қазақ дәстүрлі мәдениетінің анықтамалығын жазған А.Құралұлының еңбегінде аталған қазақ қызының әлеуметтену сәтін сипаттайтын әрекет – *қызды оң босағаға шығару* деп аталады.

Х.Арғынбаев этнографиялық тұрғыдан бұл әрекеттің кезеңдеріне қысқаша назар аударса, А.Құралұлы оң жаққа шығару деп өзгешелеп атап, «қызы он екіге толғанда ата-анасы киіз үйдің оң босағасынан орын беріп, оның көрпе-төсегін көлегейлеп, шымылдық ілген», -деумен басты назарды қыз төсегінің орнының ауысуына аударды. «Екі автор да тақырып бойынша мәліметті өз мақсаттарына орай берумен шектелгенін байқап отырмыз. Ұлттық мәдени әрекеттерге әсіресе қыз баланың қоғамдық рөліне аса назар аударуға бетбұрыс болып отырғанда, біз оң босағаға шығаруға, оның ұлттық дүниетанымын байқатар әрекеттер мен этномәдени сипаттамаларына ерекше көңіл аудару керек дейміз», - деп мәдени танушылық көзқарасын білдіреді отандық ғалым Н.Камалова.

Қыз баласын оң босағаға шығару тойы оның мүшел жасына толған шағында аталады. Алғашқы мүшел жас 13 жаста аталынатыны мәлім. Қоғамдық үйлесімдік пен қарым-қатынас жарасымдылығының негізгі ұйытқысы әйел. Сұлулық пен әсемдікті өз басынан ғана емес, қоршаған ортасына өз келбеті мен жүріс-тұрысы, сөйлеген сөзі, түр сипаты арқылы паш етіп, жүрген ортасын сәндікке бөлеп жүретін әйелдер арқылы ұлттық эстетикалық талғам танылатыны сөзсіз.

Қазақ қызының қоғамда алатын орны, оның тәрбиесіне көне кезден аса маңыз аударылғаны туралы мәліметті 1199 жылы жазылған Низамидің «Даңқ туралы» кітабында, оның ішінде «Ескендірдің қыпшақ даласына келуі» атты бөлімінен табамыз. Бұл кітапта қыпшақ қыздарының көркі мен ар тазалығы Ескендір Зұлқарнайынның әскерін қарусыз жеңгені суреттеледі. Беті паранжамен көлегейленбеген, ер жүзіне тура қарай алатын, бірақ ол көзқарасы өзін-өзі қорғай алатын батылдықты байқайтын өр мінезді қыпшақ қыздарының бетін жабуды, сөйтіп әсекер апаттан сақтауды өтініп, Ескендір ақсақалдарға жүгінеді. Ақсақалдар: «Әскерінді жолдан тайдырып отырған қыпшақ қыздарының көркі мен өрлігі емес, жаулап келген әскеріңнің көз тойымсыздығы. Ұят әдемі жүзде емес,

арсыз көзде», - деп жауап берген екен. Ол тарихи шындықтан аулақ болса да, көркемдік суреттемесі дала аруларының сипаты мен тәрбие үлгісінің бейнесін иамаша сипаттап көрсеткен. Ол бейне біздің заманымыздан сегіз жүзден астам жыл бұрын суреттелген. Бұл Карамзиннің Русь тарихы жазылғанға дейін, 1404 жылы испан елшісі де Клавихо Темір сарайына келгенге дейін, XII ғасырдың соңындағы Марко Полоның Қарақорымға саяхатына дейін жарық көрген шығарма негізіндегі пікір.

Сонымен қатар, ата салттың сақшысы, таратушы, жаршысы да ата мен әже, ене мен келін. Сондай-ақ, зергерлермен қатар көзі барды тамсандырар қол бұйымдар жасау арқылы елдің өнер таңбаларын жасап сақтаушылар, оларға түсірілген ою-өрнектің мән-мағынасын баяндап, қолдану тәртібінің егжей-тегжейін ұғындырар да солар. Сонымен, әйел заты ұлттың ұлт болып сақталуында өзіндік орны бар қоғам мүшесі. Бұл қабілеттер мен бейімдердің қалыптасуы мен дамуына ықпал етуші тағы да ұлттық мәдени әрекеттердің реттеушілік міндеті басым – салт-дәстүрлер мен мерекелер. Олардың ішінде оң босағаға шығару тойының алатын орыны ерекше.

Отбасы анасы қызы мен немересінің мүшел жасқа келетінін аға-жеңгелері мен әпке-жезделеріне хабарлап, дайындалуға өтініш білдіреді. Ол дайындық мүшел жаста көзге түспейтіндей етіп, көптің назарынан тыс боларлақтай сырт сипаты мен мінез-құлқына қадағалап көңіл аудартпаған бойжеткенге ендігі жерде арнайы киім мен әшекей бұйымдарды жабдықтауға арналады.

Қуаныш пен қайғыны ортақ бөлісе білген қазақ, бойжеткен қыздың қатарынан қалмай, өз дәрежесіне тең боларлықтай сипат алуы ата-анасы мен туғандары үшін парыз. Осы себептен күнделікті тұрмыстық киімдер мен қатар сауықтық-салтанаттық киімдер де мүшел жасқа толған қызға сыйлық етіп ұсынылады. Бойжеткенге алғашқы қос етек көйлегі мен мықынды камзолын әпке-жеңгелері кигізсе, күміс белбеу, өңіржиек, алқа, бойтұмар, шолпы, құс мұрын жүзік сияқты сәндік бұйымдарын ағалары мен жезделері арнайы тапсырыспен дайындатқан. Он үшке дейін кейбір қыздарда ұл киімін кигізіп, көзден таса ұстаған. Мүшел жасқа толған соң, оның бой түзеуімен қатар ой түзеп, қыз қылығын танытатындай етіп, өмірдегі орнын білдіртіп, қоғамдағы дәрежесін дараландырған. Бойын түзеу үшін қос етек көйлек кигізіп, жүрісі мен тұрысын жөндесе, мықынды камзол кигізіп белдік тағу арқылы бір жағынан сұңғақ бойлы, тал шыбықтай болып, кескінді өсуіне ықпал жасаған. Бойтұмар тағып,

қызының көкірегіне сұқтанып қараушылардан сақтану шараларын қарастырған.

Салтанатты күндері өңіржиек арқылы өңірін сәндеп, әшекеймен бірге қызына да өзгенің көзі түсетіндей амал жасаған. Сол қолының оң жақ саусағына құс мұрын жүзік тағу арқылы қызының қанаттанатын кезі келгенін, өзге ұяға көшуге дайындалып жүргенінен хабар берген. Осы күні бойжеткен алғашқы рет шашын қос бұрым етіп, ұшына шолпы тағып, оның сылдырымен жүрісін түзей бастаған.

Сонымен қатар шолпы сыбдыры арқылы үйде отырғандар бойжеткен қыздың көзінше өрескел еркіндікке баруға болмайтынын ескеріп, отырыстары мен әңгімелерін түзеген. Сонда қазақ қызының тәрбиелі дегені бойжеткендік қысқа ғұмырында өзін сыйлата біліп, алдында именетіндей қасиет байқатқан. Ондай қыздың алдында дөрекі сөйлеу мен өрескел қылық байқату – көргенсіздік белгісі борлып табылған. Сондықтан, атасы жақсы адам ондай маскараға ұшрамауға тырысқан.

Ел көзіне еленер қыздың жүріс тұрысымен ендігі жерде жатар орны да тиянақталған. А.Құралұлы жазғандай киіз үйдің оң жағына, яғни өз табалдырық аттар уақыты келді деп, қонақтар жағына қыздың төсегін ауыстырып, шымылдық құрған. Шымылдықтың жоғарыдағы көлденең жағы көсеге деп аталып, үкі тағылып, кестеленіп әшекейленген. «Көсегең көгерсін» деген ізгі ниет бідіргені, қыз өсіп өрісін тауып, ұл өсіп келін келтіріп осындай салтанат сабақтастығы бола берсін дегеннен туған тілек.

Бұған қоса ендігі жерде бойжеткенді тұрмыс-тіршілікті игеруге үйретер, оның үй шаруасына тиянақтылығы мен ұқыптылығы, алғырлығы мен үйлесімдігі жарасуына ықпал етер жеңге осы оң босағаға шығаруда тағайындалған. Тұрмыс мәдениеті мен еңбек мәдениетін, қарым-қатынас жөн-жобаларының жеке тұлғалық құндылықтарын танытатан үлгілі жеңге де қайын сіңілісі арқылы ағайын-тумалар алдында алар әлеуметтік баға алу кезеңі де осындайда тынылған. Сонымен, оң босағаға шығару – бойжеткеннің мәдени болмысын қалыптастырып, әлеуметтік сатыға көтерілу кезеңін өзі мен өзгеге паш ететін сәт болған.

Қортындылай келгенде, оң босағаға шығару жеке тұлғалық мәдениетті қалыптастырудың ұлттық жобасы. Осыған орай айтылар пікір қазақ қоғамында әр адамның өзіндік орнын белгілейтін, ой-санасын жетілдіріп, мінез-құлқын, қарым-қатынас мәдениетін игеруде реттеушілік міндетін атқаратын - бабалар қалыптастырып,

отбасы, туған-туыс мұрагер ретінде сабақтастырып отыратын – салт-дәстүр арқылы атқарылып, мерекелерде орын алып, бағаланатын әрекет.

Біздің халқымыз ертеден-ақ, тәлімді, өнегелі қыздың бой жетіп өсуі ата-анаға және оның тәрбиесіне байланысты екенін насихаттап келеді. Данышпан ақын Жүсіп Баласағұн өзінің «Құтты білік» дастанында «Қызға үлгі көрсет, ізгілікті басшылыққа ала отырып, әдеп пен инабаттылықты бойына сіңір. Сұрағанын тауып бер, көз алдыңнан таса қылма, мықтап күзет. Мезгілі жеткенде тұрмысқа бер» дей келе, қыз баланың барлық талап – тілегін орындау арқылы қатал ұстауды міндеттеді. Оны «Қыз да бір ет, бапта, сақта, қалайда, баптамасаң, ет бұзылар, не пайда», -деп қыз тәрбиесінің аса жауапты іс екенін ескерткен.

Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев: Болашақ ұрпағымызды тәрбиелегенде, оларға жастайынан имандылық пен ұлттық қасиеттерді сіңіре білсек, сонда ғана біз ұлттық рухы дамыған, Отанының гүлденуіне өз үлесін қоса алатын тұлға өсіре аламыз, – деген болатын. Ол үшін ең әуелі ұрпақтарымызды бала кезінен ұлттық тәлім-тәрбиеге баулып, халқының салт-дәстүрін жақсы білетін саналы азамат тәрбиесіне көңіл бөлуіміз керек екенін міндеттеген болатын.

Салт-дәстүріміздегі қыз баланы оң босағаға шығару бүгінгі күні қалай сақталады? Бүгінгі қыздарымыз өздерін есейген, болашақ отбасы түтінін түтетуші тұлға, жауапты жар екенін біртіндеп сезіне білуі үшін отбасында қандай әрекеттерді ата-аналар ескеруі тиіс? Ең алдымен отбасындағы балаларды ұл және қыз екенін білдірудің жолы олардың жатар орнын бөлу ету болмақ. Киініп-шешінуде, үйде балалар бір –бірінің алдында қалай болса солай жүрмей әдеп сақтап, қиімін реттеп, етегін қымтап, ашық шашық жүрмей өзін қадағалауды қыздарымызға ерте бастан есіне салып отыру ана мен әженің міндеті. Сен енді үлкен қыз болдың. Әдепті қыздар бұлай іс-емес болар деген сөздермен оларға бағыт-бағдар беріп, қыздың әдепті қылығын қалыптастыруымыз керек. Әже тәрбиесін көріп өскен қыз әдет-ғұрыптан алыстамай, қазақи дәстүрімізді сақтап өседі. Әженің әңгімесі мен әжеге сәлем бере келген кісілердің құрметі мен ықыласын да көріп, мінезінде биязылық пен ұлтқа тән әдептілік қалыптасады. Тек бүгінгі әжелеріміз ұлттық болмыстан алыс болмаса игі.

6. БАСТАҢҒЫ - ЖАСТАРДЫҢ БАС ҚОСУ ДӘСТҮРІ

Қазақ қоғамында бойжеткен қыз балалары мен ер жеткен бозбалалар оңаша бас қосып, өзара қарым-қатынаста пікір алмасуын қамтамасыз ететін, болашақ отбасын құруға дайындыққа негіз боларлық дәстүрі бар. Оны «Бастаңғы» деп атайды. Жастар жиылып, бастаңғыда бас қосқан кезде ойын ойнап, әзіл айтып, өнер жарыстырып, көңіл көтерген. Дәстүр атауы «бас» және «таңғы» сөздерінен құралған. Ертеректе қазақтар алыс сапарға аттанғанда басына мата таңатын болған. Осы орайда орын алатын бастаңғы – жастардың көңілді кеші, ғашықтардың бір-бірімен сыр шертісіп, қыз-жігіттің танысуы ғана емес, жолаушылап кеткен үлкендердің тілеуін тілеп, ізгі ниетте болу.

«Бастаңғы ойынында қазақтың салт-дәстүрлеріне қатысты ойындар ойналып, әзіл-қалжыңдар айтылып, қисса-дастандар, түрлі жырлар оқылған. Махаббатқа қатысты лирикалық әндер айтылған. Қыз-жігіттер бір-біріне сезімін білдіреді. Бір-біріне сырын, сезімін білдіру үшін алтыбақан, ақсүйек сияқты сыртта ойналатын ойындар ойнаған». Бастаңғы — қазақ жастарының дәстүрлі сауықтарының бірі. Үйдің үлкендері жолаушылап кеткенде ауылдың қыз-келіншектері сол үйге жиналып, бастаңғы жасайды.

“Қызға қырық үйден тыйым” деген берік қағиданы ұстанған қазақ қыздары, әдетте, мұндай басқосуға жеңгелерімен немесе іні-қарындастарымен бірге келетін болған. Кейде жиын қызықты өтуі үшін сал-сері бозбалалар да шақырылған. Бастаңғыға жиналған қыздар үйлерінен құрт -май, қант-шайларын өздері әкеліп, ортақ дастарқан жайған. Бастаңғының екі түрлі тәрбиелік мәні бар. *Біріншісі*, баласының үйде отырып томаға-тұйық болып қалмауына, елмен араласуына, замандастарымен жақын танысуына жол ашу; қонақ күте білуге баулу. *Екіншісі* — қызды қазан-аяқ ұстауға, дастарқан жасай білуге және т.б. үйрету. Сондықтан, бастаңғыны көбіне қызы бойжете бастаған үйлер жасаған. Бірақ, бастаңғы рұқсатсыз, бақылаусыз өтпеген. Өйткені, “шешесі қыдырмашы болса, қызы бастаңғышыл болады” деген сөз бар. Басқосу барысында жастар әзіл-оспақ айтысып, ұлттық ойындар ойнап, ән салып, күй тартып, әр түрлі өнерлерін ортаға салған. Әкешелері жол жүріп кеткенде, көрші жастар келіп, ол үйдің дастарқанына бастаңғы жасатып, тағам дайындатады. Бұл — жолаушылардың басы ауырмасын, сырқамасын деген жақсы ойдан шыққан дәстүр. Әйтсе де, үй үлкендері жолаушылап кеткенде қызы

анасының рұқсатымен бастаңғы жасаған. Ол – жастардың бас қосып, көңіл көтеріп, ойын-сауық құратын кеші болғанымен ересектер бақылауында болған.

Ертеде қазақ қоғамында жастар ортасында бастаңғы көп өткізілетін болған. Оңаша ересектер арасында емін еркін араласа алмаған жастар үйдің үлкен кісілері қыдырып кеткен уақытта кішігірім той жасап, сол тойда ақсүйек, алтыбақан ойнаған. Осылайша жастар жиылып, бас қосқан кезде ойын ойналып, әзіл айтылып, өнер жарыстырып, көңіл көтерген.

Дәстүр атауы «бас» және «таңғы» сөздерінен құралған. Ертеректе қазақтар алыс сапарға аттанғанда басына мата таңатын болған. Осы орайда орын алатын бастаңғы – жастардың көңілді кеші, ғашықтардың бір-бірімен сыр шертісіп, қыз-жігіттің танысуы ғана емес, жолаушылап кеткен үлкендердің тілеуін тілеп, ізгі ниетте болу дәстүрі деуге де болады.

Сонымен қатар, бастаңғы ойынында қазақтың салт-дәстүрлеріне қатысты ойындармен қатар, қисса-дастандар, түрлі жырлар оқылатын болған. Бұл әрине, жиналған жастардың қызығушылығы мен өнерлерінің сипатына қарай ұйымдастырылған. Сондай-ақ, махаббатқа қатысты лирикалық әндер айтылған. Осындайда қыз-жігіттер бір-біріне сезімін білдіріп, сырласқан. Бір-біріне сырын, сезімін білдіру үшін алтыбақан, ақсүйек сияқты сыртта ойналатын ойындар ойнаған».

Ата-бабаларымыздан мұра болып қалған салт-дәстүрлердің барлығының жөн-жосығымен қатар, тәрбиелік, эстетикалық мәні үлкен. Әдетте бастаңғы ойындары кеш түскенде басталады. Осындай сәтте жастар ынтыға ойнайтын ойындардың бірі – алтыбақан. Алтыбақан тебушілер бір-біріне кезек беріп, қайым өлеңмен жүректерінде бұғып жатқан сезімдерін білдіріп, көңіл пернесін шертіскен. Мұнда жұмбақтар жасырылып, жаңылташтар да айтылған.

«Алтыбақан» ойыны айлы түнде ойналады. Ол жерде жастар жиналып, алтыбақанның екі басына жүрегі жақын болған қыз-жігіттен жұптасып тұрады. Олар өзара сырласады. Алтыбақан тербелген кезде сан түрлі жақсы сезімдерін білдірген. Ой тебіренісімен бірге сезімдерін аңдата алады. Қыз-жігіттер әндетіп, думанды кеш құрған. Ал, ақсүйек ойынының шарты да жастарды жұптасып кездесуге, сырласуға арналған. Дәстүрлі бұл ойын да айлы түнде өтеді. Ойындағы негізгі құрал – қой не ешкінің тоқпақ жілігі. Ал сүйекті лақтырушы «қары ұзын» деп аталады.



Құрсақ тәрбиесінің көрінісі: ананың құрсақтағы сәбиімен тілдесу сәті



Бесік тәрбиесі: ананың бесік жыры арқылы ұлттық санасын қалыптастыру сәті



Қыздың құлағына сырға тағудан кейінгі әжесінің батасы



Сырғалы қыздың жеке бұйымдары



Отбасының оң босағасындағы қыз баласы



Сырғалы қыз

«Жүргізуші сүйекті алысқа лақтырады. Сүйек жерге түскеннен кейін жастар сүйекті іздеуге кіріседі. Іздеу барысында жастар бір-біріне орай болады. Ақсүйекті іздеп таппай, әрі-бері іздеп жүргенде бір-біріне сезімін білдіре алған. Кімнің тобы ақсүйекті көп лақтырса, сол жеңіске жетеді. Жеңілгендер ән салып, күй тартып, бойындағы бар өнерін көрсетеді.

Ата-бабаларымыздан мұра болып қалған салт-дәстүрлердің барлығының жөн-жосығы, тәрбиелік, эстетикалық мәні бар. Бұл орайда бастаңғы да қалыс қалмақ емес. Аталған жастардың бас қосуы екі бірдей үлкен мән-мағынаға ие. Біріншіден, анасы қызының құрбы-құрдастарымен араласып, тіл табысуына жағдай жасап, томаға-тұйық, сылбырлықтан аулақ етуге тырысқан. Өзгемен қатар өзін құрметтеуге үйретуді ниет еткен. Екіншіден, қыз баласы болашақ жар, отанасы болғандықтан, ас-ауқат дайындап, қонақ күтуге үйретуді көздеген. Осы себепті аялаған қызы бойжете бастаған шақта анасы бастаңғы жасауға рұқсат берген. Бастаңғыда жастар тұрмыстық шаруаларға араласып, ересек өмірдің дәмін татып, келешекте жігіттері отағасы, қыздары отанасы болуға дайындалады.

Бастаңғы жасағанда жастарды томаға-тұйықтықтан аулақ болуға, адамдарды жігерлі, өткір, өжет болуға баулиды. Сонымен қатар қыздар болашақ келін, ана болуға дайындалып, ас дайындап, қонақ күтуге, қазақтың қонағуарлығын көрсетуге машықтанады.

Жоғарыда сипаттап өткеніміздей, жастар арасында ұйымдастырылатын бастаңғыда бассыздық, бейәдеп әрекеттер орын алмаған. Бастаңғы жасырын, құпия түрде емес, қыз анасының рұқсатымен жасалған. «Қызға қырық үйден тыйым, мың сан үйден сын» деген халқымыз ұл-қыздың тәрбиесіне зор мән беріп, қыздың ар-абыройын ауыл-аймақ болып қорғаған, жігіттер де ардан аттап өрескел қылыққа бармаған. Қыздың абыройын қорғау міндеті жеңгелеріне бұйырған. Олар айт пен тойда қыздардың жанында ілесіп жүріп, жалғыз жібермеген.

Дана бабаларымыз қыздарының ар-ұятты жоғары қоятын, қылықты, инабатты, ибалы болғанын қалаған. Қыздың қыста жауған ұлпа қардай таза, пәк көңіліне жігіттер де қаяу түсірмей, қорғаштап жүруді, намысын қорғауды міндет деп білген. «Жаным – арымның садағасы» дейтін қазақ халқының әр дәстүрі тәлім-тәрбие, тазалық пен тектілікке тұнып тұр.

7. ОТБАСЫНДАҒЫ ҚЫЗ БАЛАЛАРЫНА КҮРМЕТ КӨРСЕТУ ДӘСТҮРІ

«Шығыс халықтарының арасында, жалпы мұсылман елдерінде әйел затын бөлекше бағалайтын, қарындасты қатты қастерлейтін халықтың бірі де, бірегейі де – біздің қазақ», - деп елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай, қыз баланы кішкентайынан төрге шығарып, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай өсіретін қазақ халқы қыз тәрбиесіне көп көңіл бөлген. Ғасырлар бойы бұл дәстүр үзіліссіз жалғасып, мүлткісіз орындалып жатыр.

Қазақ халқы қыз балаларын жастайынан еркелетіп, қонақ деп күтім жасайды. Қазақ халқының киіз үйінің жартысы қонаққа арналады. Ересек ұлдары жеке отау құрып шығып, кенже ұл әкесінің орнын басады. Қыз да қонақ, күйеуге шыққан соң басқа үйге кетеді. Сондықтан қызды «Қонақ», немесе «Оң жақта отырған қыз» деп атаған.

Бала кезден махаббат пен мейірімге қанып өскен қыз баласынан болашақта туған елі мен жерін сүйетін, өз шаңырағын ардақтайтын, балаларын жақсы көретін қамқор ана, қайратты жан, нәзік ару шығатыны сөзсіз. Дәл осы себепті қыз тәрбиесінде оның жақсы болып өсуі үшін өскен ортасы мен бірге жүретін құрбы-құрдастарының, дос-жарандарының дұрыс болуын қадағалаған. Сөйтіп, қыздар өз үйінде тек төрде отырған. Қыз баласы есік жақта отырса кедейленіп қаламыз деген сенім қалыптасқан. Мұндай көзқарас дәл бүгінгі күнге дейін қазақ қоғамында сақталп келеді.

Төр – киіз үйдегі ең құрметті орын. Үй иесі табалдырықты аттаған қонақты «Төрге шығыңыз», «Жоғары шығыңыз» деген қошеметпен қарсы алады. Қонақ неғұрлым сыйлы, қадірлі болса, ол соғұрлым жоғары отырғызылады. Ертеде киіз үйдің есігі шығысқа қаратылып тігілген. Сонда Күннің алғашқы шапағаты киіз үйдің тура төріне түскен.

Киіз үйдің сол жақ бөлігі әйелдер жағы деп есептеледі. Бұл – отбасылық бөлік. Мұнда сүйекті немесе күмісті тақтайшалармен әшекейленген үй иесінің ағаш төсегі тұрады. Қонақ қанша құрметті болса да, оған үй иелерінің төсенішін пайдалануға болмайды. Үй иелерінің көрпесі немесе жастығына тиіскен жағдайда бақ тайып, жанжал шығады, күйзеліске ұшырайды деп санаған. Киіз үйдің оң жақ бөлігі ерлер жағы деп аталған. Әкесінен әлі бөлініп шықпаған болса, ұлы мен келінінің немесе қызының төсегі төрдің оң жағында,

үй иелерінің төсегіне симметриялы етіп орналастырылады. Оларға жібек шымылдық құрылады.

Үйдің жартысы қонаққа арналады. Үйдің ортасында үш аяқты ошақта Қазан тұрады. Бұл – үйдегі ең киелі орын. Отбасы дегеніміз - оттың бастау алатын орны. Қайда от болса, сонда өмір, тіршілік бар. Мұнда киіз үйдің ішіндегі талаптар мен ережелер қазақ тайпаларының өзіндік мәдениетін қалыптастырып, отбасы тәрбиесінде ұштасып отырды.

Қыз балаларын қонақ ретінде төрге шығару дәстүрі туралы әртүрлі аңыздар мен ырымдар қалыптасқан. Солардың бірі мынадай:

Нұх пайғамбар үнемі қызын дастархан басында отырғанда үш ұлынан жоғары, төрге отырғызады екен. Бұл жайт үлкен ұлы Самның көңіліне күдік салыпты. Ол «Уәсиланың жасы бізден кіші. Неге менен жоғары отыруы керек. Әкеміз бізді алалайды-ау» деп ойлайды. Бір күні дастарханда отырғанда:

– Әке, Уәсила кіші болса да, неге бізден жоғары отыруы керек? Ұлдың мәртебесі әрқашан биік емес пе? – дейді. Сонда Нұх:

– Біздің ырзық-несібеміздің көп болуы Уәсилаға байланысты. Құт қызды жағалап жүреді. Оны босағаға отырғызсаң, шамданады. Төрге шығарсаң, қуанады. Орны жайлы болса, дастарханнан астағамды үзбейді. Тұрмысыңды түзейді, – депті.

Содан бастап Нұхтың үш ұлы қарындасын төрге шығарып, құрмет көрсететін болыпты. Үш ұлынан өрбіген ұрпақ бұл жоралғыны сақтап, берік ұстайды. Қазақ арасында «қызыңды төрге отырғыз», «қызды босағаға отырғызба» деген талап-ырымдар осыдан шыққан екен.

Халық даналығында «Қыз өссе – елдің көркі» деген сөз бар. Қыз бала өмірге келсе, бақ келді, шаттық келді деп ерекше қуанып, қыз тәрбиесіне ерекше көңіл бөлетін болған. Содан да болар «Қызды төрге отырғыз, төрендей күт» дейтін халық қыздарын бақыт құсына балап, ерекше аялап, әлпештеп өсірген.

Ертеде қыз балаға құрметпен қарағаны соншалықты, өзгелер олардың алдында дөрекі сөйлемей, ізет сақтаған екен. Ер-тұрманы күмістен әдіптелген сұлу жорғаларды қыздары мен қарындастарына мінгізіп, киімнің таңдаулысы мен әшекей бұйымдардың қымбатын қыздарына ұсынған. Тіпті жаңа түскен жеңгелері де қайын сіңлілерін атымен шақырмай, «Еркем», «Шырайлым» деп еркелеткен.

Әйгілі жазушы Ғабит Мүсіреп өзінің бір сөзінде «Қазақ қызы ұзатылғанша негізінде екі-ақ түрлі жұмыс істейді: көлден су әкеледі,

шай құяды. Жұмыстың басқа түріне қайын ененің қолында жаттығады», - деп қыз балаға ауыр жұмыс істетпей, әлпештеп өсіргені туралы айтады.

Қазақтар арасында әйелдерге деген өзгеше, ерекше көзқарас қалыптасқан. «Қазақ қоғамында қазақ әйелінің әлеуметтік еркіндігі «қыз салтанаты», «әйел салтанатынан» көрінеді. Ақжүніс, Баян, Қыз Жібек, Құртқа, Назым, Еңлік, Айманның шынайы махабаттары мен сұлулығы қазақ эпосының ғана емес, шығыс халқының эпосының лирикалық образына айналды. Қыз-келіншектер бой түзеп, сән-салтанатпен жүрді. Көш кезінде ауылдың сыйлы бәйбішесі, ерке, сұлу қыздары көштің алдына жүре берген. Себебі ер адамдар, ауыл ақсақалдары көштен бірнеше шақырым озып кеткен, кейде әңгімедүкен құрып, жолда кідіріп, көштен кеш қалып, артынан көш уақытша тоқтаған кезінде қуып жеткен», дейді Т.Қартаева. Бала кезден махаббат пен мейірімге қанып өскен қыз баласынан болашақта туған елі мен жерін сүйетін, өз шаңырағын ардақтайтын, балаларын жақсы көретін қамқор ана, қайратты жан, нәзік ару шығатыны сөзсіз. Дәл осы себепті қыз тәрбиесінде оның жақсы болып өсуі үшін өскен ортасы мен бірге жүретін құрбы-құрдастарының, дос-жарандарының дұрыс болуын қадағалаған. Қазақтың «Қызың өссе, қызы жақсымен ауылдас бол», «Қызға қырық үйден тыйым» деген нақыл сөздері сол өмір тәжірибесінен алынғандығын көреміз. Тарихшы Тәттігүл Қартаеваның айтуынша, белгілі әскери зерттеуші Әбубәкір Диваев 1880 жылдары Сыр бойына жасаған экспедициясы кезінде отбасылық тәлім-тәрбиеге қатысты ырым-тыйымдардың бірқатарын Перовск уезінің қазағы Мұхамедәли Шахмұратовтан жазып алған. Зерттеушінің «Приметы...» атты кітабында (1896) қыз бала тәрбиесі мен тыйым жүйесіне қатысты мәлімет былай деп келтіріледі: «Қыз бала босағаға отырмайды, яғни алдыңғы бұрышқа, әдетте «ақсүйек» сұлтан тегінен шыққан адамдар мен қарттар отыратын құрметті орынға отырады. Бойжеткен қызға әулеттің ұлмен бірге тең құқықты мүшесі ретінде қарайды және соған орай, оған құрмет жасайды. Жалпы алғанда, оны құрметтейді. Қазақтар өздерінің бойжеткен қызға деген құрметін айқын көрсететін ырым қалыптастырған, бұл – құрмет жөніндегі ереже, сонымен бірге өмірде басшылыққа алынатын кең таралған тұжырымға айналған, мұны орындамаған үй қожасын бақытсыздық, жоғарыдан жаза күтеді».

Сонымен қатар, қазақстандық ғалым А.Х.Марғұлан өзінің "Қазақ әлемі" деген еңбегінде Шоқан Уалихановтың Петербургтен

келгеннен кейін орыс достары А.К.Гейнс пен Г.Н.Потанинмен бірге әкесі арнайы дайындатып тіккізген киіз үйде бірнеше күн тұрғандағы оның достарының киіз үй туралы алған әсерлері туралы баяндайды. Онда дала комиссиясының мүшесі А.К.Гейнс қазақ халқының тұрғын үйі - киіз үйдің түрлері: ақ отау туралы, қыз балалары мен ер балаларға арналғаны және т.б. туралы да көптеген пікірлер айтылады. Соның бірі: "Қазақтар қыз балалары тұратын бөлменің рөлін атқаратын жылжымалы үйлер құрып алады. Мен оның кереметтігін сөзбен сипаттап жеткізе алмаймын", - деп қазақ киіз үйінің сырсымбатын таңдана сипаттайды. Қазақ халқы өте талғамы жоғары, әсемдікке жаны құмар, өнерді бағалай білеті. Әсіресе сөз құдіретін жақсы түсінетін және бағалайтын халық болғандығын бәріміз жақсы білеміз. Қыз осы сұлулықтың символы іспетті. Сондықтан, жігіттердің де жақсы мінезін, қылығын, жүріс-тұрысын қызбен байланыстырып сипаттайды. Мысалы, жігіттің жақсысын «Қыздай жігіт», іс-әрекетіндегі ұқыптылығын «Қыздың жиған жүгіндей» деп сипаттап жатады. Бұл да жақсылықты қызбен теңеу қызға деген құрметтің белгісі. Қыздар өсіп жатқан үйдің мәртебесі де өзгеше болған. «Қызы бар үй» деген мәртебе – сол отбасында тазалықтың, дәмді тамақ пен күтімнің, силастық пен әсемдіктің, жайлылық пен жылылықтың бар болатынынан дерек берген.

Бұдан шығатын тұжырым, қазақ халқы қыз балаларын сұлулықтың символы ретінде қабылдап, бар сұлулық атаулысын қыздар үшін және қыздармен іске асырғандығын көреміз. Сондықтан, болашақ жас ұрпақты адамгершілігі мол, иманды, өнегелі, өнерлі етіп тәрбиелеу үшін ата-бабалар салған жолмен жүріп отыру бүгінгі отбасындағы қыз балалар тәрбиесін ұлттық құндылықтарымызбен сусындата отырып заман талабына сай етпек.

8. ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫЛАРДЫҢ ОТБАСЫЛЫҚ МІНДЕТТЕРІ

Қазақ халқының отбасы тіршілігінде ата-аналардың міндеттері мен ұрпақ тәрбиесіндегі өнегелерінің талаптары нақтылы айқындалып, көрсетілген. Өнеге ең алдымен ата-ананың жеке басының қасиеттерімен және ерлі-зайыптылық қарым-қатынастан бастау алуы тиіс. Ерінің отбасы тіршілігіндегі үлесі мен әйелдің отбасы тіршілігіндегі міндеттері нақтылы көрсетіліп, соның нәтижесінде отбасында өсіп келе жатқан ұл-қыздарға әлеуметтік тәжірибені беріп, бойына қалыптастыратын дәстүрлі тәлім орын алады.

Отбасы тәрбиесі тіршілігінен туындайтын әрбір ерлі-зайыптылардың өзара қарым-қатынасының жарастығы, олардың ата-аналық парызы ретіндегі балалары алдындағы міндеттері, сондай-ақ, ұрпақтарына берген тәрбиенің нәтижесі ретінде алған балалары тарапынан өздеріне деген сый - құрмет нормалары әрбір отбасында белгілі.

Отбасының мемлекеттің бір бөлігі ретінде рөлін ескерер болсақ, сол кіші мемлекетті басқаруда басшыларға қойылатын талаптар, ата-аналардың отбасы міндеттері халық даналығында керемет көрінісін тапқан. Оның бір көрінісі отбасының басшылары әке мен ананың отбасы алдындағы қызметтерін және отбасы басшылары әрі тәрбиешілері ретіндегі өзара бір-бірінің алдындағы міндеттері қазақтың мақал - мәтелдерінде тиімді көрініс тапты. Мысалы, *"Ерге жаққан әйел елге жаққан"* деген мақалдың астары әйел баласының жақсылығы ең алдымен отбасынан бастау алуы керектігін міндеттесе, *«үш күндігін ойламаған әйелден без, үш жылдығын ойламаған еркектен без»* деген мақалдың астары отбасы қажетін қанағаттандыру қашан да ер азаматтың міндеті екендігін дәлелдейді. Ал, әйелдің *«үш күндігі»* деп отырғандығы жақын күндердегі қажеттіліктерді ұйымдастыру дегенді меңзейді. Әйел адамға қарағанда ер азаматтың отбасындағы абыройы мен қадір - қасиеті оның ақылдылығы мен табыс көзімен айқындалады, яғни ер қаншалықты отбасы мүшелерін сұранысы бойынша тиісті мөлшерде асырап, қамтамасыз етіп отырса, оның өз ортасында беделі жоғары болмақ. Керісінше болғанда, ер кісінің қадір - қасиеті түседі. Қазақ даналығы мұны да ескертіп мақал - мәтелдерінің астарымен жеткізе білген. Оны *«Әйел ерге қарайды, ер жерге қарайды»* деген мақал дәлелдейді.

Ер азамат жерге қарамау үшін яғни беделін түсірмеу үшін өз міндетін естен шығармауы тиіс дегенді білдіреді. Ер азаматтың абыройын сақтау отбасындағы әйелге де байланысты. Ынтымақтастықпен өзара түсінісе отырып тіршілік ету қашан да жақсы әйелдің жаман еркекті адам етуіне мүмкіндік берген. Сондай - ақ, бұл мақалды *"Әйел - үйдің көркі, еркек - түздің көркі"* деген қатар жолдары толықтыра түседі. Бұл тағы бір рет еркек түзде жүріп мал табуға, ал әйел соны үйде ұқсатуға жаралған жандар екендігін дәлелдейді. Бұл ойдың жалғасын *"Жақсы әйел - ырыс, жаман әйел - ұрыс"* деген мақал сипаттайды. Мұндағы ақылды да еңбекқор әйел қашан да ерінің тапқанын дұрыс ұқсатып, отбасы ырысының берекесін келтіріп отырады дегенді айтса, ал ақылы қысқа, салақ әйел ерінің тапқанын дұрыстап ұқсата алмай, отбасы берекесін кетіріп отыратынын ескертеді. Әрине, ондай отбасында қашан да ұрыс - жанжал үзілмей, байбаламның себебі жоқшылық пен жетіспеушіліктен туындап отырады.

Сондай - ақ, *"Ердің жақсысы елімен ойласады, әйелдің жақсысы ерімен ойласады"* деп әйел азаматының отбасы тіршілігінде оның асыраушысы әрі басшысы отағасымен ақылдасып отыруының орынды екендігін дұрыс көреді.

Ер адамдар мемлекеттік жұмыстарды да әйелдермен ақылдасып шешкен. Олардың өз балаларын тәрбиелеу үшін еркін болуы, бала тәрбиесімен жемісті шұғылдануы қарастырылған. Жанұядағы еңбектің бөлістірілуі, әйелдер үлесіне жанұяны басқарудың тиістілігі әйелдердің жоғары дәрежедегі құрметке ие болуына алып келді. Түрік халықтары балаларды айрықша қастерлеген. Ұрыста қолға түскен құл-күң балалары болса да оларды тәрбиелеуді өздерінің міндеті деп түсінген. Адам баласы адамгершілік тәрбиеден тыс қалмауы керек деген пікірде болып, жетім асырап алған балаларды өз балаларынан кем тәрбиелемеген.

Отбасылық қатынастар ерлі-зайыптылардан жоғары адамгершілікті психологиялық мәдениетті, имандылық қасиеттерді талап етеді. Бір біріне адал болмау, бойын нәпсіге жеңдіру, ішкілікке салыну сияқты кесапатты қасиеттерден ерлі-зайыптылардың сақтануы, олардың бір - біріне деген адалдығы мен ұстамдылығы, татулығы мен өзара сипастығы өз отбасылары мен балаларының өскендегі тәрбиесінің жемісі. Себебі, өнегелі отбасында ғана өнегелі ұрпақ тәрбиеленеді. Әке мен шешенің өзара сыйластығын, жолдас - жора мен ағайын - туысқа деген ілтипатын, ұл - қызға бағытталған

қамқорлығын көріп өскен ұрпақ қана ержеткенде өздері де берік отбасы іргесін құра алады.

Ата-ананың отбасы тәрбиесін басқарудағы басты міндеті өз перзенттеріне бақытты ғұмыр кешуге қажетті қасиеттер мен сапаларды қалыптастырудан тұрады. Осы тұста түріктің ұлы ғұламасы әл-Фарабидің "Адам өмірге бақытты болу үшін келеді. Бақытты болудың бірден - бір шарты - оның жақсы мінезінің болуы. Кімде - кім бақытсыз болса, оған ешкім де кінәлі емес, оған оның жаман мінезі кінәлі", - деп айтқан сөзі бар. Олай болса, жақсы тәрбиенің бір көрсеткіші жарасымды мінез - құлықтың болуы. Сондықтан, әрбір ата-ана балаларының мінезінің дұрыс қалыптасуына көңіл аударып, бақылауы тиіс. Жақсы мінез - ақылдылықтың көрінісі. Өйткені, ақылды, парасатты ой оның мінез - құлқында көрініс тауып, адамды көркейте түседі. Тән сұлулығы болмаса да адам ақылымен, жарасымды мінезімен сымбатты да сүйкімді бола алады. Бұл жөнінде тағы да ғұламаларымыз: *ақыл деген қымбатыңның қымбаты, ақыл жоқта құнсыз тәннің сымбаты*, -дей отырып, адамның тән сұлулығы жан сұлулығымен үйлесім тапқанда ғана ол нағыз сүйкімді де, тартымды болмақ дегенді айтады.

Екіншіден ата-ана балаларының мінез-құлқы мен жүріс тұрысының тек ата-аналарының өнегесімен емес, бауырларының өнегесімен де қалыптасатынын ескеріп, перзенттің үлкеніне үлкен жауапкершілікті артқан. Шындығында да, қазақ отбасында тұңғыш перзенттің жауапкершілігі қашан да үлкен болған. Сондықтан, отбасында үлкеннің үлкендігін ескертіп, оның кішілерге өнеге екендігін, соның үлгісі артынан ерген бауырларына жол салатынын айтып отырған.

Өйткені, қазақта «Алдыңғы арба қайда барса, соңғы арба сонда барады» деген сөз бар. Отбасындағы балалар үлкеніне қарап бой түзейтіндіктен, отбасы тұңғышы кіші бауырларына өнеге көрсетіп отыруы тиіс. Оны ата-ана үнемі перзенттеріне ескертіп, есіне слып отырады.

Отбасында тек ата-аналардың ғана міндеттері мен құқықтары емес, сонымен бірге онда тәрбиеленіп жатқан балалардың да ата-аналары мен бауырлары арасындағы өзара міндеттері мен құқықтары қазақ қоғамында айқын. Оған дәлел халқымыздағы: «Ағасы бардың жағасы бар, інісі бардың тынысы бар», «Үлкен тұрып, кіші сөйлегеннен без, апа тұрып сіңлі сөйлегеннен без», «Ағаға қарап іні өсер, апаға қарап сіңлі өсер» деген өнегелі өсиеттер тегін

айтылмаған. Бұл үлкеннің кішіге үнемі қамқор болуын міндеттесе, ал, кішінің үлкенге үнемі қолқанат көмекшісі болатынын міндеттеп тұр. Туысқандар арасындағы өнегелі қарым - қатынас үлкенді - кішілі адамдардың өзара сыйласуынан, қайырымдылығынан, кішіпейілділігінен, адалдығынан туындайды. Жас ұрпақтың ақыл - есінің, мінез - құлқының қалыптасуы өскен ортасының өнегесі мен алған тәрбиесіне байланысты. Сондықтан да қазақ ежелден ағалы - інілі, апалы - сіңлілі адамдар арасындағы татулықты, бауырмалдықты насихаттап отырған. Сондықтан, *"Аға ішкен бұлақтан, іні де су ішеді"*, *"Ағадан қалғанды іні киіп өседі, Ападан қалғанды сіңлі киіп өседі. Көргендерін бойына түйіп өседі"*, - деп отбасындағы апа - сіңлілер мен аға - інілердің өзара қарым - қатынасы мен жүріс - тұрысының бір - біріне өнеге болатындығын айтқан. Үлкен перзенттің жауапкершілігін түсіндіріп, оның соған лайықты болуын құлағына құйып отырған.

Отбасындағы ата-аналар балаларына мейірімділіктің дәнін бойына сіңіріп, «не істесең алдына сол келеді» деп жақсылық атаулысынан қашпауды, өзгеге көмек қолын созуды әрдайым әдетке айналдыруды насихаттап отырған. *"Атаңа не қылсаң - алдына сол келеді"* деп ата - ананы сыйлау әрбір баланың парызы екендігін ескертсе, *"Атадан жақсы ұл туса, есіктегі басын төрге сүйрер. Атадан жаман ұл туса, төрдегі басын жерге сүйрер"* деп ата - ананың абыройы балаларының дұрыс тәрбиесі екендігін ұл - қыздарына ескертіп, тәртіпті де жаман қылық көрсетпеді насихаттап отырған.

Ат-ананың балаларына берер тағы бір тағылымды мұрасы – балаларын еңбек етуге баулу. Еңбекке деген жағымды көзқарасты отбасында қалыптастыру басқа тәрбиелердің барлығының бала бойына сіңуіне негіз болады деп санаған халқымыз, еңбектің адам өміріндегі маңыздылығын *"Еңбек түбі береке"*, *"Еңбек етсең ерінбей - тояды қарның тіленбей"* деген мақалдармен жеткізген.

Жас балаларға дейін отбасы тіршілігінде өз міндеттерін бөліп беріп, бос қалдырмаған. Соның ішінде қыз балаларының еңбектегі міндеттері негізінен үй шаруасы мен қазан-ошақпен байланысты қалыптасқан. «Еңбегі қаттының ембегі тәтті», «Еңбек — өмірдің тұтқасы, тіршіліктің көзі», «Еңбек – түбі береке», «Үнемшілдік-сараңдық емес», «Ескі киімді баптағаның, жаңа киімді сақтағаның», «Сараң дүниенің малын жыйса да тоймайды» деген мақалдар арқылы қыз балаларын киім-кешектерді күтіп ұстау мен отбасы нәсібін

төкпей-шашпай жұмсауға үйреткен.

Сонымен қатар, қазақ қыздарын үй іші шаруашылығында мал өсіру, оны баптап күту арқылы сүт-майы мен құртын молынан алып, дастархан мәзірін қамтамасыз етіп отыру да әйел адамның еңбекқорлығымен келетін дүниелер екенін білген. Үй шаруасына икемді болып, қыз балаларының болашақтағы келіндік міндеттерін адал орындауының бір қыры осы мал өнімдерін де дұрыс пайдалану қабілетімен байланыстыра отырып, «Мал өсірсең – қой өсір, өнімі оның көл-көсір» деп қой малының пайдасының зор екенін ұғындырса, ешкінің өсімталдығымен оның да пайдасы көп екендігін: «Есің кетсе ешкі жи, ешкі жи да, есіңді жи» деп нақты ұғымды кеңестер береді.

Сондай-ақ қазақ отбасы тәрбиесінде ғасырлар бойы қалыптасқан, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан отбасы мүшелерінің қатынасының маңызы зор. Қазақ халқының отбасы тәрбиесіндегі өзіне тән жарасымдылықтың бір қыры олардың жасы кішісінің үлкеніне «сен» деп сөйлемей, алдын кесіп өтпей, үлкен тұрып кішінің, әке тұрып ұлдың, шеше тұрып қыздың орынсыз сөйлемейінде деп есептемейміз. Қазақ отбасындағы бала тәрбиесін ұл тәрбиесі, қыз тәрбиесі деп жеке-жеке мән беріп қарастыруда оның өзіндік ерекшеліктерінің ішіндегі маңыздысының бірі.

Қазақ халқында отбасындағы ата-аналар мен балалардың көршімен тату болу мәселесі де ондағы тәрбиеге ықпал етуші маңызды *әлеуметтік фактор* ретінде қызмет еткен. Ағайын - туыс, көрші - қолаң болған соң аралас - құраластық басталып, үй - ішінде барыс - келіс пен алыс - беріс орын алады. Баланың тәрбиесіне ортаның ықпалы жағымды ықпал етуі үшін ата – аналар ондай ортаны үй сатып алуда ескерген. Оны қазақ халқының "Үй алма, көрші ал" немесе „Қызың өссе қызы жақсымен көрші бол, ұлың өссе ұлы жақсымен көрші бол“ деген мақалдары дәлелдейді. Осылайша ұл-қыздарын қоршаған ортамен қашанда жағымды қарым-қатынаста бола отырып, өздеріне де жағымды қатынасты қалыптастырған.

Ізгілікті іс-әрекеттерді адамның өзінен бастауын насихаттай отырып, ізгі адам болудың жолдарын отбасындағы ата-аналар өз болмыстарымен және өзгмен қарым-қатынасы арқылы өнеге еткен.

9. ҚЫЗ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ӘКЕНІҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Отбасындағы балаларға деген қатынас ата - аналардың көңіл - күйі мен болмысын танытқан. Қазақ балаларды ұрыспаған және ұрмаған. Әсіресе, әкесі қыз балаларын ренжітетіндей сөз айтып, көңілін қалдырмауға тырысқан. Қазақта әкесі қызына қол көтерсе, қызы бақытсыз болады деген түсінік бар. Әсіресе, қонақтың, бөтен адамның көзінше баланы ұрсу не дауыс көтеріп айқайлап сөйлеу өрескел қылық болған. Оның себебі, бөтен адамдар өздерін ыңғайсыз сезінуі мүмкін. Осы тұста қазақта: *«Қонағын сүймеген, баласын ұрады, не үйін сыпырады»* деген мақал айтылады.

Қазақ ер балалары отбасының асыраушысы болатындықтан негізінен түздің адамы екендігін, ал қыз балалары негізінен отбасы - ошақ қасының киесі екендігін ескере отырып, *"Ұл баланың үй күшік болғаны жараспайды, қыз баланың қыдырмашы болғаны жараспайды"*, - деп ер балалары мен қыз балаларының жыныстың ерекшеліктеріне сай жүріс - тұрыс жарасымдылығы мен ерсі қылықтарының алдын алу шараларын да қарастырған. Жалпы қазақ мақал-мәтелдері, терме, тыйымдар мен ырымдар, нақыл сөздер мен ертегілер, аңыз әңгімелер арқылы отбасында тәрбиенің барлық түрлеріне баулып отыруға мүмкіндік бар.

Әке тәрбиесі баланы материалдық тұрғыда қамтамасыз етумен ғана шектелмейді. Қыз баланың дамуында, толыққанды азамат болып өсуінде анасының бере алмайтынын әкесі бере алады. Жақсы тәрбие әке мен ананың бірдей атсалысуынан қалыптасады.

Үш жасқа жеткенде қыз ер адам мен әйелдің айырмашылығын біле бастайды. Осы уақытта қыз балада әйел затына тән қылықтар мен әдеттер дамиды. Анасынан гөрі, әкесінің жанында өзін еркін, «ханшайымдай» сезінеді, тек әке ғана қызының нәзіктігі мен сүйкімділігін қалыптастыра алады. Ал, анасы баласының жынысына мән бермейді. Әкелер алғашқы күннен-ақ сәбиін бала немесе қыз ретінде қабылдайды. Сондықтан толыққанды отбасыларда қыздарға тән нәзіктік, биязылық пен ұяңдық ертерек дамиды.

Әкенің қыз тәрбиесінде алар орны өте маңызды. Қыздың дамуы, болашақ жарымен қарым-қатынасы, отбасылық өмірдегі жетістігі мен өзін-өзі танытуы дәл осы әкенің қызына деген қарым-қатынасына байланысты қалыптасады. Қыздар болашақ жарын әкесіне ұқсатып таниды.

Қызына жылы сөйлеп, үнемі мақтап отыратын әке қыздың өзін-

өзі бағалап, үлкен жетістіктерге жетуіне, дұрыс жолды таңдауына себепкер болады. Ал «Қызды қырық үйден тый» деп жөнсіз дәрекілік танытып, кемсітіп, ұрсу қыздың жігерін жасытып, адам болып, әйел болып қалыптасуына кедергі келтіреді. Ескерту жасағанда да «қзым, оның дұрыс болмайды», «қыз балаға ол қылық жараспайды» деген секілді сыпайы түрде айтқан жөн. Сондай-ақ, қыз баланы балиғат жасқа толғанда тым еркелетіп, айтқанын екі етпей орындай беру де дұрыс тәрбиеге әкелмейді. Өйткені, ондай әрекет, әрдайым өз дегенім болуы керек деген сыңарезу мінездің қалыптасуына алып келеді.

Анасы қызын үй шаруасына баулып, ертеңгі күні бір үйдің келіні болатынын, ана болатынын айтып отырса, әкесі өмірдің басқа да жалпы түсініктерін қалыптастыра отырып болашақ өмірге дайындайды. Қызымен бірлесіп ойындар ойнау, логикалық есептер шешу, сабағын бірлесіп оқу – қыздың дамуындағы маңызды сәттер. ейірімділік таныту, көмек сұраған сәттерінде қол ұшын беріп, ақылын айту – әкенің міндеті. Сондықтан, қыз отбасында не көрсе, соны болашақ ұясында жасайтынын естен шығармағанымыз жөн.

Таусыз жерде де бұлақ ағады, бірақ таудан аққан тас бұлақтай арыны қатты, суы мөлдір болмайды. Содан да оның жағасындағы құрақ жайқалып өспейді. Рас, ата-ана қос қанат секілді, бірі болмаса, самғап ұша алмайсың. Олардың балаға ересек өмірдің қиындықтарын еркін еңсеретін қуатты да қайсар болып өсуі үшін берер тәлімі мен көрсетер өнегесі аз емес. Әсіресе, біздің халқымыздың бұған дейінгі өмір салтында ұл бала әкеден шаруашылықтың қыр-сырын үйреніп, іске шебер, өнерлі, сөзге шешен болып өскен. Ал қыз бала анасынан ас даярлауды, қонақ күтуді, үлкендерге ізет көрсетіп, кішілерге қамқор болуды бойына сіңіріп өседі. Аналары оларды қолөнерге жастайынан баулыған. Оған күні кешеге дейін қазақ қыздарының қолынан кестелі орамалы түспей келгені дәлел.

Әйел заты нәзік жаратылыс. Оның табиғаты тылсым, құпияға толы. Асыл дінімізде әйел затының осы бір мінезіндегі ерекшелігін былай жеткізген: «Әйел қабырғадан жаратылған. Ал, қабырға - қисық, оны бірден түзетем деп күшке бассаң, сындырып аласың. Ал түзетпесең, ол қисық күйінде қалып қояды». Міне, біз бұдан қыз баланы тәрбиелегенде шойын шапалақтан көрі қас-қабақтың, тыйым сөздердің, мейірім мен махаббаттың, ақыл айтып, жөн көрсетудің әлдеқайда көбірек нәтиже беретінін ұғамыз. Әке қыз баланың алдында асқар таудай биік болуы тиіс. Сондықтан тағы бір ескерер

нәрсе, әке қыз баланың әр қателігіне араласа бермеуі керек. Көбінде, «айт ана қызына, өйтпесін, бұйтпесін» деп, анасын салған жөн. Себебі әйел адам секілді жиі ұрса беру әкенің сөзінің құнын түсіріп, қадірін қашырады. Қыздар ұл балаларға қарағанда ерке, назарға бөленгісі келіп тұратын болып келеді. Сондықтан әкелер қызына әрдайым назар аударып, көңіл бөліп жүруі тиіс. Сабақтан жақсы баға алып келсе де, бір конкурста жеңіске жетсе де оған міндетті түрде жылы сөз айтуды ұмытпаған жөн. Бұл қыз баланы жігерлендіреді әрі оларға бұндай сөзді әкесінен есту әлемнің бар асылынан да қымбат болып тұрады. Қыз баланы жаманшылықтан тыю үшін әкенің ыстық махаббаты ананың қырық ақылынан да артық келеді. Сондықтан әке мейірімін аямауы керек. Жақсылық пен жаманшылықтың бірін тандау керек болған кезде, қыз бала «әкемді жерге қаратпаймын» деп, сіздің махаббатыңыздың арқасында жаза басудан аман қалатынын біле жүргеніңіз дұрыс.

Қаншалықты оқыса да ақша таппайтын немесе үйдің керек-жарағын қамтамасыз ете алмаған еркек мұсылман бір жанұяға лайықты болмағаны сияқты, қаншалықты оқыса оқысын, үй шаруасына олақ, үйдің ісін атқара алмайтын бір әйел де мұсылман бір жанұя үшін лайықты әйел болып табылмайды.

Сондықтан да Ислам қоғамында мұсылман отбасы қаншалықты қажет болса, мұсылман отбасы үшін үйдің қажеттілігімен қамтамасыз ете алатын әке мен үй шаруасын жақсы білетін әйел соншалықты қажет.

Бүгінгі күні отбасындағы ата-аналар тәрбиеде балаларына аса қаталдық танытпау керек деген қағиданы ұстанып жүр. Заман басқа, қазіргі балаларды қорқытып немесе талап қойып айтқаныңды істете алмайсың деп ойлайды. Әйтсе де, отбасы ішіндегі ата-ана мен балалары арасындағы қарым-қатынаста ата-бабаларымыз ұстанған талаптарды сақтау маңызды. Әкенің өз өнегесі мен жауаптылығын жоғары қояр болсақ, отбасындағы балалар құрмет тұрарлық күшін пайдалану қажет. Отбасындағы ата-ананың бірі талап қойса, екінші мейірім бере отырып, қыздарына өз көздеген мақсаттарын түсіндіруі тиіс. Әкенің қыз тәрбиесіндегі ықпалын аналарымыз ескере отырып, тиімді әдістерді пайдалана алуы қажет.

10. ҚЫЗ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ АНАНЫҢ РӨЛІ

«Әйел бір қолымен бесік тербетсе, бір қолымен әлемді тербетеді», – дейді дана халқымыз. Әулеттің ұрпағын өрбітіп, келешек келбетін қалыптастыратын да ағайын арасын жақындастыратын, тіпті, ел мен елді жақындастырып, табыстыратын – жаны нәзік қыз баласы. Соны білген текті халқымыз қыздың тәлім-тәрбиесін, мінез-құлқы мен жүріс-тұрысын жіті бақылап, назарда ұстаған.

«Қыз» деген сөздің өзін әдеміліктің, әдептіліктің, сұлулықтың белгісі ретінде қолданған қазақ халқы қыз баласын жастайынан болашақ ана, әулеттің абыройы деп танып, ел арасын байланыстырушы елші, ру татулығын қамтасыз етуші тұлға ретінде тәрбиелеген. Ата-бабамыздың салт-дәстүрін бүгінгі қыз бала тәрбиесіне пайдалана білсек, тәрбие көрген қазақ қыздары ерлерін пір тұтып, оның ата-анасы мен бауырларын құрметтеп, үлкеннің алдын кесіп өтпей сыйлап, қадірлейтін болады. Мұндай әйелдерді ер-азаматтар да қатты құрмет тұтады.

Қазақ қыздарына тәрбиені от басында жүрген аналары өздерінің иманжүзділігімен, ақылдылығымен, қонақжайлылығымен үлгі - өнегесін, қасында жүріп, көрсетіп, үйрету, арқылы тәрбиелеген.

Қыз тәрбиесін аналарымыз бесіктен бастаған. Сәби дүниеге келісімен анасы оның бесігіне сүйеніп отырып, жас нәрестеге арнап, ыңылдап өлең айтып, әлдилеп, еркелетіп өсірген. Анасының сазды әуенін естіп өскен қыз қатігез болмайды, бауырмал болып өседі деп ой түйген. Осы тұста Ресей ғалымы И.С. Карабулатова бесік жырының қай ұлттың болмасын баласының психикасына оң әсер ететінін, оның мінез-құлқын реттеуге, жүйке жүйесінің бір қалыпты жұмыс істейтіндігін психологиялық-физиологиялық тұрғыдан дәлелдейді. Оның зерттеулері жылап жатқан кез-келген сәбиді жұбату үшін бесік жырын орындағанда оның тынышталып, ұйқыға кететінін дәлелдеген.

Әжелер мен аналар қыздарын отбасында түрлі өнер мен еңбекке үйреткен. Отбасы үлкендері (Әжелер мен аталар) адамгершілік мақал - мәтелдер, жырлар, жұмбақтар және т.б. ауыз әдебиетінің үлгілерін ұрпақ тәрбиесінде кеңінен пайдаланған. Тарихқа көз жіберсек әжелер ұлы адамдарды тәрбиелеуде ерекше қызмет жасаған. Мысалы, Абай, Ыбырай, Шоқан, Мұхтар т.б. өмір жолдары соған дәлел.

Қазақтың өте бай халықтық эпосы халықтың ой - арманы мен

мақсат- мүддесін білдіреді, әрі адамгершілік және эстетикалық тәрбие беруде, жаңа адамды рухани жағынан байытып отыруда үлкен маңызы бар. Эпостарда бейнеленген құнды педагогикалық идеялар қыздарды моральдық - эстетикалық тәрбие беруге және музыкалық - эстетикалық жағынан олардың өй - өрісін дамытып отыруға мүмкіндік жасайды.

Бала тәрбиесінде ата-аналардың ішінен әсіресе әйел адамның тәрбие ісімен шұғылдануын "Қыз балаларға тәлім-тәрбие берумен ер кісілердің емес, әйел кісілердің айналысқаны жөн" деп көрсетеді хадисте. Ислам әйелді құрметтеп оған үйінде яғни отбасында атқаратын ұлы жұмыс - бала тәрбиелеуді жүктеді. Кім біледі, әйел тәрбиелеп жатқан бала үшін үлкен болашақ бар шығар. Мүмкін ол мемлекет басшысы немесе әскери басшы, тіпті қоғам қайраткері болатын шығар. Осы тұста бір данышпан: "Бесік тербетіп тұрған әйел бүкіл әлемді тербетіп тұрғандай" деген екен.

Аналар қыз балаларды болашақ отбасылық өмірге даярлауда жастайынан гигиеналық және әдептілік нормаларын айтып, жүйелі түрде сырласып ақпараттармен бөлісіп отыруы тиіс. Өкінішке орай қазіргі таңдағы отбасыларында аналардың басым бөлігі күн көріс қамымен қыздарының қалай өсіп жатқанынан хабардар бола бермейді. Олардың тамағы тоқ, киімі бүтін, қажетіне қаражаты жеткілікті болса аналық қамқорлығым мен мейірімімді беріп жатырмын деп ойлайды. Дегенмен, қыз баласының болашақта қоғамнан өз орнын тауып, әйел бақытына қол жеткізуіне бұл қамқорлықтар жеткіліксіз болмақ. Қыз тәрбиесінде ананың рөлі өз өнегесі мен қарым-қатынасы негізінде қыз баласына үлгі бола білуінде. Қызының болашақ отбасын құрудағы міндеттері мен әйел бақытына жеткізер қасиеттерді түсіндіріп отыруы тиіс.

Сондықтан ата-ана балаға үңіле қарап, үнемі бақылап, қыз баласының жан дүниесіне оң әсер ететін іс-әрекеттерді дағдыға айналдыру керек.

Бұдан бірнеше жүздеген жылдар бұрын арап ру басыларының бірінің қызына құда түсіп, сөз байласады. Туған ұясынан ұзатылғалы отырған қызын қасына оңаша алып, анасы мынадай өсиет айтқан екен:

«Қызым, егер ата-ананың байлығы себепті тұрмысқа шығуға мұқтаждық болмаса, сенің де туған ұяңды тастамауыңа болар еді. Өмір біз ойлағандай емес. Біз еркектер үшін жаралғанбыз, ал еркектер біз үшін жаралған.» Ертең өзің туып-өскен ұяңды тастап, өмірі

көрмеген, білмеген адамның өмірлік жолдасына айналасың. Бейтаныс үйде өмірлік жолдасыңмен араң бұзылмас үшін, саған бірнеше өсиет айтайын. Осыларды іске асырсаң екі дүниеде де бақытқа кенелесің. Ал, қызым, маған құлақ сал:

1. Қанағатты бол, яғни күйеуіңнің әкелген азық-түлік, киім-кешегін разылықпен қабылда. Өйткені, қанағат жүрекке рахат сезімін ұялатады.

2. Айтылған сөздерді әрдайым ықыласпен тыңда және оған бойұсын. Өмірлік жолдасыңа қарсы келмей онымен пікірлесіп, ынтымақта бол. Мұндай қылығыңмен Алланың разылығына ие боласың.

3. Өмірлік жолдасыңның көзіне түсуі мүмкін нәрселерге зер салып, ісіңді ұқыпты ұста, оның көзі ешқашан жайсыз нәрселерге түспесін.

4. Жаман иісі шығуы мүмкін нәрсеге көңіл бөл. Оларды тауып тазала. Үйіңнен әр қашан хош иіс шығып тұрсын.

5. Тазалық суға байланысты, барлық нәрсе сумен тазарады.

6. Еріңнің тамақтану, ұйықтау уақыттарына көңіл бөл. Тамақты оның әдеті бойынша әзірле. Өйткені, аштық ашу шақырады, ұйқысыздық қапаландырады.

7. Еріңнің жақындарымен жақсы мәміледе бол. Олар сенің жақсы әйел екендігіңді дәлелдейді.

8. Еріңнің сырын ешкімге айтушы болма. Егер ол біреуден еститін болса ренжіп қана қоймайды, өзіңе опасыздық жасауға себеп болады.

9. Еріңді құрметте, сөз қайтарып қарсы шықпа. Қарсы келіп дау шығарсаң, өзіңе дұшпан ретінде әрекет етуіңе себепші боласың.

10. Ерің көңілі түсіп отырса, сен қуанышты көңіл-күйде жүрме. Оның уайым-қайғысына ортақтасып, сен де сондай көңіл-күйде болуға тырыс.

Міне, осындай ғибратты сөздерді әрбір отбасындағы ана өз қызына айтып, үйретіп, санасына сіңіріп отыруы тиіс. Мұсылман әйеліне тән сабырлылық, төзімділік, инабаттылық сияқты асыл қасиеттер ана сүтімен дариды. Сонымен қатар, шыдамсыздық, көрсеқызарлық сияқты абыройсыздыққа ұрындыратын әдеттер де нашар тәрбиенің жемісі. Ата-бабамыз «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деп текке айтпаған. Анасының айтқан өнегелі сөздерін қызы жүрегіне сақтап, жүзеге асырса әулетіне силы, ортасында абыройлы болары анық.



Жастардың бастаңғы кешінен көрініс



Алтыбақан



Қазақ қызының сәукелесі



Қыз бен жігіттің онаша кездесуі



Қыз бен жігіттің кездесуі



Қыз көру сәтінен көрініс



Қазақтың құдалық дәстүрінен көрініс



Ененің келінді күтіп алу сәті

Халқымыз қыздың қарым-қатынасындағы түрткілері мен мінез-құлқымен қатар киім кию мәнеріне де назар аударып отырған. Қыздың болмысына, эстетикалық талғамына ықпалынан бөлек, қазақ қызы киген киімнің біз біле бермейтін басқа да мәні, сыры бар. Қыз өзі көзтартарлық сымбатты болса, көптің назары қызда болары анық. «Елеусіз өскен қыз жаман» деп қазақ қызын қай жағынан болсын көзге түсетіндей қылықты болуын мақсат тұтып тәрбиелегендіктен, оны сырт көз тиюден де қорғау шараларын қарастырған. Сонлықтан, қыз баланың киіміне, оның әшекейіне де қатты көңіл бөлген. Үш-төрт жасынан-ақ қыз балаға бала білезік соқтырып, қолына таққан. Құлағына бағалы сырға таққан. Басына тақия кигізіп, тақиясын әр түрлі күмістермен, моншақтармен әшекейлеген. Басына үкі таққан. Мұның барлығы – қыз баланы көз тиюден қорғау. Осылайша, кішкентай кезінен қыз баланың эстетикалық талғамын қалыптастырған. Жалпы, қазақ халқында киімнің, әшекей-бұйымның қымбатын қыздар киген.

Қызына киімнің қымбатын киігізіп, етік-жеңін қымтауды, ар-ұятты бойына сіңірген ата-бабаларымыз қыз баласының тал бойындағы жақсы қасиеттерінің барлығын қалтарыс қалдырмаған. Бүрмелі қос етек көйлек, бешпет, тақиясын кигізіп, беліне түскен салалы бұрымын әсемдеп өріп, шолпы таққан.

Сондай-ақ қазақ танымында қыз баласының болмысы қандай нәзік болса, оған қатысты мәселелердің барлығы да соншалық нәзік. Басынан құс ұшырмай, алақанында аялаған қазақ ұзатылған қызға барған жеріне «тастай батып, судай сіңуін» бар жүрегімен тілесе, шаңырағынан ұзамаған қыз жайлы жұмсақ қана «оң босағада отыр» дейді.

«Жалпы қазақ халқында «Қызды оң босағаға отырғызды» деген сөз теңеумен айтылған. Босаға – қашаннан да қасиетті. Киіз үйдің босағасы – қасиетті орынның бірі. Ал «оң босағада отырды» деген сөз қыздың босағада отыруын емес, қыздың өз әке-шешесінің үйінде тәрбиеленіп жатқандығын, әлі ұзатылмағанын білдіреді.

11. ҚАЗАҚ ОТБАСЫНДАҒЫ ҚОНАҚ КҮТУ ДӘСТҮРІ

Қазақ халқының ұлттық құндылығы болып саналатын және ұлттың болмысынан дерек беретін тамаша дәстүрі – қонақжайлылық. Сондықтан, әрбір отбасында қыз балаларын жастайынан аналары қонақ күтуге тәрбиелейді. Өйткені, қонақтың ризалығы мен оның күтімі дәстүрімізге енген жоралғыларды білумен айқындалады.

Әрбір қазақ отбасындағы барлық жақсы қонаққа ұсынылады. Өйткені, халқымыз отбасына келген барлық жақсылық, ырыс, құт қонақпен бірге келеді деп түсіндіреді. Сондықтан қазақта қонақ арнайы шақырумен де, шақырусыз да келе беретін болған.

Келген қонақты аттан түсіріп, атын байлап, оған азық берген. Үйдегі кішілер, әсіресе балалар жасына қарай, келген қонақпен қол беріп сәлемдеседі: «Ассалаумағалейкум», «Хош келіпсіздер!» сөздері айтылып болған соң, жамбасына қалың қабылған құрағы әдемі қонақ көрпе төселіп, қолтығына жастық қойылады. Егер сырт киіммен келсе шешуіне көмектесіп, өз қолына алып киім ілгішке іледі.

Жайғасып отырған соң, «ат - көлігіңіз...», «ауыл – аймағыңыз...», «мал – жаныңыз аман ба?», «дені – қарныңыз сау ма?» деген сұрақтар қойылып, жауабын ілтипатпен тыңдайды, қонақ та, үй иесі де осы қарсы алудан бастап «қонақ» және «үй иесі» арасындағы айтпаса да түсінетіп, айтқызбай білетіп, жазбай танитын қалыптасқан әдептерді сақтауға тырысады. Қазақ халқының ең бірінші амандасу дәстүрінің өзіндегі "мал - жаныңыз аман ба?" деп сұрауының өзінде үлкен мән бар. Мұнда алдымен адамның жағдайы емес, малдың жағдайының сұралуы қазақ халқының бүкіл тыныс - тіршілігінің малмен тығыз байланысты болғандығын дәлелдесе, екіншіден, бұл тәңірлік дәуірден келе жатқан мал атаулысын кие тұтудың көрінісі деп ұғуға болады. Тіпті қазақ халқының баланы еркелету дәстүрінің өзі де төрт түлік малмен байланысты болып келетіні тағы бар. Нақтырақ айтатын болсақ, "Қошақаным", "Ботақаным", "Құлыным", "Қозым", "Тайлағым" және т.б., ал, ересек адамдардың кейбір қасиеттерін суреттегенде мысалы дені сау, қарулы адамдарды "Нардай", жарастығы бұзылмай жүрген ынтымақты адамдарды "Егіз қозыдай" деп сипаттап теңестіріп отырғандығы да осының айғағы.

Қонақтар қолын шайып болған соң қонақ су құйған балаға «Тәңір жарылқасын!», «Үлкен жігіт бол», «Бақытты бол», «Мейірің үстем болсын!» т.б. деген секілді алғысын айтады. Мұндай алғыстар қысқа да нұсқа болады. Су құюшы бала әрі қарай жылжып, келесі

қонақтан да сондай бата алады.

Қазақта «Қонағының алтынын алма, батасын ал» деген мәтел, «Көптің батасы тисін» деген тілек бар. Сол көптің батасын алу, үлкенге ізет, көпке құрмет көрсету осындай кіші – кіші қызметтен басталады. Бұл да қазақ отбасы тәрбиесінің нәтижесі деп білу керек.

Қазақ қонақ ырысымен келеді деп түсінгендіктен, келген қонақтарын төрге отырғызған, барын алдына жайып салып, қонағын құдайындай сыйлаған. Қонақ келсе жаңалық естиді, әңгіме тыңдайды. Егер қонақ өнерлі болса, домбыра тартып, ән айтатын болса, немесе ол жыршы, әңгімеші болса, қонақ түскен үйге ауыл болып жиналып, ән - жыр тыңдап, жаңалық естіп, мәре - сәре боп, біраз сергіп қалатын болған. Жаңалық естудің басқа жолы жоқ, төрт - бес үй бір ауыл боп, жапан далада отырған адамдарға мұндай жаңалықтың қаншалықты қажет екені айтпаса да түсінікті. Ертелі - кеш мал жайлауға шығарда, не жайлаудан қайтарда, ауыл ақсақалдары үйдің қасында төбе болса соның басына шығып, жан - жаққа көз жіберіп, барлап, әңгімелесетін болған. Кейде көз ұшында бір жолаушы кетіп бара жатса жастау бір жігітті атқа қондырып, ана кісіні қуып жетіп сұрашы, кім екен, қайда барады, не хабар біледі екен деп отырған. «Есік алдында төбе болса, ерттеулі тұрған атпен тең» деген мақалда осы жағдай ескерілген болса керек. Бұл да көшпелілердің бір менталитеті десе болады. Қазақтардың қонақтан «Қонақ кәдеден» басқа еш нәрсе сұрамайтыны да содан. «Қонақ кәде» дегеніміз әлгі әңгіме немесе бір өнеге көрсету.

Қазақ халқының дастархан басында тамақтану дәстүрінің өзі үлкен тәрбие мектебі десе боларлықтай. Олай дейтін себебіміз, қазақ балаларының үлкенді сыйлау дәстүрі мен қарттардың жастарға өнегесінің тамаша көрінісі осында байқалады. Қонаққа әдетте қой сояды, табаққа мүше- мүше мал етін салып, рет-ретімен таратады. Үлкен кісіге—бас, жамбас тартылса, күйеуге тоқпан жілік, төс қойылады, балаларға құлақ, сирақ, бүйрек, келіншектерге таңдай, тіл беріледі және т.б. Осы тұста бала тәрбиесіндегі үлгі етерлік қазақ халқының тағы бір тамаша дәстүрі-ересектер тарапынан дастархан басында еттен балаларға өз сыбағаларын үлестіріп, дәм татқызудың да үлкен мәні бар. "Жақсы сөз жарым ырыс" деп ырымдаған қазақ баллардың қабілет ерекшелігін болжай отырып, оларға тіл, көз, құлақ, сирақ секілді мал мүшелерін үлестіргенде: "Көзің қырағы болсын", "Құлағың түрік жүрсін", "Тілің сайрап, шешендікке жет", «Аяғың жүйрік болып, жортқанда жолың болып жүрсін», "Ақылың тасысын"

деп ырымдап беріп отырған. Бұл әрбір жасөспірім бала үшін болашаққа жолдама батасын алғандай әсер етіп, оларды ізгі мұраттарға жетелеген.

Сондай-ақ, балалар дастархан басында өрескелдік мінез көрсетпесін деп және олардың қонақ алдында, көпшілік алдында тәртіп сақтап, өздерін қалыпты басқаруын тәрбиелеу үшін әр түрлі тыйымдарды да ойлап шығарған. Мәселен, қонақ күткенде сыйлы кісілер алдына бас қоятын болған. Бастың күйкасын, етін кесіп үлестіру, миын сыпайы алу әрі өнер, әрі өнеге. Бірақ балалар басқа таласпасын деп: «Әкесі бар баланың бас ұстауына болмайды, жетім қалады», - деп немесе «Жас қыздар шашын өрмей жалбыратып, жалаңбас жүрсе, күйеуге тигенде жесір қалады» деп те ойландырған. Бұл тыйымдардың әсері өте күшті болғаны айтпаса да түсінікті. Ешкім бақылауға алмай - ақ жастар ол тыйымды бұлжытпай орындаған.

Қалыптасқан әдеп бойынша, дастарқан басына әуелі жасы үлкендерді шақырады. Олардың жас ерекшелігі, жолы – жөніне қарай рет - ретімен алатын орны - төр. Келген қонақтар дастарқан басына орналасқаннан кейін әлдебір себептермен кешігіп келетіндер болады. Әдетте арнайы шақыртылған қонақ кешікпеген. Ал кешігіп келсе, қазақ «неге кешіктің?» деп сөкпеген. Кешігіп жатса, тиісті сыбағасын сақтап қойған. Ал, себепсіз келмей қалса, «Сыбағанды ит ішкір (жегір)» деп ренжіген. «Шақырғанға бармасаң, шақырғанға зар боларсың», «Шақырусыз тойға барғанша, таяқ ал да қойға бар», «Шақырған жерден қалма, шақырмаған жерге барма» деген мақал – мәтелдер осыдан шыққан.

Ретіне қарай дастархан басына орналасқан қонақтардың жасы кішісі өзінен кейін келген жасы үлкендерге төр жақтан орын береді. Лұқпан айтты деген сөз бойынша, жас адам өзінен кейін келгендердің үшеуіне ғана орын бере алады. Одан кейін келгендерге бермейді. Берсе өз беделін, қадірін, құрметін түсіреді. Сондықтан болар «тойға барсаң бұрын бар, бұрын барсаң орын бар» деген қазақ бабаларымыз.

Егер қонақтар түгел келе алмаған жағдайда олардың сыбағасы алып қойылған. Егер түгел келсе үйінде қалған адамдар үшін «сарқыт» беріп жіберілген. Егер қонақтар асығыс болса дастарханнан нан ауыз тиген.

Үлкенді сыйлау рәсімінің әлеуметтік талаптарының астары тәртіпті сақтау ережелерін де қамтиды. Өйткені, ересектер өз әрекеттері арқылы тәртіпті қалыптастырады. Кең мағынада

қарастырғанда "тәртіп" түсінігі қабылданған мінез - құлық нормаларынан шығып кетпеуді меңзейді. Егер баланың мінез - құлқы қоғамдық - әлеуметтік талапқа сәйкес келмей жатса яғни үлкендердің тілін алмай, көңілден шықпай жүрсе, ондай балаларды әдетте, тәртіпсіз дейді. Қазақ үшін ол тәрбиеге берілген жаман бағамен тең. Қазақтарда ұлдардың үлкені мен кішісінің өзара қарым - қатынасы бала мен әкенің қарым - қатынасындай болған. Үлкенді сыйлау, оны тыңдау - қазақтардың мықты ұстанған жолы. Үлкенді құрметтеп, сыйлағандарды тәртіпті, көргенді санаған. "Әкеңе не жасасаң, алдына сол келеді" - деп тәрбие сабақтастығын мақсат тұтқан.

Әрине қонақтың бәрі бірдей емес. Қазақ елінде қонақтың мынадай түрлері болған:

- танымайтын, көрмеген жолаушы кез - келген бір үйге түсіп, *құдайы қонақ* болады. Оны үй иесі қабылдайды, барын алдына қойып күтеді, қондырады;

- шақырып келтірілетін арнайы қонақ болады. Әрине, ондай қонаққа барлық сый - сияпаттар алдын - ала дайындалып жасалады;

- үлкен, сыйлы адам жолшыбай бара жатып бір үйге тоқтаса, сол үйдің ол *құрметті қонағы* аталады.

- жолаушы емес, ауыл арасынан шыққан адамды *қыдырма қонақ* дейді. Оның пәлендей мақсаты жоқ, тек ауылдан ауылға, үйден үйге қыдырып, бір үйге қонып, бір үйден түстеніп жүретін болған. Үйме - үй отырған ауылдағы бір үйге қонақ келіп түссе, андып тұрып сол үйге де барады. Келген қонаққа сәлем беріп, онымен бірге қонақ болады. Кейде ондай адам ас пісіп, қазан ошақтан түсті - ау деген кезде «Ассалауамағалейкум» деп үйге кіріп келеді. Кім келсе де, неге келдің деп қабақ шытпайтын қазақ «Кел, мақтап жүреді екенсің, төрге шық!» деп дастархан басына отырғызады. Сондықтан, халықта: «Қонақ бір күн қонса құт, екі күн қонса жұт!» деген мақал пайда болған. Әр нәрсенің мөлшері бар. Қонақ бір күн қонғанда барлық жаңалық хабарын айтып жеткізеді. Ертең оның айтары жоқ болса, онда ол өзінің қажеттілік мақсатын жояды. Қазақ елінде осының бәрі де қарастырылған.

Дегенмен, қонақ жөнінде қазақтың пікірі түрліше. Ислам дініне дейін қонаққа жақсы қарау керек деген ой теңгіриан дінінен туындайды. Сол қонақтардың ішінде «Қыдыр» болуы мүмкін деп ойлаған. «Қырықтың бірі Қыдыр» деген мақал содан қалған. Қыдыр Тәңірдің уәкілі, шарапат тигізетін, құдыретті күш, бірақ адам бейнесінде көрінеді деп түсінген. Қазақта көп тілектердің бірі:

«Жорытқанда жолың болсын, жолдасың Қыдыр болсын!» деп, ең жақын адамын түрлі сапарға аттандырған. Қазақтың сол ерте заманнан келе жатқан, әдетке айналған ғұрпы, ол «қонақ өз несібесімен келеді» деген түсінігі. Әдет бойынша қонақ өзі кеткенше үй иесінің толық қабылдауында және қорғауында болады. Үй иесі қонақтың барлық жағдайын жасауға міндетті болған.

Қазақ халқындағы әрбір жолаушының кез-келген ауылға түсіп қонақ болып, емін - еркін келуінің тағы бір себебі туралы ғалым А.Сейдімбет өзінің "Қазақ әлемі" атты еңбегінде қазақ халқының салт - дәстүрлерін қарастыра келіп, "бөлінбеген енші" туралы түсіндереді. Ғалымның сипаттауы бойынша қазақта "бөлінбеген енші" деген ұғым бар. "Енші" сөзі байырғы түркі тілінде "инчу" деп аталса, мұның өзі "мұра" деген мағынаны береді екен. Қазақ тілінің "Түсіндірме сөздігінде": "Енші - атаның балаға жеке үй болғанда бөліп беретін малы, мүлкі", - делінген.

"Бөлінбеген енші" - әрбір отбасының кез-келген қонаққа берер қонақасы. "Әкенің балаға қалдырар немесе бөліп берер мұрасының белгілі бөлігі міндетті түрде қонаққа тиесілі бөлінбеген енші деп есептеліп, ол екінші ас-дәм түрінде берілетін болған. Мұның өзі кез-келген қазақ отбасы үшін айнымас салт- дәстүрге айналған. Яғни дала халқының осынау салт-дәстүрі үй болып шаңырақ көтерген кез-келген отбасы үшін бұлжымайтын моральдық - этикалық қалып түрінде қалыптасқан. Бұл рәсімді бұзған отбасыдан қонақтың айып шармаулауға құқы болған дейді А.Сейдімбет. Яғни сахара жолаушыларының кез-келгені жолай ұшырасатын үйде өзіне тиесілі бөлінбеген еншісінің барына алаңсыз сеніп, өзін еркін сезініп босағадан аттағаны сондықтан. Осыған сай, өзін ел қатарлы санағысы келетін әрбір үйдің иесі де жолаушы-қонақты барынша сән-салтанатымен, ынта-ықыласымен қарсы алып, ақ тілекпен шығарып салуды өмірдің айнымас киелі шартына балаған. Көшпелі елдің бұл сияқты салт-дәстүрі қонақты аттан қолтықтап түсіріп алып, қолтықтап аттандырғанға дейінгі аралықта атқарылар алуан түрлі жөн - жоралғыны, тәртіп - талғамды, кісілік қалыптарын, дәм - тағам берудің рәсімдерін қалыптастырған.

Отбасындағы ересектер (қарттар) мен балалар арасындағы қарым- қатынастың тағы бір маңызды ерекшелігі үлкендерге жастардың қызмет көрсетуі болып табылады. Әсіресе ата - аналары егде тартқан адамдар болса, онда отбасындағы балалар тарапынан қамқорлықтың жасалуы міндет, ал ондай қарттар үлкен беделге ие

болған. Қазақ отбасында балаларға қандай тәрбие берсе, қарттық шағында соған сәйкес құрметке ие болады деген түсінік қалыптасқан. Олар туралы «не ексең, соны орасың», «Жас кезімде бейнет бер, қартайғанда зейнет бер» және т.б. мақал - мәтелдер халық арасында кеңінен тараған.

Қазақ халқы сыйлы қонаққа қой сойып, оның басын пісіріп әкелген. Құт қойдың құлағында деп білген халқымыз қой басын қонаққа ұсынғанда бір құлағын кесіп алып келетін ырымы бар. Бүгінде қыздарымыз қонақ күтуде осы ырымды ескере отырып, оның мәнісін білгені дұрыс: Ерте заманда Сырлыбай дейтін кісінің ауылына кешқұрым қонақ келіп түседі. Ол ит-құстың тілін біледі екен. Дастархан басында отырғанда сырттан ұлыған қасқырдың даусын естиді. Оған ит үріп жауап беріпті. Қасқыр: - Әй, ит екең, інім. Әлімсақтан екеуіміз туыс едік. Алла менің жеті несібемді желден, бір несібемді үйден жаратқанын білесің. Бүгін көзім осы ауылға түсіп тұр. Маған бір қой бер, - дейді. Ит:

- Қасеке, менің тоқтығым осы қойлардың амандығы емес пе? Қойды алдырсам, қожайынның алдында ұятты болмаймын ба? - деп көнбейді. Қасқыр:

- Ендеше, қонағыңның атын бер, - дейді.

- Қазір босағадан сығалаймын. Қонақ маған сүйек берсе, атты бере алмаймын. Егер сараң болса, ала бер, - дейді. Қонақ мұның бәрін естіп отырады.

Бір уақытта қонаққа ет тартылды-ау дегенде, ит жайлап келіп, босағаны сығалайды. Ол итті көріп, қолындағы жұмсақ сүйегін сыртқа лақтырып жібереді. Үй иелері түсінбейді. Кәде етіп, силап берген асымызды далаға тепкені несі деп іштей ренжиді.

Тамақ желініп болған соң, бәрі ұйқыға кетеді. Таңертең қонақ абыр-сабыр айқайдан оянып кетеді. Түнде қасқыр шауып, қорадағы қойларды айдап әкетіпті. Үй иесі қонаққа:

- «Қонақ жақсы болса, қой егіз табады, жаман болса қораға қасқыр шабады» деген. Пиғылыңыз лас адам екенсіз, - деп ренжиді. Қонақ сыртқа шықса, батысқа қарай кеткен екі ізді, шығысқа жүрген төрт ізді байқайды. Қожайынға:

- Қам жеме, қойың аман. Шығыста жайылып жүр. Ал, итің қасқырмен жан алысып, жан берісіп жатыр. Батысқа кеткен ізі соны меңзейді. Иттің артынан барма. Ол ием келді деп саған алаңдап, қасқырға алдыруы мүмкін. Қасқырдың артынан барсаң, ол қорыққаннан артына қарайды. Итің бас салып талайды, - дейді.

Сырлыбек қонақты ертіп, қасқырдың ізімен барады. Айтқандай, иті мен қасқыр бір бірін ала алмай, көзбен арбасып тұр екен. Қасқыр арт жағынан келе жатқан адамды иісінен танып, жалт қарағанда ит тамағынан шап береді. Қасқыр мерт болады.

Сырлыбай қонағын ертіп шығысқа барса, сайдың ішінде қойлары жайылып жүр екен. Буаз қойлары егіз қоздап, қозыларын емізіп тұр екен. Сырлыбек қуанып:

-Аңдамай, ашумен айтқан сөзімді кешіріңіз. Жақсы қонақ келсе қой егіз табады деген екен. Сіз тегін адам емес екенсіз. Көңілімді қалдырмай, тағы бір күн қонақ болыңыз, - деп үйіне түсіреді. Қонақ тағы бір күн қонақтайды.

Ертесіне үй иесі одан:

-Не бұйымтайың бар?-деп сұрайды.

-Итке қатты қызығушы едім. Көңілім бөрібасарыңызға ауып тұр. Қарғысын берсеңіз жетектеп кетер едім,-дейді. Сырлыбек:

-Итіңіз не, марқа қой берейін, жылқы жетектетейін, - дейді.

-Жоқ, ниетіңізге рахмет. Итіңізді бұйымтай еттім, - деп, итін жетектейді. Ит кетіп бара жатып, киіз үйдің іргесінде жатқан шиге дәрет сындырады. Қонақ:

-Қожайын, мен ойландым. Иттен гөрі, мына жаман шиді алсам, қалай қарайсыз. Кемпірім: «Ши әкеп бер», - деп қақсай беруші еді. Соның тілегін бір орындайыншы. Итіңізді қоя берейін, - дейді. Сырлыбек түсінбей келіседі.

Қонақ шиді ала бергенде әлгі қойдан туған егіз қозының бірі шидегі иттің дәретін жалайды. Қонақ қайтадан Сырлыбекке бұрылып:

-Қожайын, шиді басқа жерден табармын. Көңілім жаңа туған қозыңызға түсті. Жас қозының етіне аңсарым ауып жүр еді. «Іздегенге сұраған» деген. Маған қозыны сойып беріңіз, - деп қозыға бата жасайды. Сырлыбек қонағының көңілін қимай, әлгі қозыны бауыздайды. Қонақ:

-Қозының басына ешкімнің қолын тигізбей алдыма тартсаңыз. Құмарым қанып, бір тояйын,-деп өтініш жасайды.

Ас піскен кезде Сырлыбек қозының басын тартады. Қозының бір құлағы жоқ екен. Қонақ:

-Қожайын, қозының басына ешкімнің қолы тимесін деп өтініш етіп едім, құлағы қайда?- деп сұрайды.

-Жолаушы, айып етпеңіз. Жаңа ғана қозының басын қазаннан түсіріп, суытып қойғанбыз. Біздің көзді ала бере, үйдегі жүгірмектің

бірі қозының бір құлағын кесіп алып, жеп қойыпты. Ат-шапан айыбымды өтейін, қаласаңыз, марқа қой сояйын. Тек бізге ренжімеңізші, - деп жалынады. Қонақ мырс етіп күліп:

-Шаңырағыңа тепкілесе де кетпейтін бақ орнапты, - дейді де, естіп-білген оқиғасын бастан - яқ айтып береді.

- Сенің ырысың итінде екенін білгенмін. Алып кетейін дегенімде, итің айла жасап, дәрет сындырып, ырысыңды қалдырып кетті. Дәрет тиген шиді алмақ болғанымда, қозы келіп жалап, құт қозыға қонды. Қозының басын жеп, берекенді аламын ба дегенімде, оны кенже ұлың жеп, маған бұйырмады. Құдай сүйген қылығың бар екен. Қонақжайлылығыңды жоғалтпа, - деп батасын беріп, аттанып кетіпті.

Осыдан бастап ел аузында «Ырыстың бірі қой құлағында» деген түсінік қалыптасыпты. Қонаққа бас тартқанда оның оң құлағын кесіп алып, үйдің бір мүшесіне береді екен. «Иесін сыйласаң, итіне сүйек сал» деген мақал да осыдан қалған екен деседі. Міне, халқымыз қандай ырым жасаса да отбасы берекесінің игілігі үшін жасайтындығы осыдан белгілі.

Халқымыз ас мәзірін жасағанда гигиеналық тазалыққа да өте ұқыпты қараған. Өйткені, қой басын қонаққа берерде оның тістерін қағып, тазалап акелген. Әйтсе де, осы бір дәстүр астарында халқымыздың ой-пікірі мен көңілі білдірілген тұстары да бар. Қазақ біреуге ренжісе бетінен алмаған. Өзгенің көңіліне қаяу, жүрегіне қылау салармын деп сақтық еткен. Назын тұспалмен, ыммен білдірген. Сондықтан, егер қой тістері қағылмай келсе үй иесінің қонақта бір назы немесе реніші бар дегенді білдірген. Бұл жөнінде Зейнеп Ахметованың «Бабалар аманаты» атты кітабында да айтылады. Онда былай делінген: «Қонақтар кеткен соң жаңалап шай жасап, енді өзіміз дастархан басына отырдық. Байқаймын атаның (Бауыржан Момышұлы) қабағы салыңқы. Бір кезде:

-Дастарханың толымды, астарың дәмді болды. Әсіресе «ұмытылған тамақ қой мыналар» деп әсіп пен сүт құйған өкпе оларға өте ұнады. Бірақ соның бәрін сен жіберген төрт қателік жуып кетті. Қонақтар оны байқады-байқамады дей алмаймын. Ал мен анық көрдім,-дегенде дымым ішіме түсіп, көзім қарауытып кетті. Бүріскенім соншалық, құрттай тесікке сыйып-ақ кетер едім.

-Ол не папа?-деп Бәкең әкесіне қарады. Бірақ ата маған қарап, маған арнап сөйледі.

-Біріншіден, есі дұрыс қазақтың әйелі қонаққа бас көтеріп

кірмейді. Жаман-жақсы болсын бәсең аман. Екінші қателігің - басты шүйде жағымен әкелгенсің. Қой шүйдесі емес, тұмсығын алға беріп жүреді. Үшінші қателігің – қойдың тісін қақпай әкелгенің. Бұл – ең алдымен, тазалық. Қой тісінің түбінде не жатқанын қайдан білесің. Шөп жейтін, жем жейтін мал ғой. Содан кейін мұның екінші мағынасы бар. Қазір ұмытылған, көнекөздер болмаса, көпшілік біле бермейтін жағын да айтайын. Қазақтар талай нәрсені ым, тұспал, ишара арқылы білдірген текті халық. Соның бірі осы қағылмаған тіске байланысты. Сыйласып жүрген екі адамның біреуі әлденеге ренжіп, бірақ соны «сөз көбейер» деп айта алмай жүрсе, өзі ренжіп жүрген адамы үйіне келгенде етпен бірге алдына тісі қағылмаған басты қояды. Сонда бас ұстаған адам: «Ә-ә, мынаның ішінде маған деген бір қыжылы бар екен, тісін басып жүр екен-ау», -деп ұға қояды. Ары қарай реніштің түйінін шешіп, түсінісуге бет түзейді. Ал, төртінші қателігің – басты қасқаламай әкелгенсің. Талайлар мұның мәнін ұқпайды. Ол –«төрт құбылаң тең болсын, мандайың ашық болсын» деген ізгі тілек», - деген екен[101].

Міне, бүгінде хазақ халқының көргенді ұрпақтары осы дәстүрді сақтап –ақ келеді. Әйтсе де, оның астарына үңіліп, себептерін түсіне бермейді. Десек те, дастархан басындағы осындай дәстүрлі талаптарды қайта жаңғырта отырып, ұлттық құнды ниеттеріміз бен тілектерімізді қыздарымызға түсіндіре отырсақ, ұлттық дәстүрлеріміздің жаңғырып, мағынасы ашыла түсері анық.

Қазақта қонақтың ризалығы мен батасын алу үй иелерін қонаққа жасаған қызметіне деген қанағаттанушылығы тудырады. Келген қонаққа ас суын беріп болғаннан кейін ауыл аймақ, көрші қолан жиналып, қонақтан жаңалықтар естуді немесе өнерін тыңдап қайтуды жөн көрген. Сөйтіп қонақ кәде сұрайтын болған. *Қонақ кәде* – қонақтың өнерін ортаға салуын немесе жақсы тағылымды әңгіме айтып беруін сұрайтын салт. Дәстүрлі қазақ қоғамында қонақасы берілгеннен кейін үйге жиналған қауым әңгіме-дүкен құрып, шағын сауық кешін ұйымдастырады. Сол кезде мейманнан қонақ кәде жасауын өтінеді. Келген қонақ аса сыйлы әсіресе әнші, жыршы, шежіре айтатын қарт, сал-сері болса, ауыл адамдары оларға қонақжайлылық көрсетіп, бірнеше күн қонақ етіп, ән-жырын тыңдаған. Қонақ өнерлі немесе тағылымды әңгімесі көп болса, оның жата қонып қонақ болуын калаған. Содан болар, қазақта «Бір күн қонған қонақ құт, екі күн қонған қонақ жұт» деген.

12. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІНДЕГІ ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ ДӘСТҮРЛЕРІ

Қазақ халқының тәлім-тәрбиелік дәстүрлері отбасында ұйымдастырылып іске асырылып келгендігін білеміз. Қазақтың отбасы өмірі мен қарым-қатынас талаптары қашанда адамның жас ерекшеліктеріне байланысты қалыптасып келген. Тәрбиенің басында отбасы үлкені-ата мен әже яғни әулеттің үлкені тұрады. Тәрбиедегі басты мақсат текті де парасатты тұлғаны қалыптастыру болып келген. Ол өздігінен іске аспайды, ол үшін жастарға ақыл кеңес беріп отыратын үлкендер көмегі қажет, ал ересектерге қолқанат болар жас балалар көмегі де маңызды. Осыдан көретініміз, бір үйде бірнеше ұрпақтан тұратын отбасы мүшелері топтасып шаруашылық ететін ұжымдық сипаттағы адамдар тобы пайда болады. Бір сөзбен айтқанда, қазақ отбасындағы тәрбие *ұрпақтар сабақтастығы дәстүрін* сақтап ұйымдастырылғандығын байқауға болады.

Отбасындағы балалардың өскенде өнегелі отбасын құрып өмір сүруіне жастайынан ата-аналарының өзара қарым-қатынасын көріп өскен өнегесі негіз болады. Сондықтан, түркі ғұламасы, ақын Жүсіп Баласағұн отбасы тәрбиесінің негізгі мақсаты – ата-аналардың балаларына берген жақсы тәрбиесі - жақсы мінез – құлық пен рухани байлыққа қол жеткізуі деп біліп, оның өнегесі ата - анадан екендігін: *«Ұл мен қыздың өнегесі ата-ана, Бәрі бізден - дұрыс па, әлде қата ма»* (1485 бәйт), - деп сипаттаған. Сөйтіп, ата-аналардың өзара сыйластығы мен қарым-қатынастағы жарастығы, балаларына жақсы тәрбие берудің бірден-бір дұрыс жолы деп санайды. Өйткені, ата-ана өнегесін көріп өскен ұрпақ есейгенде өздері де сондай отбасы іргесін құрады деп қорытынды жасайды.

Кеңестік дәуірге дейін қазақ отбасы тәрбиесі ізгілікті де шынайысы болып келген. Қоғамның дамуында біз еуропалық бағытты ұстанып, ұлттық болмысымыздан едәуір ажырап қалдық. Нәтижеде, қазақ отбасының бейнесі, тәрбие болмысы өзгерді. Бүгінде жас отбасыларының дені ата-аналарынан бөлек, жеке тұрғанды қалайды. Бұл отбасындағы тәрбиенің ұйымдастырылуына екі жақты ықпал етеді. Біріншіден, жас отау иелері ерте өзбетінше өмір сүруге бейімделсе, екіншіден, отбасындағы ұрпақтар сабақтастығы үзіледі. Отбасындағы ересектер немере қызығынан шектеліп, жас отбасылары бала күтімі мен отбасы өмірін дәстүрлі тұрғыда ұйымдастыру бойынша көмек алудан шектеледі. Шын

мәнісінде халқымызда отбасы тәрбиесі ұрпақтар сабақтастығы негізінде жалғасын тауып келгендігін «Қариясы бардың қазынасы бар» деп, тәжірибесі мен өмірден көргені мен түйгені мол ересектер кеңесіне сүйегенін көресіз. Сондықтан, қазақ отбасында ересектер жағы олардың кеңесіне мұқтаж болған жас отбасыларына барынша ақыл кеңестерін беріп, олардың өз бетінше өмір сүруге қабілетті болып кеткенінше бірге тұрған. «Үйлену оңай, үй болу қиын» деген аталы сөзге тоқтаған бабаларымыз жастардың өз алдына үй болып кетуіне көздері жеткенде ғана оларды еншісін беріп бөлек отау етіп шығарған. Жас отау иелерін отбасылық қарым-қатынас пен бала күтіміне байланысты әртүрлі қиындықтар кездескенде міндетті түрде ересектер көмегінсіз шешу мүмкін болмайды. Сондықтан, мұндай жағдай бүгінгі отбасы дәстүрлерінде де тұрақты орын алғаны тиімді деп білеміз.

Сондай-ақ, қазақ отбасы тәрбиесі бір шаңырақтың астында өмір сүретін бірнеше ұрпақтың өзара ынтымақтастығы негізінде ұйымдастырылатын тамаша ұрпақтар сабақтастығы арқылы жүзеге асырылып отырған. Оған мынадай мысал дәлел: «Өзінің мандай терімен тапқан еңбек ақысын үшке бөліп отырған бір кісіден оның мән жайын сұрағанда, ол: «бір бөлігін қарызыма берем, ал, екінші бөлігін қарызға берем, үшінші бөлігі ғана өзімдікі» деп жауап беген екен. Бұл мысалдың астарында қазақ халқының тарихи дамуында қалыптасқан өмір салтының көрінісі жатыр. Үш ұрпақтың: «ата- әке- бала» арасындағы қарым- қатынастың біртұтастығы мен тәрбиелік өнеге сабақтастығы арқылы отбасы тәрбиесінің тиімді түрде іске асуы сипатталып тұр. Өйткені, әрбір ата-ана өзінің баласына берген тәрбиесіне қарай оның жемісін көрсе, өздерін өсірген ата-аналарына құрмет көрсету балаларының парызы болып саналмақ. Осындай қарыздар мен парыздар арқылы үш ұрпақ арасындағы тәлімдік өнеге қазақ отбасы тәрбиесінде ғасырлар бойы өз жалғасын тауып келді. Бұдан көретініміз, отбасындағы бірнеше ұрпақ өкілдерінің бір біріне тәрбиелік ықпалы арқылы тек әлеуметтік тұрғыдан ғана емес, тәрбиелік тұрғыдан да көмек беру орын алады. Жауапкершілік, мейірімділік, өзара көмек, үлкенге құрмет, жастарға қамқорлық, көпшілдік, сабыр сақтау мен шыдамдылық, ұстамдылық және т.б. көптеген адами қасиеттер осындай топта, яғни әртүрлі жастағы, әртүрлі құқылы адамдар тобының арасында өмір сүргенде қалыптасады.

Түрік халқының ұлы ғұламасы әл - Фараби бала дүниеге

келгенде оның алдағы өмірінде бақытты болуға жетелейтін қасиеттерді игеруде өздігінен жетіле алмайтындығын айта келіп, ол үшін арнайы тәрбие ортасының болуын қажет деп санайды. Ондай ортаның негізгісі, әрі баланың бақытқа қол жеткізудегі қасиеттерінің негізі қаланатын тәрбие институты *отбасы ортасы* екендігін: "Жаратылысында әрбір адамға өз тіршілігі үшін ең жоғары кемелділік дәрежесіне жету үшін көп нәрсе керек, ол мұны өзі жалғыз жүріп таба алмайды және бұған жету үшін ол қандай да бір адам қауымын қажет етеді. Осы қауымдағы адамдардың әрқайсысын оған қажетті нәрселердің жалпы жиынтығынан қандай да бір затты тауып беріп отырады. Оның бер жағында әрбір адам өзінен басқа екінші адам жөнінде де нақ осындай күйге түседі. Міне, сондықтан да бір - біріне көмектесіп отыратын, біреуі екіншісінің өмір сүруіне қажетті нәрселердің бір бөлігін тауып беріп отыратын көптеген адамдар бірлестіктері арқылы ғана адам өзінің жаратылысына сай кемелділік дәрежесіне жете алады", - деп отбасында өзара көмек пен ынтымақ болғанда ғана ортақ мүддеге қол жеткізуге болатындығын және сондай ұрпақтар сабақтастығы арқылы ғана әрбір отбасы мүшесі өз мүддесіне, бақытына қол жеткізетіндігін түсіндіреді. Мұндай өмір сүру салты нағыз қазақ отбасына тән құбылыс. Себебі, қазақ отбасында бірнеше ұрпақ өкілдері бір шаңырақ астында өмір сүрумен қатар, сол әулетті ауызбіршілігі тұрғысында мықты етеді. Өніп-өскен, үлкен отбасылары күші жағынан мықты болып, қолдаушы, жақтаушылары жағынан да өтімді болған.

Бүгінгі қоғамымызда орын алып отырған тәрбиенің сипаты мен нәтижесіне баға беруде біз Қазақстанда өзіндік орны бар танымалы ғалым Мекемтас Мырзахметұлымен сұхбаттасқанымызда ол кісі бүгінгі отбасы тәрбиесіндегі олқылықтардың орын алуының себебі ұрпақтар сабақтастығының үзіліп қалғандығында екендігін айтты. Мекемтас Мырзахметұлы ұрпақ тәрбиесіне әсер етуші аға ұрпақтың өнегесін қоғамдық саяси құбылыстармен байланыстыра отырып сипаттады. Олар:

- бірінші - аға буын, оны ғалым 75-100 жастың аралығын қамтитын буын өкілдері деп түсіндіреді. Оларға М.Әуезов және оның замандастарын жатқызады. Олар қазақтың салт - дәстүрі мен әдет - ғұрыптарын біліп, Абай сынды ірі тұлғаларды көзімен көріп, олардың өсиеттерін құлағымен естіп, ұлттық тәрбиенің өнегесінен сусындап өскендер. Әйтсе де, олар келер ұрпаққа ұлттық тәлімнің өнегесін толық бере алмады. Себебі, олар кеңес өкіметі саясатының

құрбаны болды. Дегенмен, олар жазып қалдырған еңбектер болашақ ұрпақ тәрбиесінде теңдесі жоқ құнды мұралар болып қалды;

- екінші толқын - 50 - 75 жастағылар. Олар аға ұрпақ өнегесін толық ала алмады. Себебі, өнеге берер аға буын кеңестік саясаттың құрбаны болған соң, олардың бойында қорқыныш пен үрей басым болды. Сондықтан олар да кейінгі ұрпаққа ұлттық өнегенің мәйегін жеткізе алмады;

- үшінші ұрпақ - 25 - 50 жас аралығындағылар деп санап, оларды ғалым М.Мырзахметұлы "бақытты ұрпақ" деп атады. Олар егемен еліміздің белді азаматтары болумен қатар сөз және ой бостандығына ие болғандар. Бірақ, аға буын өкілдерінен ұлттық өнеге ала алмағандықтан олардың өмірдегі басты бағыты рухани өсуден гөрі материалдық байлыққа қол жеткізу болып табылатын батыс мәдениетін алға қойды дейді;

- төртінші ұрпақ - 1-25 жасқа дейінгілер. Олар «сынап» секілді күйде тұр деп сипаттайды ғалым. Олай дейтін себебі, олар тәуелсіз Қазақстанның өркендеуі жолындағы Президентіміздің саясатын түсініп, қазақтың тілін, мәдениеті мен тарихын және салт - дәстүрін бойына жинап үйренумен қатар, бүгінгі ғаламдық білім кеңістігіндегі адам мен маманға қойылатын талаптарды қатар игеруде. Осы тұста, бұл жас аралығындағы ұрпаққа ұлттық құндылықтар негізінде отбасы тәрбиесі жағдайында патриоттық тәрбие қалыптастырылатын болса, осы жастар ғана болашақ Қазақстанды әлемдік деңгейде дамытып, ұлттық тәрбие мен мәдениеттің туын жоғары көтеретіндер болады. Сондықтан, дәл бүгінгі күнде жастар тәрбиесіне ұлттық тұрғыда ден қоя отырып, тәлімдік жұмыстарды жүргізу қоғамды өркениеттілікке, ал елімізді 50 дамыған елдер қатарында дамытуға қол жеткізетін болады деп тұжырым жасайды.

Осы орайда қазақ ғылымында танымалы ғалым, Мекемтас Мырзахметұлының досы болған бір туар азамат Құлмат Өмірәлиев те кезінде мұндай ойларды көтерген болатын. Ол: «Алдыңғы ұрпақ жасаған рухани мәдениетті оған жалғасып келген екінші ұрпақтың берік иеленіп, мұраланып отыруы – табиғи заңдылық, ал бұл мұралардың зерттелуі, насихаталуы, өз жағдайына жетілдіре, дамыта отырып пайдалануы – екінші ұрпақтың келер ұрпақ алдындағы міндетті борышын өтеуі. Бұл болмаған жерде–ақ, ол ұрпақ алдыңғылар жасаған мәдениетті өзінен кейінгі келесі ұрпаққа асырып салушы түріндегі дәнекерлік қызметін тоқтатады. Дәл осы жерде халықтың мәдениеті дәстүрлерінің үзілуі – ұлттық мәдениеттің

кедейленуіне бастап әкеледі», - деп әр адам ұрпақтан - ұрпаққа рухани құндылықтарды жалғастырып отыруының қажеттілігін көрсеткен болатын. Бұл ғалымның замандастары алған тәрбие ұлт пен елдің мүддесін тамырынан бастап ойластырып, болашақ ұрпақ тәрбиесін бір ғылым саласы тұрғысында ғана емес, барлық ғылымдардың ұстаным бірлігі мен тұтастығы тұрғысында қарастыратындығын дәлелдейді. Олай болса, Мекемтас Мырзахметұлы, Қ.Өміралиев сынды қазақтың маңдайына біткен асыл азаматтары ұсынған идеялары бойынша әрекет ету ұлттығымыздың болашағы үшін жарқын да маңызды нәтиже берері сөзсіз.

Абайдан кейінгі оның ізбасары М.О.Әуезов мәдениеттің әрбірі қолұстаса, ілесе дамуы үшін әрбір ұрпақ өмір табалдырығынан аттағанда бұрынғы ұрпақтардың тәжірибесіне сүйенуі қажет екендігін айта отырып, «Бұл адамның есіне эстафетаны еріксіз еске түсіреді, бірақ бұл ерекше эстафета, өйткені, ондағы өнердің әрбір жаңа кезеңі өзіне жаңаны қабылдап, сол арқылы байып, дамып отырады», - деген болатын. Бұл дәстүр мен жаңашылдықты бір-біріне қарама-қарсы қою мүлдем болмайтынын көрсетеді. Өйткені, жаңашылдық бұрынғының ескі деген түсініктен барды жою емес, сонымен бірге, дәстүрді сақтау деген бір орында ілгерілемей қалу да емес екенін ескертіп, дәстүр мен жаңалықтың диалектикалық байланыста екенін дәлелдейді.

Осындай қасиетті ата-бабаларымыздың құнды педагогикалық мұраларын өскелең ұрпақ тәрбиесінде пайдалануда қазіргі отбасы өз деңгейінде қызметін атқара алмай отыр. Қоғамдық отбасылық қатынастардың жалпы бағытын айқындау мен үйлестіру тек әлеуметтік - экономикалық емес, ең алдымен үлкен маңызы бар психологиялық-педагогикалық проблема болып отыр, өйткені, жасөспірім ұрпақтың ізгілік-адамгершілік денсаулығы бүкіл қоғамның құндылығы.

М.Әуезов өз халқының этникалық – мәдениетін терең түсінудің бірден – бір жолы мәдени мұра мен мирастық мәселесі деп түсінген зерттеуші. Ол қазақ халқының салт-дәстүріндегі ұнамсыз қылықтарды мінеп-сынаған әлдебіреулердің өткен уақытты жоқ еткісі келіп, оның бәрі кейінде қалған маңызы жоқ дегендеріне үзілді - кесілді қарсы болды. Өйткені, ұрпақтардың байланысы үзілетін болса, қоғам бүлінеді. Осы тұста М.О.Әуезов «Мәдениеттің әрбірі қолұстаса, ілесе дамуы керек. Өткендегіге менсінбей қарау қашан да болсын орасан зор шығындарға әкеліп соқтырады. Әрбір ұрпақ өмір

табалдырығынан аттағанда бұрынғы ұрпақтардың тәжірибесіне сүйенеді», - дейді. Мұндай жалғастық рухани этномәдениетіміздің барлық саласына: білім, тәлім - тәрбие, таным - тағылым және тағы басқалар тән.

Отбасында ұрпақтар сабақтасып өмір сүргенде ғана ата-аналар өз балалары алдындағы парыздарын орындай алады және балаларына берген тәрбиелерінің нәтижесін көре алады. Ол үшін ең алдымен оларды ата-аналары жастайынан қоғамда өз бетінше өмір сүре алатындай етіп тәрбиелеуі тиіс. Бұл тек ата-аналардың балалары алдындағы парызы ғана емес, әрбір мұсылманға қоятын шарифат талабы. Осы тұста Хазірет Али былай деген екен: "Балаларыңды өздерің болмайтын уақыт үшін тәрбиелендер, өйткені, олар сендер болмайтын уақыт үшін жаратылған". Мұндай көзқарас қазақ халқының зиялыларының бірегейі М. Жұмабаевтың педагогикалық еңбегінде ата-аналарға бала тәрбиесінде берген кеңесінде келтіріледі. Онда ғалым: "Ата-аналар балаларын дәл өзіндей етіп тәрбиелемеуі керек, одан да күшті етіп тәрбиелеуі тиіс, себебі олардың өмір сүретін заманы ата-аналардың заманына қарағанда әлдеқайда талапшан болмақ" деп айтқан болатын.

Міне, осындай аталы өсиеттеріміз бен құнды мұраларымыздың отбасы тәрбиесі дәстүрлерінде маржандай тізіліп тұрған жолдары қатарласып тұрғанда неге бүгінгі заманда ескермеске. Ата-бабаларымыздың ізімен жүре отырып, олар жеткен тәрбие жетістіктеріне қол жеткізу үшін жоғалтып алған ұрпақтар сабақтастығы арқылы тәрбиені ұйымдастыруды қолға алу қажет.

Қоғамның бүгінгі дамуындағы жаһандану үрдістері қазақ отбасы тәрбиесінің дамуына біршама ықпал етіп келеді. Соған сәйкес қазақ отбасының бейнесі мен тәрбие болмысына мынадай бірнеше белгілер тән болды:

-біріншіден, жас отбасыларының 50-70% ға жуығы ата-аналарынан бөлек жеке тұрғысы келетіндігін айтады. Бұл ұлттық дәстүрімізге сай бірнеше ұрпақ өкілдерінің бір шаңырақ астында өмір сүру дәстүрінен алшақтап, оңашалануға құмар болуды көрсетеді. Бұл жолда қыздарымыздың рөлі басым. Әйел ерінің ата-анасымен татулықта өмір сүрсе, ер азаматтар арасында да татулық орнамақ.

-бүгінгі отбасына тән тағы бір ерекшелік, отбасыишілік қарым-қатынаста демократиялық және эголитарлық үрдіс белсенді байқалуында. Яғни мұндағы қарым-қатынаста ерлі-зайыптылардың ата-аналар мен балалардың бір-бірінің алдындағы міндеттерінен көрі,

автономиялық құқықтары, мен бостандығы басым көрінеді. Мұнда дәстүрлі отбасыларына қарағанда демократиялық отбасыларындағы ерлі-зайыптылар бір-біріне моральдық- психологиялық тұрғыда талаптарды (өзара түсінісу, көңіл аудару сыйлау, қамқорлық көрсету, қолдау, шыдамдылық таныту секілді) жоғары қояды.

- отбасы дамуына тән тағы бір ерекшелік ажырасу фактілерінің үйреншікті құбылысқа айналуы. Ұлттық болмысымызға тән тәрбиенің халықтық сипат алуы күшін жойып, қоғамдық пікір бойынша да ажырасу құбылысы проблемадан шығудың бір жолы ретінде қарастырылуымен байқалады. Нәтижеде, жалғыз басты аналар, толық емес отбасылары және т.б. типтері көбейіп барады.

- бүгінгі отбасы тәрбиесіне тән тағы бір ерекшелік отбасы мүшелері арасындағы қарым-қатынас пен өзара мейірімділіктің жеткіліксіздігі. Ата-аналар күні бойы үйде болмағандықтан, бала тәрбиесі назардан тыс қалады. Ата-ана мейірімі ақшалай, заттай, материалдық қамтамасыз етумен толықтырылуда. Мұндай отбасыларының тәрбиелік мүмкіндігі төмен болады. Осы орайда біз «Бала отбасындағы мейірімділіктің аздығынан ғана зардап шекпейді, оның ұшан теңіз молдығынан да зардап шегеді» деген қағидасын естен шығармауымыз керек. Себебі, мейірімділікті аз көрген бала жасық, тұйық, ұяң, өзіне сенімсіз т.б. өссе, мейірімділікті молынан көрген бала жалқау, өзімшіл, тақаппар, т.б. болып өседі. Сондықтан тең ортасын ұстау керек.

Дәстүрлі қазақ отбасы тәрбиесінің нәтижесінде ешқашан тастанды бала, қараусыз ата-ана болмаған, сонымен қатар, есікке құлып салынбаған, қарауыл да болмаған, тәрбие нәтижесі жоғары көрсеткішті берген. Себебі, халқымыз әрбір адамды ар ождан таразысы тұрғысында тәрбиелеп келген. Ешкім көрмесе де, естімесе де бақылаушы күштің бар екендігіне сендіріп, ар тазалығын қалыптастырған. Бұның дәлелі, «малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы» деп мал дүние адам игілігі үшін, ал ар намыс адам жанынан да асыл қасиет екендігін ұқтырған. Сондықтан, бүгінгі рухани құндылықтарымызды жаңғырту қажеттілік туғызып отырған бүгінгі заманда қыздарымызды ұлттық дәстүрлерді бойына сіңіре тәрбиелей отырып ұлттығымызды сақтап қалуымыз керек.

13. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚҰДА ТУСУ ДӘСТҮРІ

Қазақ халқында ел ішінде кімнің үйінде тәрбиелі қыз өсіп жатқан болса, жұрттың көзі соған түсіп, үйіне әлдебір нәрсені сылтауратып барып, қыздарын байқап қайтатын болған. Құдандалы болудан дәмелі болып, әңгіме жарастырып, дәмінен ауыз тиіп қызының қонақ күтуі мен өзін-өзі ұстауына мән беріп, ыдыс аяғының тазалығы мен үй іші жихаздарының орналасуына көңіл аударған. Сөйтіп, кетерінде отырған орнына біз шаншып кетеді екен. Сондықтан, ел ішінде «Қызы бар үйдің бізі бар» деп айтады екен. Қонақтар ұзағаннан соң көрпе-жастығын жиыстырған қыз үйінде шаншылған бізді тауып алып, келген адамдардың ниетін аңғарған. «Біз шанышар» аталатын бұл дәстүрден кейін, екі ел құда атануға уәделескен жағдайда «Құда түсу» рәсімі орындалады. Дәстүр-салтының бәрі тазалыққа негізделген елдегі жігіт пен қыздың жүз көрісуі, тілдесуі де сондай мөлдір, сондай пәк құбылыс болған. Қызға «құда түсу» мен «сырға салу» дәстүрі қатар жүретін дәстүр.

Құдалық – екі жастың ғана емес, екі отбасының, қала берді екі рулы елдің бір-бірімен туыстасуына дәнекер болатын дәстүр. Ол қызға сырға салудан басталады. Ел арасында бесікте жатқан бүлдіршіннің құлағына сырға тағып, құда болуға уәделесетін ата-аналарды да кездестіруге болады. Салтымызда мұны «бесік құда» немесе «белгі салу» деп атайды.

Құда түсетін қыздың құлағына тек алтын сырға тағылған. Тіпті, ол қыз әле ол сәби болса да арзан қол сырғалар ондай маңызды дәстүрде пайдаланылмаған. Өйткені, қазақ халқы қыз баланы алтынға балаған. Құдалар жағы көңіліне жаққан қызды келін етіп түсіргенше «ол біздің алтынымыз» деп айтып, құрметтеп отыратын болған.

«Сырға салу» дәстүрі қыз балалардың ерте жастан үй шаруасына араласып, әйел адамның міндеттерін үйренуіне жол ашатын болған. Әрі бұл оның бой жеткенінде басқа үйдің түтінін түтетуге психологиялық жағынан дайындалуына да септігін тигізген. Айттырылып қойған қыздар ұзатылғанша үкілі бөрік киіп жүрген. Айта кету керек, егер де қалыңдықтың әкесі келісімді бұзса, ол қызының үкісі мен сырғасын қайтарып қана қоймай, айыппұл төлеген. Қызға сырға тақпас бұрын оның ата-анасының рұқсатын алады. Кейде жақсы араласатын достар ұл-қыздары бесікте жатқан кезінде құда болысып, сырға тағып, айттырып қоятын. Сырға тағылған қыз қалыңдық аталып, оны кейін бойжетіп, жігіт

жақ қалыңмалын төлеп алып кеткенше ата-анасы қатты қадағалаған. Мұнда да үлкен тәрбиелік мән бар. Сырға тағылған қызға сауық-сайран құруға болмайды. Ол барынша инабатты болуы қажет. Көп жылдар бойы ұмыт қалған бұл дәстүрді қайта жаңғыртпақ болған халық оған өзгертулер енгізіп алған.

«Қыздардың құлағына алтын сырға» деген сөз көбіне бойжеткен бикештерге қарата айтылады. Өйткені, осы кезде олар өздерінің жүріс-тұрысына мән беріп, бойларын жат қылықтардан аулақ ұстауы тиіс деп саналған. Тіпті, сырғасының сылдырын естіртпей жүруі керек болған.

Жалпы, сырға салу – келін түсіруге арналған жөн-жоралғылардың ең алғашқысы болып табылады. Халқымыз атастырылған қыздың құлағына арнайы зергерлерге соқтырып дайындаған сырғаларды таққан. Қазіргі таңда ұлттық қолөнеріміз заман ағымына сай жаңаша бағытта дамығандықтан, қалыңдыққа тағылатын сырғалар сақинасымен бірге әртүрлі сәнде жасалынуда. Зергерлік дүкендерден олардың түр-түрін табуға болады. Тіпті, олардың гауһар тастармен көмкеріп безендірілген әшекейлерін де кездестіресіз.

Сырға салу дәстүрін орындау үшін ең алдымен қыздың үйіне жігіт жағынан бірнеше адам келіп, қалыңдықты алып кететін күнді белгілейді. Қыздың ата-анасы мен туыстары жағы бұл мерекеге арнайы дайындалып, мал сойып, құдаларды құрметпен күтіп алып, шығарып салады. Қазақ халқы ұзатылатын қыздың құлағына сырғаны кез- келген адамға салдырмаған. Оның келін болып түскен жұртына тастай батып, судай сіңуі, сонымен қатар сол елге сыйлы келін болуы үлкен абыройлы міндет саналған. Сондықтан, әулеттегі абыройлы әйелдер мен апаларға арнайы ырымдап сырға салу құрметін бұйыртқан. Қыздың жеңгелері құдаларға қалыңдықты көрсетіп, көрімдік алған. Осы кезде жігіттің жеңгелері «құлағың жамандықты естімесін» деп қыздың құлағына алтын сырға тағып, бетінен сүйген. Жалпы, қызды ұзату рәсіміне дейін іске асырылатын бұл дәстүр әлі күнге дейін ұлттық бояуын жоғалтқан жоқ.

«Құда түсу тойынан кейін қыз ауылына күйеу жігіттің ұрын келуі жалғасады. Ұрын келу ойын-сауықпен, үлкен тоймен, әдет-ғұрыппен жалғасқан. Күйеу жігіттің ұрын келуі, қызды көруі, сөйлесуі, оңаша кездесуі, барлығы әдет-ғұрып, салт-дәстүрмен ұйымдастырылған. «Күйеу жігіт ұрын келді» деген сөздің астарында үлкен мән жатыр. Ол ауылға бірден баса-көктеп келмеген. Тасалап,

ауылдың жиегіне тоқтаған. Ауылдың шетіне қос тігіп тоқтап, сонда аялдаған. Сонымен қатар, күйеу жігіт жеке өзі келмеген. Қасына жора-жолдастарын ерте келетін болған. Өзі де, жора-жолдастары да екі қалтасын сақина, білезік, орамалдар секілді сыйлықтарын толтыра келетін болған. Ең алдымен жігіттің жора-жолдастары күйеу жігіттің ұрын келуіне байланысты қыздың жеңгелерінен сүйінші сұрайтын болған. Жеңгелері қызбен кездестірмес бұрын күйеу жігіт тоқтаған қосаға барып, «ентікпе» деп аталатын сыйлығын алған. Бойжеткенмен кездестіретіндерін айтып, сыйлығын алып, арнайы құрметтеп ауылға шақырған. Күйеу жігіттің ұрын келуіне арнайы үй тігіледі. Ауылдың жастары, көрші ауылдың қыз-жігіттері ұрын келу тойына жиналған. Ұрын келу тойында бірнеше ойын-сауық ұйымдастырылады. Қыз бен жігіт арасындағы айтыс, «Қыз қашар», «Алтыбақан», «Ақсүйек» және тағы басқа ойындар осы тойда ұйымдастырылатын болған. Қыздың ата-анасы да бұдан хабардар болған, әйтсе де олар естімеген кейіп танытып бұл іске араласпаған. Ол кездерде жастардың оңаша барар жерлері мен кездесетін орындары болмағандықтан, осындай ойын сауықтар ұйымдастыру арқылы жеңгелері мен құрбы-құрдастарының назарында бола отырып жастар бірін бірі көріп, білісіп жүрген.

«Ұрын келуге аттанар кезде күйеу жігіттің анасы, жеңгелері оның киіміне мән берген. Арнайы бешпент, жарғақ шалбар тіктіріп, жігітті дайындаған. Байырғы қазақ қоғамында той-томалаққа арналған «бір киер» аталатын сәнді киімі болған. Оны той-томалаққа, көшке шыққан кезде киетін болған.

Сонымен қатар, қазақтар көшке шыққан кезде де ескі киім кимеген. «Жаңа қонысқа сән-салтанатпен барайық» деген жақсы ырыммен барлығы сәнді, «бір киер» киімдерін киіп көшетін болған. Сол сияқты қазақ жігіттерінің, қыздарының киімдері арзан болмаған. Ұрын тойға келе жатқан жігіт сері болса, үкілі бөрік киген. Ал, батыр, жауға шауып жүрген, әскер қосынындағы жігіт болса, қауырсын, үкі тағылған дулыға киіп барған. Жалпы «бір киер» сәнді киіммен келген.

Жоғарыда қарастырылған сипаттамалардан қыз өсіру, ұзату мәселелері халқымыздың санасында нәзік иірімдерге, астарлы дүниелерге толы. Қыздың тал бойынан бастап өзге шаңыраққа келін болып түсуіне дейін тұнып тұрған тазалық. «Анасын көріп қызын ал, аяғын көріп асын іш» дейтін текті халық қыз тәрбиесіндегі ана рөлін жоғары бағалап, басып айтқан. Бұл ретте бойжеткеннің мінез-құлқы,

тәрбиесіне жеңгелерінің де ықпалы зор екенін айта кету керек. «Қазақтың дәстүрлі қоғамында жеңге институты қыз тәрбиесінде маңызды рөл атқарған. Қыздың жеңгелерінің барлығы қайын жұртын, күйеуінің туыстарын атымен атамай, басқа жанама ат қойған. Ал қыз бала ұзатылмаған күннің өзінде болашақ күйеуінің туыстарын атымен атамаған. Жеңгелерінен, шешесінен көргені оң жақта отырған қыздың тәрбиесіне үлкен әсер еткен. Бұл көнекөз апаларымыз бен жеңгелеріміздің отбасында бүгінгі күнге дейін сақталып келеді.

Анасынан, жеңгелерінен үлгі-өнеге, тектілік тәлімін сіңіріп өскен қыз баласы өзге шаңыраққа бақ болып келіп, құт болып қонып, жарының ойын, жүрегіндегісін көз-қабағынан таныған аяулы жар, кәусәр, тұма бұлақ болмысымен ұрпағын сусындатқан ардақты ана, қайын сіңлілеріне мінез-құлқымен аты ұлы, болмысы дара «қазақ әйелінің» бітімін насихаттаған өнегелі жеңге бола білген. Содан болар, «Қазақ әйелі» деген ұғымның өзі биік, өзі дара.

Құда түсу рәсімі келісілген соң дала заңы бойынша күйеу жағы «қалың мал» төлеуге тиіс. Бұл қазақ, қазақ болғалы бұлжымаған ежелгі дәстүр. Оның мөлшері құдалардың дәрежесі мен дәулетіне сонымен бірге салауаттарына да байланысты екі жақ келісе отырып шешілетін дүние. Жігіт жақ қалың берсе, қыз жақ кит кидіретін болған және соған сай қыз жасауын береді. Осылайша екі жастың отауын тігіп, шаңырағына керекті заттарды толықтап беретін болған. Қазақта: "теңін тапса тегін бер" - деген осыдан шықса керек. Деседе "қалыңсыз қыз болсада, кәдесіз қыз болмайды" - деп ата салттан аттамауды да дәріптеп отырған. Мұнда қалың малдан бөлек қыздың анасына «сүт ақы» кәдесі де жасалады. Қыздың анасының перзентін дүниеге әкеліп, өсіріп, тәрбиелеп қатарға қосқан үшін жігіт жақ сыйлық жасап, шама шарқына қарай оның көлемін айқындайды. Нақтылы мөлшері айтылмаса да, жолын жасап, ізетін білдіру тәрбиеліліктің белгісі.

Бүгінгі күні де қазақтың құдалық дәстүрлері ата салтымыздың талаптарын барынша сақтап, тіпті асыра орындап келе жатқан жайы бар. Қыз жасауына жұмсалатын шығындар анағұрлым асып түсетіндіктен, құдалық кезінде барлық кәделер, әсіресе «Қалың малы», «Сүт ақысы», «Өлі тірісі» беріліп, ұзату тойында келінді алып кетуге келетін болып жүр.

14. ҚАЗАҚТЫҢ ҚЫЗ ҰЗАТУ ДӘСТҮРІ

Қазақ халқының қыз тәрбиесінің ең соңғы мәресі оны ұзатып құтты жеріне қондырумен аяқталады. Кейіннен «Кеткен қыз шиден тысқары» деп кісі адамы болғаннан кейін оның кейінгі өміріне араласу әдепсіздік болып табылады. Құда түсіп, сырға салынған қыздың уағдаласқан күні жақындаған кезде ата-анасы той қамын жасап, дайындыққа кіріседі. Қыздың жасауы мен киімі жігіт жақтың шығынына қарағанда анағұрлым көп болады. Өзгенің бағына бұйыратын қыздың өз шаңырағынан, ата-ана құшағынан жат жұртқа аттануы да – ерекше назар аударуды талап ететін мәселе. Күнделікті киер киіміне бей-жай қарамаған ұлтымыз үлбіреген қызы ұзатылар шақта барын аямай, сән-салтанатпен аттандырған.

Үкі қыздың оқ жақта отырған кезіндегі бір атрибуты секілді. Ұзатылатын қыз үлде мен бұлдеге оранған. Күйеу жігіттің әкесінің берген қалың малын қыздың әкесі түгелімен қыздың жасауына, киіміне жұмсаған. Қалың малдың бір бөлігін алған кезде малды сатып, қыздың киіміне тапсырыс береді. Арнайы тігіншіні үйіне шақырып, ас-тағамын беріп, айлап күтіп, қыздың ұзатылар киімін дайындаған. Қыздың сәукелесіне арнайы тапсырыс берген. Сәукелеге тігінші де, зергер де өзіндік үлесін қосқан. Ол – екі шебердің, екі кәсіп иесінің қолынан шығатын туынды болған. Сәукеле жасауға үлкен мән берілген. Сәукеле арнайы да тіктіріледі, ал кей жағдайда қыздың жеңгесінің сәукелесін киіп ұзатылатын кездер де болған. Жеңгесі болмаса, қызға арнайы сәукеле тіктіріледі. Сәукеле – ұзатылатын қыздың бас киімі, яғни ұзатылу үшін арнайы жасалған бас киім. Сондықтан, сәукелені тігіп болғаннан кейін сый-кәделер жалғасқан. Сәукеле дайын болған кезеңде қыздың жеңгелері күйеу жігіттен сүйінші сұратқан. Алдымен жеңгелері киіп көріп, қыздың ағаларынан, әке-шешесінен, ата-енесінен, қайын аға, абысындарынан байғазы алған. Сәукеленің сәні мен құндылығына қарап қыздың үйіндегі абыройы мен сыйлылығын аңғарған. Ұзатылатын қызға деген көзқарас пен құрмет те осы сәукелеге берілген байғазы құнымен өлшенген.

Кейіннен қоржынын арқалап, қыздың қалыңмалы мен құдаларға арналған сый-сыяпаттарын алып құдалар келер сәт те жақындайды. Құдалар келе жатқан кезде есік алдына екі адам арқан кереді. «Арқан керу» салтын жасаған адамдарға құдалар жағы өз жоралғысын (әшекей бұйымдар, мата, ақша т.б.) береді. Бұл дәстүр бүгінгі күні де

жақсы сақталып келеді.

Күйеу болатын жігіт бөркінің төбесіне үкі қадап, иығына қызыл шапан жамылып, өкшелі етікпен жұрттан ерекше киініп келеді. Бөрікті баса киіп, сыпайылықпен келу күйеуге міндет. Олай болмаған жағдайда күйеуге айып салынып, әртүрлі қалжыңды әзілдерімен күлкіге қалдырады. Күйеу атын балалар алып ойынға айналдырады. Атқа мініп, жарысып, ауылдың арасында атпен шауып көңіл көтереді.

Жаңа құдаларды күтіп алған қыз жақ қонақтарға құрмет көрсетіп, төрге шығарады. Жастарға бір бөлек, үлкендерге бөлек дастархан жасалады. Астан ауыз тимес бұрын құдаларға «күйрық-бауыр» асату салты орындалады.

Жеңгелері құрық бауыр туралған ыдысты ортаға қойып жатыр өлеңдетіп әкеледі:

Құда, құда дегізген,
Күйрық бауыр жегізген,
Айналайын баладан,
Құдасы бар дегізген-ай,

деп құдаларға бауыр асату дәстүрін жасайды. Бауыр асатуда бауыр еті мен күйрық майды жеуге ыңғайлап кесіп, құдалардың бәріне бірден таратып шығады. Бауырдан жеген құдалар табақты бос қайтармайды, табаққа ақша салады. Осылайша, әкелген адам «бауырдай жақын, күйрықтай тәтті болыңыздар» деп тілек білдіріп, барлық қонақтар мен құдаларға асатады. «*Күйрық-бауыр жедің бе, құда болдым дедің бе*» деген мәтел осыдан қалған. Күйрық-бауыр желінген соң құдалар жағы табаққа ырымдап ақша салады. Бұны табақ әкелген келіндер өзара бөлісіп алады.

Арнайы сойылған малдың жас етімен қоса соғымнан арнайы сақталған сүр еттен сыбаға асады. Мұнда құдалардың сыбаға жамбасы міндетті түрде болады. Бұл дәстүр «сыбаға тарту» деп аталады. Қазақта бас, жамбас, ұлтабар, асықты жілік, төс дегендердің өздерінің иесі – орны болады. Соғымнан құдаға, басқаға сыбаға беру-қазақта өзгермейтін заң. Қыз алуға келген жігіттің алдына төс, жілігімен бір табақ ет тартылады. Табақ әкелген жеңгеге сый ақы беру керек. Мұны «қыз алар» деп атаған.

Құдалар ауқаттанып, аптығын басқан соң, болашақ келіндерін таныстырады. Құдағи көрімдігін береді. Қыздың анасына арнайы «сүт ақысы» кәдесі тарту етіледі. Одан кейін «қоржын сөгу» дәстүріне кезек келеді. Бұған әйелдер жиналады. Қоржынның аузына бір киімдік мата салынады. Ол қоржын аузын сөккен

адамның сыбағасы болып табылады. Қымбат, жағалы киімдерді қыздың әке-шешесіне кигізеді. Ал қоржындағы тағамнан бар жиылған қауым дәм татады.

Қазақ салты бойынша құда-құдағилар қыз алуға барған түні ұйықтамауы керек. «Жақсы тағам қалғанша, жаман қарын жарылысын» деп, құдалардың бергенін жей береді. Егер ұйықтап кетсе киімін құдалардың бірі тігіп тастап, айып төлететін болған. Сол үшін ішіп-жеуге де, ұйқыға да, өлең айтысуға да шыдауы керек. Мұны қазақ «киім тігу» деп атайды.

Қызды шығарып салуға уақыт таяп қалғанда ұзатылатын қыздың басына сәукеле киер сәт те жақындайды. Отауға құда-құдағи тегіс шақырылады, олар көрімдік атайды. Онан соң анасы қызының оң жақтағы үкілі тақиясының орнына сәукеле кигізіп, енесінен байғазы алады.

Той тарап бір күннен кейін үлкендердің ақ батасын алып, қыз өз босағасынан аттанатын кез келеді. Бұл күні күйеу ең артынан шығып, қайын жұртының босағасына бір шапан іліп кетеді. Бұл күйеу жігіттің «Осы үйдің мен де бір ұлымын, босағасынан қол үзбеймін. Ыстық-суығында осыннан табыламын» деген ишараты. Мұны «босағаға ілу» немесе «су шапан» деп те атайды.

Қызды ұзататын күні келін және басқа әйелдер киіз үйдің ішінде болады да, аужар айтатын жігіттер сыртта ат үстінде болады. Еркектер тұрған жақтың бір үзгі алынып, ашық болады. Қыз ата-анасы, бауыры, аға-жеңге, ел-жұртымен қоштасуды өлеңмен жылап тұрып айтады. Аужарды көбінесе ұзап бара жатқан қайын сіңілісіне жаны ашып, көңілі босаған жеңгелер айтады. Бұл салт «ау-жар» деп аталған. Сыңсумен шатастыруға болмайды.

Ал «жар-жар» туралы айтсақ, ежелден келе жатқан дәстүр. Қыздың қоштасу кешінде, қыз аттанардағы қыз бен жігіттің айтысы. Мәселен, жігіттер қыздың жыламауын, әке орнына әке болар қайын атасы барын айтады. Қыздар жағы қимастығын білдіріп, қанша әке болса да өз әкендей бола алмасын айтып, аяғын суырып-салма айтысқа әкетеді.

Тұрмысқа шығатын қыз өзінің орамалын сіңілісіне береді. Ол - «сенің де өз бақытың жолығып, жолың ашылсын» деген белгі. Бұл рәсім «шарғы салу» деп аталады. Шарғыны алған қызға жолдастары, жеңгелері, келіндері бақыт, мақсатына жетуіне тілектес болады. Той тарқап, құдалар жолға шыққан соң қыз шешесімен, үлкен жеңгесі мен кіші бауыр-сіңілілерімен арнайы дайындалған көлікке отырады.

Ұзатылған қызға артына қарауға болмайды. Құдалар алда, олардан кейін «шаңырақ-түйе» - қыз көші жүріп отырады. Қыз ауылынан шыққан соң бұл көшті «қыз көші» - деп айтады. Біраз жүрген соң «қыз көшін» «келіншек көші» - деп атайды. «Келіншек көші» ауыл жанынан өтерде ауыл адамдары көшті тоқтатып, кәде сұрап, жақсы тілектерін жолдап, сәт сапар тілейді. Бұл салт «Түйемұрындық» деп аталған. Қызды бар салтанатымен жігіттің ауылына әкеледі. Осылай қыз баланың балалық бал дәурені артта қалып, жұбымен бірге жаңа өмірге аяқ басады.

Жігіт жақ қыздың үйіне өлі-тірісі деп бір мал атайды. Өлі-тірісі қыз ұзатылып кеткеннен кейін қыздың ата-анасы ағайын-туыстарын жинап мал етінен ауыз тигізіп, әулетте өмірден өткен ата-бабаларының аруағына құран оқытып, бағыштайды.

Қазіргі уақытта құдалар жағы бір бірімен алдын ала келісіп алған болса әкелген сыйлықтары мен киіттерін таратуда аттарын атап тұрып табыс етеді.

«Қыз мұраты - кету» деп ұққан халқымызда қызды үйінен ұзатып, құтты жетіне аман есен шығарып салу кез-келген ата-ана үшін үлкен бақыт. Қызды алып кетуге келген құдаларды қарсы алудың өзі қазақтарда үлкен ырымды дәстүрлермен жалғасады. Құдаласу мен қыз ұзату дәстүрінде қазақ халқының ислам діні келуден бұрынғы тәңірлік кезеңдегі сенім-нанымдары сақталған.

Құдалар есіктен кіріп келе жатқанда қыздың екі жеңгесі жігітті отқа май құяғызып кіргізеді. Отқа май салынғаннан соң әрине, жігіт қыздың жеңгелеріне өз сый-сыяпатын беріп, жол жоралғысын жасайды(көбіне ақша салады).

15. БҮГІНГІ ҚЫЗ БАЛА ТӘРБИЕСІН ҰЛТТЫҚ БАҒЫТТА ЖЕТІЛДІРУДІҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Қазақта отбасының беріктігі мен тәрбиесі ең алдымен әйел баласының болмысымен тікелей байланысты түсіндіріледі. Сондықтан, қазақ халқында қыз балаларды тәрбиелеудің өзіндік ерекшелігі бар. Бұл дәстүрлерді білу мен тәрбиеде ескеру әсіресе бүгінгі қоғамдық жағдайда ерекше қажеттілік туғызып отыр. Осы тұста Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстан-2050» стратегиялық бағдарламасында отбасының тірегі болған әйел балалары, соның ішінде қыз баласының тәрбиесіне ерекше көңіл бөлу қажет екендігін ерекше атап көрсете отырып: «Біз қыздарымызға ертеңгі жар, ана деп қарап, тәрбиелеуіміз керек», - деп айтқан болатын.

Статистикалық мәліметке жүгінетін болсақ, бүгінге дейін Қазақстан Республикасы бойынша кәмелет жасына толмаған мектептегі қыз балалардың 30 мыңы жүктілігі бойынша тіркеліп, соның 10 мыңының түсік жасатқаны мәлім болды. Сонымен қатар, мектеп жасындағы қаншама оқушы қыз балалары көптеген себептермен мектепті бітірмей тұрмыс құрып жатқандығы тағы бар. Бұл деген сөз, жас қыздарымыздың отбасын құру мен оның жауапкершілігін түсініп, сезінетін жасқа жетпей жыныстық қарым-қатынасқа баратынын дәлелдейді. Сонда ата-аналар мен мектеп мұғалімдері тарапынан сауаттандыру мен ақпараттандыру жұмыстарының бұл бағытта мүлдем жүргізілмейтіндігі көрінеді. Ол аз болғандай, жас отбасыларының бір жылдағы көрсеткіші бойынша да әрбір үйленген жұптың 40%-ның қайта ажырасатыны отбасын құрған жастардың да болашақ отбасылық өмірге дайын болмай қадам жасайтынын көрсетеді.

Халқымыз: «Әйел күннің шуағынан жаралған» деп дәріптеген. Өйткені, әйел баласына тән қасиеттер нәзіктік пен мейірімділік, қамқорлық пен жылылық секілді сезімдермен байланысты болуы тиіс. Ата-ананың орнын өте жоғары бағалайтын асыл дінімізде: «Ата-ананың балаға бере алатын ең жақсы мұрасы – жақсы өнегелі тәрбиесі» делінген.

Әйтсе де, бүгінгі ата-аналар жұмысбастылықпен күні бойы күнкөріс қамымен жүріп балалар тәрбиесін назардан тыс қалдырады. «Қызым үйде, қылығы түзде», - деп халқымызда айтылғандай қыз балаларының жүріс-тұрысы мен мінез-құлқының сырт көз бақылауы бойынша қалыптасқан болмысына бір мезгіл назар аударып отыру да қажет-ақ.

Бүгінгі қыз балаларының тәрбиесі мен мінез-құлқындағы жағымды және жағымсыз қасиеттерін салыстырып білу мақсатында ер балалардан алынған сауалнамалар нәтижесі мына төмендегідей көзқарастарды айқындатады:

1. «Бүгінгі қазақ әйелі қандай болуы қажет деп ойлайсыз?» деген сұраққа сұралған жігіттердің 40%-ы «Инабатты, кішіпейіл, мәдениетті, көпшіл, сыпайы әрі қарапайым болуы қажет» деп жауап берсе, 30%-ы «Қазақ әйелі ата-анасын құрметтейтін, туған туыстарымен жақсы қарым-қатынаста болуы қажет және қазақылығын сақтап, салт-дәстүрін ұстануы қажет» деп жауап берген. Ал 30%-ы «Қазіргі заман талабына сай білімді, білікті болу керек, ең бастысы заманнан артта қалмауы қажет» деп жауап берген. Демек, жоғарыдағы жауаптардан қазақ әйелдеріне тән қасиетті негізінен бауырмашылдық пен ұлттық мінезбен байланыстарғандары басым болып отырғандығын көруге болады.

2. «Бүгінгі қазақ қыздарының бойынан қандай тәрбиелілікті көргіңіз келеді?» деген сұраққа сұралғандардың 82%-ы олардың бойынан қазақи тәрбиені көргісі келетінін айтқан. Ол деген сөз қазақ қыздарының бойында ұлтқа тән тәлім-тәрбиенің болғанын дұрыс көретінін білдірген. Ал қалған 20% жігіттер заман талабына сай үлгіде киінген және көзі ашық қыздарды ұнататынын айтқан.

3. «Қандай қыздарға үйленгіңіз келеді» деген сұраққа жігіттердің басым бөлігі отбасы тыныштығы мен абыройын басты орынға қоятын, бойында иманы бар қыздарға үйленгісі келетінін айтқан.

Бұдан шығатын тұжырым, қазақ жігіттері қыздардың ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп тәрбиеленген қыздарға үлкен құрметпен қарайтынын аңғартады.

Бабаларымыз дәстүрінде қыздың тектілігін әртүрлі жолдармен тексеріп көретін болған. Мәселен, бойжеткеннің көшкен жұртына зер салып қарауы мүмкін. Сондай-ақ, қыз көруге келгенде сол шаңырақтың көсеуіне көңіл аударады, егер көсеудің екі жағымен от көселсе, онда “шешесі салақ” – деп бойжеткенді көрмей-ақ жүре беретін болған. Сонымен қатар, қалыңдықтың ақылдылығына аса назар аударған: сыншылар әртүрлі сыйлық ұсыну арқылы бойжеткеннің дүние мүлікке көзқарасын тексерген, жұмбақ шешкізіп, зейін зердесін байқаған, аға-інілері құрбы-құрдастарымен қарым-қатынасына қарай бауырмалдығы мен қайырымдылығын екшеген. Киген киімі, істеген ісі, сөйлеген сөзіне қарап, оның ұқыптылығы, іскерлігі және мінез-құлқынан мағлұмат ала білген.

Жоғарыдағы сауалнама жауаптарын талдай келе, қыз балаларымызды ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеудің бүгінгі замандағы әдістері мен тәсілдерін ұсынудың қажеттілік туғызып отырғандығын байқаймыз. Сондықтан ата-аналар үшін отбасы тәрбиесі жағдайында қыз балалар тәрбиесін тиімді ұйымдастыруға мынадай ұсыныстар жасағымыз келеді:

1. Қыз балаларымыз бойында ұлттық мінез бен ұлттық сананы қалыптастыру үшін отбасындағы қарым-қатынас пен тәрбие қашанда ана тілінде болуы тиіс. Бала қандай мектепте оқыса да, оның отбасындағы алған тәрбиесі өз ана тілінде болатын болса, тәрбиеде ұтылмайтынымыз анық.

Осы тұста елбасы Н.Ә.Назарбаевтың мына сөзін есте ұстағанымыз жөн: «Білім мен тәрбие адамгершілікті тұлға қалыптастырудың қос қанатындай. Білім әлемдік, ал тәрбие ұлттық болуы керек». Осылайша бүгінгі жаһандану заманында әлемдік білім мен ұлттық тәрбиені тең ұстауымыздың қажеттілігін ескертеді.

2. Отбасындағы бала тәрбиесімен тек ананың ғана емес, ата-ананың екеуінің де айналысқаны абзал. Өйткені, ер азаматтың тәрбиедегі ықпалы тек ер балалар үшін ғана емес, қыз балалары үшін де маңызды. Әкесінің қамқорлығы мен қолдауы қыз балаларының болашағы мен ертеңгі өміріне сенімділік беріп, жол ашады. Сондықтан болар, қазақ халқында әкелер қыз балаларды ренжітіп, ұрыспаған. Әсіресе әкесі тарапынан қыздарына дауыс көтеріп, қол көтермеген. Егер әкесі қызына қол көтерсе, қызы бақытсыз болады деген сенім болған. Бұл бүгінде де маңызды.

3. Қыздарымыздың кину мәдениетін қадағалау қажет. Өйткені, киім тәрбие айнасы іспетті. Аналарымыз қыздарына көйлек киюдің қыз балалары үшін қандай пайдалы тұстары бар екендігін түсіндіріп отыруы тиіс. Медицина саласының мамандарының тұжырымдауы бойынша әйел балалары үшін көйлек кигеннің пайдалы тұстарын: "...Ер адам көбіне көктен, әйелдер жерден қуат алады. Сондықтан болар, әйелдің шашы магнит тәрізді ауадағы кір-лас қуатты жинағыш келеді. Бұл да оның, әсіресе, бас ауруына ұшырауына әсер етеді. Ашық-шашық жүрген әйел көктен өзіне қажет емес, артық қуатты алады, сөйтіп оның бойында еркектерге тән гистостерон гормоны пайда болады. Нәтижесінде, ағзаның гормональды бұзылуы етек алып, жыныс органдарындағы қатерлі ісік және т.б. ауруларға жол береді. Ал баланың бітуі мен тууына аса қажет әйелге тән экстрогенос гормондарының керекті мөлшерде қалыптасуына ықпал ететін жерден

келетін қуат ұзын, кең көйлек арқылы әйел денесіне молынан, еркін өтеді. Тар шалбар осындай аса маңызды процеске кедергі жасайды. Осы процестер дұрыс жүзеге аспағандықтан, қоғамда жантүршігерлік түрлі оқиғалардың (лесбиянкалар, гомосексуалистер, трансвеститтер, т.б.) орын алуына себеп болуы мүмкін",- деген тқжырым жасайды. Сондықтан "Есті қыз етегін қымтап ұстайды" деген дана сөз айтылады.

4. Қыз балаларының мінез-құлқының қалыпты болуына мән бере тәрбиелеу қажет. Ұлы ғұлама әл-Фарабидің «Бақытты болудың бірден бір шарты - жақсы мінездің болуы» деп айтқанындай қазақ қыздары мен келіншектерінің тұлғалық сапаларының ең басты көрінісі олардың мінез-құлқының жағымды болуымен айқындалған. Себебі, адам мінезінің жайдары да ашық, сабарлы да ұстамды болуы оларды кез-келген ортада дұрыс ұстауға жағдай туғызған. Ол туралы да әжелеріміз жас қыздарға үнемі айтып, естеріне салып отырған. Оны «Күле, күле, күлкім жетті басыма, күлмей жүрсем, кім келеді қасыма» деген мақалдар астары дәлелдейді. Бұл қатарлар арқылы жастарға адам мінезінің тым жеңілтек те, тым салмақты да болмағаны дұрыс екендігін ескере отырып, орта шамасын ұстағанды жөн көреді. Себебі, тым жеңілтектік түбінде бір пәлеге ұрындырары хақ, ал тым тұйықтық өзімен өзі қалып ортадан ажырап қалуға алып келуі мүмкін дегенді меңзейді.

5. Мектеп пен отбасы ынтымақтастығын нығайту қажет. Мектептегі «Қыздар жиналысы» немесе «Сырласу кеші» секілді клубтар жұмысын жандандыру арқылы қыз балалар үшін пайдалы кеңестер мен ақпараттарды таратып, пікір алмасу жұмыстарын күшейту қажет.

6. Мектептерде ата-аналар үшін де мектеп психологы мен педагог мамандар тарапынан психологиялық-педагогикалық кеңестер беретін орталықтар немесе «Ата-аналар университеті» секілді орталықтар жұмыс жүргізіп тұруы қажет деп білеміз. Өйткені, ата-аналар өздігінен педагогикалық-психологиялық сауаттылығын көтере алмайды, немесе барлығы дерлік оған шамалары келе бермеуі мүмкін. Сондықтан, балалары оқитын мектептен өз балаларының дамуы мен тәрбиесі жайлы ақпараттар мен кеңестер алып отыруға мүмкіндік жасалса, бұл ынтымақтастық пен өзара байланысты күшейте түсер еді.

7. Қыз тәрбиесін жетілдіруде тек қыз балалары үшін ғана тәрбиелік шараларды ұйымдастыру жеткілікті болар деп ойламаймыз. Ол үшін ер балаларға арналған іс шаралар мазмұнында да олардың қаздарға деген қарым-қатынасы мен қамқорлығын қалыптастыру мен

ынталандыру шараларын жоспарлы жүргізу қажет деп білеміз. Өйткені, қыз балаларды қорғаушы да қамқоршы ер балалар екендігін олар сезінуі тиіс. Сондықтан, ер балалармен жүргізілетін жұмыстарда қыз тәрбиесі мәселесін қою маңызды.

Бүгінгі қыз балалар тәрбиесін қолға ала отырып, қоғам тәрбиесін түзейміз, қоғамда тәртіп орната отырып болашаққа жарқын жол салатынымызды ұмытпағанамызы жөн болар.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қоғамның дамуына сай тәрбие де үнемі өзгеріске ұшырап, жаңа талаптармен толықтырылып отырады. Бүгінгі жаһандық мәдениет барлық этностық тәрбие дәстүрлеріне өзіндік ықпал етіп, біртіндеп ортақ мәдениетке жақындатып келеді. Ұлттық болмысымызды сақтап қалғымыз келсе ең алдымен ұлттық дәстүрімізді қайта жаңғырта отырып, оны заман талаптарына сай жетілдіріп пайдалану жолдарын ұсынуымыз қажет. Сондықтан, әрбір отбасында ата-ана балаларымен ана тілінде сөйлей отырып, тәрбиені ұлттық рухта ұйымдастыруға көңіл бөлуі тиіс. Ұлттық тәрбие ана тілімізден бастау ала отырып, ұлттық сана мен мінезіміз қаншалықты арқылы тәрбиелі екендігіміздің көрсеткішін айқындайды.

Біз аталмыш оқу құралында отбасы дәстүрлері мен құндылықтарының ұрпақ тәрбиесіндегі ықпалы мен орнын айқындауға мән бердік. Әсіресе, қыз балаларының тәрбиесіне қарата отырып, отбасы тәрбиесінің ұмып қалып отырған дәстүрлері мен жоралғыларының бүгінгі күнгі қажеттілігін, оны ата-аналарға кеңес бере отырып пайдалануға ұсыныстар жасаймыз.

Оқу құралының мазмұнын анықтау мен сипаттауда көптеген Отандық ғалымдар С.Ғаббасов, С.А.Ұзақбаева, А.Сейдімбет, А.Қалыбекова және т.б. зерттеулеріне сүйене отырып, отбасындағы қыз тәрбиесіне сипаттама жасадық. Отбасы тәрбиесіндегі қыз балалар тәрбиесінің ерекшеліктері мен оған қойылар талаптарды сонау ата-бабаларымыздың тәжірибелерінде жинақталып, пайдаланылып келген дәстүрлерімен сипаттап көрсеттік. Өйткені, бүгінгі қазақ қызының тәрбиесі мен оны іске асыратын отбасы тәрбиесінің шарттары ұлттық құндылықтарымызды қайта жаңғырта отырып сабақтастыруды қажет етеді.

Аталмыш оқу құралында қыз тәрбиесінің бастаулары болып табылатын отбасын құруға дайындық кезеңінен бастап, қыздарымыз біліп жүруі тиіс болатын ақыл-кеңестерді отбасы салт-дәстүрлерінің талаптарымен байланыстыра бердік. Отбасындағы қолданылатын әрбір салт-дәстүрлердің қыз тәрбиесіндегі рөлі мен мәнін ашып көрсетуге тырыстық.

Ұсынылып отырған оқу құралы бүгінгі отбасы тәрбиесіндегі салт-дәстүрлерді жаңғыртуға және қыз тәрбиесінде ұлттық құндылықтарымызды бағалай отырып, тәрбиеде пайдалануға оң септігін тигізеді деген ойдамыз.

Оқу құралына байланысты материалдар жинақтау мен зерделеу барысында туындаған ойларды қорытындылай келе мынадай *тұжырым* жасауға болады:

- қазақ халқының отбасы салт – дәстүрлерінің мазмұны мен астары ұрпақ тәрбиесінің жан-жақты қалыптасып дамуын қамтиды;

-қазақ отбасы салт-дәстүрлерінің түрлері мен ұйымдастырылу формалары отбасында өсіп келе жатқан балалардың жас және жыныстық ерекшеліктеріне қарай өзіндік айырмашылыққа ие;

-қазақ халқының отбасылық салт-дәстүрлерінің бүгінгі күні де өзекті әрі қажеттілік туындатып отырғандығы оның ұрпақ тәрбиесіндегі тиімділігі мен нәтижелілігін көрсетеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 ж.
2. Қазақ мақал - мәтелдері /құрастырған: Ж.Малайсайрин. - Алматы, 2004. - 184 б.
3. Ұзақбаева С.А. Тамыры терең тәрбие. - Алматы: Білім, 1995. - 235 б.
4. Ұзақбаева С.А. Қазақ халық педагогикасы. Оқу құралы. «Глобус» баспасы, 2013. -468 б.
5. 60 Алдамбергенова Г.Т. Қазақ халық педагогикасында қыздарға моральдық-этикалық тәрбие берудің ғылыми негіздері: пед.ғыл.докторы ...дисс. –Алматы, 2009.
6. 59 Сарыбекова Ж.Т. Болашақ мұғалімдерді оқушы қыздарға қазақтың халық педагогикасы арқылы тәрбие беруге даярлау: педагогика ғылымының кандидаты... автореф.: 13.00.01. - Астана, 2004. - 29 б.
7. Ғаббасов С. Ұрпақ тәрбиесінің жаңа ілімі. –Алматы: Алматыкітап баспасы. 2012.-232 б.
8. 72 Ғаббасов С. Халық педагогикасының негіздері. Монография. - Алматы, 1995. - 460 б.
9. Камалова Н.К. Қазақтың мәнін жоймас құндылығы. Монография. –Шымкент, 2011.-197 б.
10. Алагаш М. Әйел мәртебесі. –Алматы, 2009. -152 б.
11. Арғынбаев Х.А. Қазақ отбасылық дәстүрлері. – Алматы: Санат, 2000. – 164 б.
12. Арғынбаев Х.А. Қазақ отбасы. - Алматы: Қайнар. 1996. – 288 б.
13. Жұмабаев М. Педагогика. - Алматы: Ана - тілі, 1992. - 160 б.
14. Алтай Х. Таңдаулы хадистер аудармасы. -Алматы, 1994. - 112 б.
15. Атемова Қ.Т. Түркі халықтарындағы отбасы тәрбиесі дәстүрлерінің қалыптасуы. Монография. –Алматы, 2009. -328 бет.
16. Асқаров Б. Сәбиге ат қою. // Ислам және өркениет. –2005. – № 7(55), шілде. – 11 б.
17. Ахметова З. «Бабалар аманаты». –Алматы, 2014.
18. Акбаев Н. Ата салтынды аяла // Қазақ салт - дәстүрлері

туралы таным. - Алматы: Ана тілі, 1998. - 160 б.

19. Әуезов М. Адамдық негізі - әйел. 20-томдық шығармалар жинағы. - Алматы: Жазушы, 1984. –Т.15. –Б.7-9.

20. Әл-Фараби. Бақытқа жету жолында. Философиялық - әлеуметтік трактатында. - Алматы: Ғылым, 1975. - 305 б.

21. 31. Әуезов М.О. 20-томдық шығармалар жинағы. - Алматы: Жазушы, 1978. –1 т.

22. 32. Әуезов М.О. Дәстүр және жаңашылдық диалектикасы //Ақиқат. – 1996, 1- қаңтар.

23. Әл-Фараби. Әлеуметтік этикалық трактаттары. - Алматы: Ғылым, 1975. - 305 б.

24. Әл-Фараби. Бақытқа жету жолында. Философиялық - әлеуметтік трактатында. - Алматы: Ғылым, 1975. - 305 б.

25. Әлемдік педагогикалық ой-сана. 10 томдық.1-том. Ежелгі дәуір/ Жетекшісі Ә.Н.Көшербаева. -Алматы,2008.-400 б.

26. Әл-Фараби. Әлеуметтік этикалық трактаттары. - Алматы: Ғылым, 1975. - 305 б.

27. Әшенұлы А. Ата-ананың балаларына қатысты міндеттері: "Шапағат-нұр". //Ислам тану журналы. – Шымкент, 2002. – Б.46 - 21.

28. Әуезов М. Адамдық негізі - әйел. 20-томдық шығармалар жинағы. - Алматы: Жазушы, 1984. –Т.15. –Б.7-9.

29. Баласағұн Ж. Құтты білік. - Алматы:Жазушы. 1986. - 358 б.

30. Жұманұлы З. Ата - ана ақысы. // "Ислам және өркениет". –2005. –№8(56), тамыз. – Б.10- 11 б.

31.Мүсірепов Ғ. Оянған өлке. Таңдамалы үш томдық шығармалар жинағында. 1 том. Алматы «Жазушы» 1980.

32. Бекжігіт А. Әкімжан Ы. Мухаммед пайғамбардың өсиет хадистері. -Шымкент: Азиат. 2005. - 96 б.

33. Жұмабаев М. Педагогика. - Алматы: Ана - тілі, 1992. - 160 б.

34. Жұмабаев М.. Көп томдық шығармалар жинағы. Аудармалар, ғылыми еңбек мақалалар.-Алматы.: Жазушы, 2005.-232 б.

35. Кенжеахметұлы С. Қазақтың салт - дәстүрлері мен әдет - ғұрыптары. - Алматы: Ана тілі, 1994. - 80 б.

36. Кенжеахметұлы С. Қазақтың әдет - ғұрыптарының беймәлім 200 түрі. Көмекші оқу құралы. - Алматы: Санат, 1998. - 256 б.

37. Қазақ мақал - мәтелдері /жинап құрастырған Өтебай Тұрманжанов. - Алматы: Ана - тілі, 1993. - 173 б.

38. Қазақ мақал - мәтелдері. //Құрастырған: Ж.Малайсайрин. -

Алматы, 2004. - 184 б.

39. Маргулан А.Х. Казахская юрта и ее урбанство //В кн. Мир казаха. - Алматы, 1997. – С.45 - 55.

40. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 ж.

41. «...народы Средней Азии». Рукопись профессора Ю.К.Малницкого. ЮКОГА. Фонд № 1170. Название фонда «Документы о жизни и деятельности казахской национальной интеллигенции в Туркестане», ОП 10, Дело 4. – 118 с.

42. Өмірәлиев Қ. Ата тарихымызға үңілсек //Жалын. – 1985. –№5. –Б.105-121.

43. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. – Алматы: Санат, 1997. - 464 б.

44. Сахих хадистер. /Ред. басқарған Мыңбаев М.Г. Таңдамалы бірінші кітап. - Алматы, 2003. - 224 б.

45. Өміртай А. «Егемен Қазақстан»,
<https://egemen.kz/article/157651-khalyq-danalyghy-qyzdy-toerge-otyrgyz-toerenhdey-kut>

46. <http://reactor.inform.kz/kz>

47. Атемова Қ.Т. Қазақ халқындағы балаға ат қою дәстүрінің ұлттық құндылығы. Абай ат.ҚазҰПУ-нің ХАБАРШЫСЫ. 2017. №4(55).-Б.47-50.

48. Атемова Қ.Т. Қазақ халқының дастархан басындағы тәрбие мектебі-ұлттық құндылық ретінде. «Қазақстан ғылымы мен өмірі» журналы. –Астана, 2017. №6(52), -Б.163-166.

49. Қазақстанның демографиялық жылнамалығы. Статистикалық жинақ. - Алматы, 2005. - 440 б.

50. Жағда Бабалық. Біздің тәрбиеміз жергегінен бұзылып жатыр. //Қазақ әдебиеті, 2004. –4 б.

Қыз балаларына қаратып айтылған тыйымдар:

- Жарыса сөйлеуге
- Жалғыз қыдыруға
- Жыртақтап күліп, сыпсыңдап сөйлеуге
- Орынсыз ұрынуға
- Басқаларға қол тигізуге
- Өтірік, өсекке
- Суық жүріс, сумаң қылыққа
- Кісіге қарай керіліп есінеуге
- Талтайып отыруға
- Шалқайып жатуға
- Тамақты обырлана асауға
- Ұрлық-қарлыққа
- Ұятты мүшелерін ашып жүруге
- Бұраңдап қылымсуға
- Қызыл іңірде жатуға
- Түске дейін ұйықтауға
- Кісі алдында киім ауыстыруға
- Салт-дәстүрден аттауға
- Елді ғайбаттауға
- Үлкендердің жолын кесіп, атын атауға
- Ішімдік ішу пен шылым шегуге
- Ұрыс-керіске
- Беттен алып, бет жыртысуға
- Қараулыққа, ысырапқа
- Рахымсыздық пен қатыгездікке
- Түнде суға жалғыз баруға
- Жат жыныстылармен араласып жатуға
- Күйеуге қашып тиюге
- Әдепсіз сөзге
- Тарс-тұрс етуге
- Адам мен жануарларды тебуге
- Кісіні қорлап жәбірлеуге
- Тәкаппарлық пен сайқымазақ жасауға
- Айқай-сүреңге
- Шектен тыс сыланып жасануға

- Қызғаншақтық пен күншілдікке
- Менмендік пен өзімшілдікке
- Алдап-арбауға
- Көрсеқызарлыққа
- Нәпсі құмарлыққа тыйым
- Әйел адам ақырын сөйлер болар;
- Әйел адам еркекке қарсы қарап отырмас болар;
- Әйел адам етегін жауып отырар болар;
- Еркектің бес қаруына әйел адам тиіспес болар;
- Ер адамды әйел түртіп оятпас болар;
- Жүйрік атқа әйел адам мінбес болар;
- Әйел адам «жоқ» деген сөзді айтпас болар;
- Әйел адам ер адамның қайда баратынын сұрамас болар;
- Әйелге жалаңбас жүруге болмайды;
- Әйелге жолаушының жолын кесіп өтуге болмайды;
- Әйелге ер адамның алдын кесіп өтуге болмайды;
- Күйеуіңнен бұрын жатпа;
- Күйеуіңнің ірге жағына жатпа;
- Ата-енеңнің, қайнағаңның атын атама;
- Ата-енеңнің, қайнағаңның жатқан жеріне жатпа;
- Ата-енеңнің, қайнағаңның төсегіне отырма, төсегін басып

өтпе.

Қыз, әйел жайында айтылған мақал-мәтелдер

Ақылды қыз — ауыл көркі.

Алқатсаң алқат қызынды
ақтар ол дәм-тұзынды.

Апасы киген сәукелені сіңлісі де киеді.

Арпа берсең атқа бер, қатыр-құтыр шайнасын.
Қызды берсең жасқа бер құшақтасып ойнасын.

Астың дәмін келтірген тұз әулие
Елдің сәнін келтірген қыз әулие.

Асылдарға ой керек,
Бозбалаға той керек,
Сұлу қызға бой керек.

Ән сазымен, қыз назымен.

Байжанды қыз — ұятсыз.

Бір жақсы қыз екі жаман ұлға татиды.

Бір қыздың кесірі қырық есекке жүк.

Бір қыз күйеуге тисе, басқа қыздар түс көреді.

Жақсы қыздың жасауын
жақын-жаран жасайды.
Жаман қыздың жасауын
сұрақ-тілек жасайды.

Жақсы қыз біреу келсе есік ашар,
Жаман қыз біреу келсе төрге қашар.
Жақсы қызды жатқа жібермейді.

Жақсы қыз жағадағы құндыз,
Жақсы жігіт көктегі жұлдыз.

Жақсы қыз жыртық лашық ішінде.

Жаман қыз әкесінен аса алмайды,
аяғын, бойын билеп баса алмайды.

Жаман қызбен жатқанша,
Жақсы қызбен сыбырлас.

Жауынды күні ат көрме,
Айтты күні қыз көрме.

Кәрі қыздың ұяты босағадан аттағанша.

Кәрі қыз ер танымайды,
Өлген адам жер танымайды.

Көн етіктіге бармай жүр,
Көк етікті алмай жүр.

Көп беріп көргендінің қызын алсаң,
үйіңе мейман келсе құрмет етер.
Аз беріп көргенсіздің қызын алсаң,
байымен бір жатқанын міндет етер.

Көріксіз қыз тұзсыз нанмен тең.

Күндес көргеннің қызын алма.

Корғасын — қотыр қыздың сырғасы.

Қыз анадан көрмейінше үлгі алмас,
Ұл атадан көрмейінше үлгі алмас.

Қыз ауылдың көркі,
Жігіт ауылдың еркі.

Қыз ауыр ма, тұз ауыр ма?

Қыз баққанша қысырақ бақ.

Қыз бала әкесіне жұлдыз, шешесіне күн.

Қыз бала өкпеші болса калыңмал көп болар.
Ер бала өкпеші болса ырысқа кесір болар.

Қызға берген білінбес.

Қызға бергенді қыз өтер.

Қызға қырық үйден тыю,
қала берсе кара күннен тыю.

Қызғыш құсқа көл пана,
Жетім қызға ел пана.

Қызда қылық болмаса құр шырайдан не пайда?

Қыздан туғанда қиық жоқ.

Қыздар сәулім болғанда жүріс түзер,
жүріс түзеп, жігітке көзін сүзер.

Қызды асырай алмаған күн етеді,
Үлды асырай алмаған құл етеді.

Қызды ауылдың иті жатпас.

Қызды ауыл көңілді.

Қызды кім ілмейді?
Қымызды кім ішпейді?

Қызды қартқа тандат,
Атты жігітке тандат.

Қыздың аңқауынан сақта,
Ұлдың жалқауынан сақта.

Қыздың барар жері күйеу,
Ұлдың барар жері диірмен.
Адамгершілік-әйелдің ең әдемі әшекейі.

Әйелдің ақылы ізеттілігімен белгілі.

Ерін сыйлаған әйел есікте қалмайды.

Әйелдің көркі – қылығында.

Әйел – үйдің мәні, бала – әні.

Әйел үйдің көркі, еркек – түздің көркі.

Жақсы әйел жаман еркекті адам етеді.

Ерге жаққан әйел елге де жағады.

Әйел қырық шырақты

Ерін баққан әйел елін де бағады.

Әдемі әйел – көзге ұнайды, жақсы әйел – жүрекке ұнайды.

Ақылды әйел айтқызбай ұғады, тұспалдай таниды.

Әйел қылығымен сүйдіре де біледі, күйдіре де біледі.

Атасыз үй – батасыз, анасыз үй – панасыз.

Жақсы – бір әйелден туады, жаман – әр әйелден туады.

ҚЫЗ БАЛА ЖАЙЛЫ НАҚЫЛ СӨЗДЕР

Қыз мінезінде ұяңдық пен әдеп бірге кездесе, бірін-бірі жасырыңқырап тұрады, ашықтық пен абайсыздық бірге кездесе, бірін-бірі асырыңқырап тұрады.

Ғабит Мүсірепов

Дала қызының назданған еркелігінде мұң да бар, жігер де бар, жалынышы мен жалыны да бар. Жан тазалығы, саудаға салмас ар-ұят тазалығы да бар. Сондай қолтума өнерінен кіршіксіз ләззат ала аласың...

Ғабит Мүсірепов

Қыз көйлегінің етегі тізеден жоғары шықпауы керек, себебі қыздың жалаңаш жеріне көп көзінің құрты түскіш келеді. Ал халықта: “Есті қыз етегін қымтап ұстар” деген мақал бар.

Әзілхан Нұршайықов

Қызға қатты күлудің қажеті жоқ, жігітке оның жымығаны да жетіп жатыр.

Әзілхан Нұршайықов

Шошандаған қыз шешесінің атына кір келтіреді.

Әзілхан Нұршайықов

Үміт күткен ұлы оңбаған болып кетсе – әке сорлы; қызы күйеуге өтпесе – шеше сорлы; сұлу деп алғаны сүйкімсіз болып шықса – жігіт сорлы; қыран деп тигені жапалақ болып шықса – жар сорлы

Әзілхан Нұршайықов

Көшеде көлденең тұра қылып бірінің ернін бірі жұлып жіберердей боп жалмап, жұрт көзінше сүйісіп жатқан қыз бен жігітте ар да, ұят та болмайды. Ондай әдеттен без, ондай құрбыдан аулақ бол.

Әзілхан Нұршайықов

Атың жақсы болса,
Ер жігіттің пырағы,
Балаң жақсы болса,
Жан мен тәннің шырағы.
Қызың жақсы болса,
Жайқалып өскен құрағы.
Әйелің жақсы болса,
Бірінші - иманың,
Екінші - жиғаның,
Үшінші - ырысыңның тұрағы.

Төле би

Қызы анадан үйренбей өнеге алмас,
Ұл атадан үйренбей сапар шекпес.

Қорқыт Ата

Қазақ қызы ұзатылғанша негізінде екі-ақ түрлі жұмыс істейді: көлден су әкеледі, шай құяды. Жұмыстың басқа түріне қайын ененің қолында жаттығады.

Ғабит Мүсірепов

Адамның көңілін жеңілдетер, жанын жібітер махаббаттан артық күш жоқ. Қызды сүйген жігіт қандай азапқа болса да көнуге бар, ал баласын жақсы көрген ана баласы үшін жан қиюдан тайынбайды. Бұл – табиғат заңы. Махаббатты осындай құдіретті етіп, дүниедегі ең ұлы күш – жаратылыстың өзі жаратқан. Сондықтан да, махаббаттың алдында кім болса да әлсіз, амалсыз.

Ілияс Есенберлин

Қызда қылық болмаса,
Құр шырайдан не пайда.
Ерге дәулет бітпесе,
Шүлдіреген қызыл тілден не пайда.

Бұқар жырау Қалқаманұлы

Түйе мойнын тұз кесер, жігіт мойнын қыз кесер.

Сарыұлы Ақтамберді

Жер жұмағы — ен дала, ел сұлуы — қыз бала.

Бернияз Күлеев

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
1. Дәстүріміздегі отбасын құруға дайындық	5
2. Қазақ халқының дәстүріндегі құрсақ тәрбиесі	8
3. Отбасында балаға ат қою дәстүрлерінің тәрбиелік мәні	15
4. Қазақ отбасындағы қыз балаларға сырға тағу дәстүрі	19
5. Отбасында қызды оң босағаға шығару дәстүрі	23
6. Бастанғы - жастардың бас қосу дәстүрі	27
7. Отбасындағы қыз балаларына құрмет көрсету дәстүрі	34
8. Ерлі-зайыптылардың отбасылық міндеттері	38
9. Қыз бала тәрбиесіндегі әкенің алатын орны	43
10. Қыз бала тәрбиесіндегі ананың рөлі	46
11. Қазақ отбасындағы қонақ күту дәстүрі	54
12. Қазақ халқының отбасы тәрбиесіндегі ұрпақтар сабақтастығы дәстүрлері	63
13. Отбасында салауаттылықты қалыптастыру дәстүрлері	70
14. Қазақтың қыз ұзату дәстүрі	74
15. Бүгінгі қыз бала тәрбиесін ұлттық бағытта жетілдірудің мүмкіндіктері	78
ҚОРЫТЫНДЫ	83
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ..	85
ҚОСЫМШАЛАР	88

ӘТЕМОВА Қ.Т., СӘРСЕНОВА Ж.Ұ.

**ОТБАСЫ
САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІНІҢ
ҚЫЗ ТӘРБИЕСІНДЕГІ
РӨЛІ**

Оқу құралы

Басуға 20.08.2018 жылы қол қойылды. Қаріп түрі «Times New Roman»
Көлемі 6 шартты баспа табақ. Таралымы 100 дана. «Әлем» баспаханасы.
Тапсырыс №2008. Шымкент қаласы, Ғ.Іляев көшесі, №7

+ 7 702 331 44 37; +7 776 331 44 37;